ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

КИСИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

*2004 жылдан бастап әр тоқсан сайын жарық көреді*

Бас редактор
**Ерлан ҚАРИН**,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры

**Шығаруға жауапты:**
*А. Арзықұлов*
*Г. Сейтахметова*
*С. Құрманғалиева*

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 ж. 19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы № 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды көшіріп басқан, микрофильмдеген жағдайда журналға сілтеме жасалынуы міндетті. Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«КРОИВА» ҚБ баспаханасында басылып шығарылды.
050010, Алматы қ.,
Ш. Уәлиханов көш., 115.

Таралымы 500 дана.

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ

**Ғани Қарасаев**
Қазақ хандарының қызметтері XIX ғасырдағы Ресей зерттеушілері еңбектерінде.......................5

**Қанат Еңсенов**
Қазақ хандығында патриотизм рухын қалыптастырудағы жыраулардың рөлі...............13

**Дәуітхан Рахымқұлов**
Тәжі сұлтан Ханқожаұлы – Тау-Жалайыр болысының биі ................................................ ..18

**Алмас Арзықұлов**
Қазақ хандығы мен Орыс патшалығы арасындағы алғашқы қатынастар.................... ..35

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

**Лазат Нұрсұлтанова**
Қазіргі кезендегі Қазақстан мен Франция қарым-қатынастары ......................................... ..45

**Жанар Медеубаева, Элмира Әділ**
Терроризммен күрес
Шанхай ынтымақтастығы ұйымы қызметінің басым бағыты ретінде ..................................... ..58

## ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҮРДІСТЕР

**Леся Қаратаева**
«Мәңгілік Ел» идеясын ақпараттық кеңістікте жылжыту... ....................................................... ..72

**Серік Нұрмұратов**
Жалпыұлттық құндылықтар мен модернизациялық үдерістер.............................77

ҚОҒАМ және ДӘУІР
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

КИСИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

МАЗМҰНЫ

**ЭКОНОМИКА**

**Дәрия Мұхамеджанова**
Ел экономикасын реформалау:
индустриаландыру және экономикалық өсім....83

**ТАРИХ, ҚОҒАМ, МӘДЕНИЕТ**

**Гүлнар Адаева**
Қазақ қыздарының бейнесі:
тарихи-мәдениеттанулық
талдау...............................................................88

**Қажымұрат Төлегенұлы**
Үндістандағы индуистер мен мұсылмандар
арасындағы қайшылықтардың теориялық
аспектілері.........................................................98

**РЕЦЕНЗИЯ**

**Мұрат Лаумулин**
Путиннің Үлкен стратегиясы және оның
сыншылары......................................................105

**ТҮЙІНДЕМЕ**....................................................114

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

| | | |
|---|---|---|
| Ерлан ҚАРИН | – | редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Рахман АЛШАНОВ | – | «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор |
| Мәулен ӘШІМБАЕВ | – | ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Камал БҰРХАНОВ | – | ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор |
| Қазбек ИСАЕВ | – | ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты |
| Санат КӨШКІМБАЕВ | – | ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы |
| Бағлан МАЙЛЫБАЕВ | – | ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы |
| Ләйлә МҰЗАПАРОВА | – | ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты |
| Үлес НЫСАНБЕК | – | ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты |
| Марат ШАЙХУТДИНОВ | – | Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Зарема ШӘУКЕНОВА | – | ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті |

# РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ


| | | |
|---|---|---|
| Ерлан КАРИН | – | председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук |
| Рахман АЛШАНОВ | – | президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор |
| Казбек ИСАЕВ | – | ученый секретарь КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук |
| Санат КУШКУМБАЕВ | – | заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук |
| Баглан МАЙЛЫБАЕВ | – | заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук |
| Лейла МУЗАПАРОВА | – | первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Улес НЫСАНБЕК | – | заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Марат ШАЙХУТДИНОВ | – | заместитель Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор |
| Зарема ШАУКЕНОВА | – | директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК |

# Қазақ хандарының қызметтері XIX ғасырдағы Ресей зерттеушілері еңбектерінде

**Ғани ҚАРАСАЕВ,**
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ елінің тарихында үлкен дәуірді құрайтын Қазақ хандығына қатысты осы мемлекеттің негізі құрылған уақытынан бүгінгі күнге дейін жеткілікті тұрғыда ғылыми зерттеулер арналғандығы белгілі. Олардың қатарында батыс, шығыс, Ресей, Қытай және де отандық зерттеушілердің еңбектері бар. Шығармалардың басым бөлігінде Қазақ хандығының Орта Азия хандықтары арасындағы алған орнына, аймақтағы саяси, экономикалық құбылыстарға, өзара сауда, мәдени және т.б. байланыстарға тигізген әсеріне талдау жасалған. Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саясатын баяндайтын деректер құндылығымен ерекшеленеді. Шығармалардың келесі топтарында мемлекеттіліктің қалыптасып, өркендеуі кезеңдеріндегі өз халқының ұйытқылары бола білген қазақ хандарына сипаттамалар берілген, олардың қызметтерінің маңыздары айқындалған.

Орта ғасырдағы қазақ мемлекеттігінің құрылып, өркендеуінің, соның ішінде белгілі қазақ хандарының қызметтерінің тарихымен XIX ғасырдың басындағы белгілі орыс зерттеушісі Г. Спасский жүйелі түрде айналысты. Мәселен, XIX ғасырдың басында өзі шығарып келген «Сибирский Вестник» журналында ол Абылайдың хан болып сайлануынан алғашқылардың бірі болып қызықты

деректер келтірген [1]. Оның баяндауынша: «1779 жылы Абылай сұлтан Ресей жағынан Орта орданың нағыз ханы ретінде танылды. Сондықтан 40 әскери шенеунік пен аудармашыдан тұратын патша әкімшілігі құрмет белгілерін тапсыру үшін Абылайды Әулие Петр қамалына шақырады. Бірақ Абылай бұған дейін қырғыздардан қолдау алып, хан болып сайланғандықтан және хан ретінде Қытай сарайының өкілі арқылы бекітілгендіктен, Әулие Петр қамалына барудан бас тартты.

Қырғыздардың Абылайды хан сайлау рәсімі ерекше қызығушылық тудырады. Аталған шара әр болыстықтардан шақырылған сұлтандар мен старшындардың, сонымен қатар аса мол жиналған қарапайым халықтың қатысуымен өткізілді. Кілемдер мен киіздер жайылып, оларға қатысушылар дәрежесі мен беделіне қарай үш-төрт қатардан отырды. Осы жиналғандардың ортасындағы жұқа ақ киізге Абылай жайғасқанда, барлығы оның ержүректігі мен білгірлігін, 1755 жылғы қытайлардың қалмақтарды Жоңғариядан ығыстыруына ықпал етуін, кейін 1771 жылғы Ресейден қашқан қалмақтарды талқандағандығын және олардың көпшілігін тұтқынға алғандығын баяндай жөнелді.

Абылайды хан етіп сайлау туралы шешім жариялағаннан кейін, әйгілі старшындардың төртеуі орындарынан тұрып, оны бастарынан жоғары көтеріп, орнына қайтадан отырғызды. Жиынға қатысушылардың барлығы осыны қайталады; оның (Абылайдың – Ғ.Қ.) үстіндегі бағалы киімдерін шешіп, ұсақ етіп жыртып, өзара бөліп алды. Соңында үлкен қалайы табақтарға ұсақ бөлшектенген ет тартылды. Абылай кейбіреулерінің аузына алақанымен ет асатты, одан кейін барлығына қымыз берілді. Осындай салт қырғыздар арасында басқа да хандар мен сұлтандарды сайлағанда да байқалады.

Абылай хан болып сайланғаннан кейін Үлкен орданың бұрынғы ханы Барақ ханның баласы Дайыр сұлтан 1781 жылдың 21 маусымында Орынбор губернаторына Абылайдың хандық дәрежеге адал жолмен келмегендігі, бұл лауазымның өзіне лайық екендігі туралы хат жазып, әкесінің әйгілі тектен, атап айтқанда, Тұрсынханнан, ол барлық қырғыздарды және Ташкентті билеген Шығайдан, ол әрқашан Ресейге адал болып келген Барақтан тарайтындығын көрсеткен. Алайда оның бұл өтініші Абылайдың бүкіл Орта орда тарапынан хан болып сайланғандығынан орындалмайтындығы мәлімденді» [1,116-119].

Яғни бұл сипаттамадан қазақ тарихындағы сынды кезең болған XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Абылайдың елді біріктірудегі қызметі мен оның халық қолдауына ие болғандығын білуге болады. Абылайдың сол кездегі ықпалды Ресей және Цинь империяларымен өзіндік дербес саясат ұстағандығы паш етіледі.

Осы жазбада зерттеуші XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы Тәуке ханның билігі кезіндегі ел ішіндегі байқала бастаған жікке бөлінушілікті болдырмау жолындағы атқарылған шаралардың бастысы – «Жеті жарғы» заңдар жинағының қабылдануының маңызын айқындап, тұңғыш рет оның баптарынан мысалдар келтірген. Аталған заңдар жинағын жасауға қатысқан қазақ билерінің есімдерін жеткізген. Осы арқылы Ресей және Батыс елдеріне Қазақ хандығының жан-жақты дамуға жол ашқан мықты мемлекет болғандығын дәлелдеген. Қазақ хандығының билеушісі Тәукенің қазақ қоғамын біріктіріп, бір орталыққа бағындыру қызметіне оңды баға берген. Г. Спасскийдің баяндауынша: «...Қырғыз халқы Тәуке сұлтанды хандары ретінде мойындап, қырғыздардың Үлкен орда, Орта орда, Кіші ордалары өздерінің бас билерін: Үлкен ордада Төле биді, Орта ордада Қазбек биді және Кіші ордада Әйтеке биді сайлады (Тәуке – Ғ.Қ.). Қырғыздар арасындағы үнемі орын алып келе жатқан дауларды болдырмау мақсатында (бұрын да қырғыздарда болған) осы аталған билермен төмендегі ережелерді бекітті (онда көрсетілгеніндей – Ғ.Қ.):

«Егер де кімде-кім адамды өлтіретін болса, қанға қанмен өш алынады немесе өлтірушінің барлық туыстары 200 жылқыдан құн төлейді.

Ер адамның денесіне қамшымен, таяқпен және т.б. нұқсан келтірсе немесе жара түсірсе, өзара келісім бойынша малмен айып төлейді немесе қамшымен сабауға, жара салу арқылы осындай жазамен жауап беріледі, ал егер малмен құн төлейтін болса, кісі өлтірушінің барлық туыстары осы төлемге қатысатын болады.

Егер де әйел жынысты адамды қорласа немесе күшпен онымен қатынас жасайтын болса (блудодеяние), ол адам өлтіріледі немесе қорлық жасағандығы үшін 200 бас жылқы құн төлейтін болады.

Кімде-кім түйе ұрлап, ұрлығы ашылатын болса, ұрланған түйе үштен үш рет есептегенде тоғыз түйе және бір қызметшісімен қайтарылатын болады. Одан көп ұрланатын болса да осылай есептеледі.

Жылқы ұрлағандығы үшін де үштен тоғызға дейін жылқы және бір түйе төлейтін болады. Егер де одан көп ұрланатын болса, жоғарыдағыдай есеппен төленеді.

Ірі қара мал ұрлағаны үшін үштен үш рет тоғыз бас және бір түйемен қайтарылатын болады.

Ұсақ малды ұрлағаны үшін де осындай талап бойынша айып төленіп, қосымша бір жылқы берілетін болады.

...Түйе немесе жылқы ұрлағандар өз кінәсін мойындағанда немесе бұл ұрлық төрт куә арқылы ашылғанда басқаларға қорқыныш әкелу үшін өлтірілетін болады.

...Тәуке ханның кезінде аталған ереже ешқандай да бұзылмастан барынша әділдікпен орындалды және халық арасында тыныштық орнады» [1, 129, 131-132].

XIX ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақ даласындағы ресейлік өндіріс орындарының тарихымен айналысқан Г. Шангин де өзінің жазбаларында жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығынан молынан мысалдар келтірген. Олардың арасындағы әлеуметтік, құқықтық байланыстың орнын бағалаған. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесінің тиімді жақтарын саралап, қазақ хандарының халқымыздың тарихындағы өзіндік орнына сипаттама берген, сондай-ақ Қазақ хандығының әлсіреуінің себептерін көрсеткен. «Осыдан отыз бес жыл бұрын, – деп жазады Г. Шангин, – хандар қырғыздарды ауызша болғанымен де, әділ заңдары арқылы жеке басқарды. Ол кезде әркімнің өз қажеттеріне жеткілікті, ешкімге тәуелсіз мүліктері болды, болымсыз ұрлық, аздаған теріс әрекеттері үшін өлім жазасына кесілді» [2, 84-85,87].

Г. Шангиннің одан ары баяндауынша: «...Хандар қылмысқа қарсы заңдылықты қаталдықпен орындата алмады. Олардың өздері сияқты қырғыздар үшін де заңның орындалмауы белең алды. Хандар биліктерінен айырыла бастады.

...Қырғыздар осы күнге дейін өткен хандарын аса құрмет тұтады. Олардың хандарының, тағы да басқа билеушілерінің тарихы біздер үшін аса бағалы және үлгі боларлық» [2, 113].

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның шығысы, Алтай аймағының байырғы халықтарының тарихына көптеген шығармалар арнаған Б. Герасимов нақты деректерге сүйене отырып, қазақ хандары мен батырларының қызметтерін саралаған, олардың елі үшін атқарған істерін сол тұстағы Ресей қоға-

мына таныстырған. Мысалы, Б. Герасимовтың тұжырымынша: «...қырғыздар және рухани жағынан да күшті халық. Қасымхан – қазақ халқын біріктіруші. ...Сырым батыр халқы арасында кеңінен танымал болған. Сондықтан да ол қырғыз батырының атағын алуға лайық. Сырым патша билігіне қарсы батыл күрескен.

...Орта жүздің ханы – Абылай ерекше тұлға болып табылады. Ол көршілері Ресей, Қытай, Жоңғариямен көреген саясат жүргізді. Абылай өз қызметінде тәуелсіздік әрекет жасап, оның барлық мақсаты қырғыз халқының саяси тәуелсіздігін қамтамасыз ету болды.

Абылай ешқандай күдіксіз ірі мемлекеттік және саяси қайраткер, үлкен саясаткер болды. Ол қазақ даласында зор беделге ие болды.

...Сұлтан Кенесары Қасымов. Ол Ресейдің отарында болған қырғыз (қазақ – Ғ.Қ.) халқына бұрынғы саяси бостандығын, өткендегі ұлылығы мен тәуелсіздігін қайтарып беруді мақсат етті.

...Кенесары Қасымов көтерілісі мақсатсыз бүлік болып есептелмейді, керісінше оның алдына өз халқын тәуелсіздіктен құтқару жолындағы жалынды саяси игі әрекет болып табылады.

...Ол өз халқының лайықты саяси болашағын ойлаған, сол кездегі осы әділетті қозғалысты бастаушы, үлкен ақыл иесі еді» [3].

XIX ғасырдың соңындағы белгілі ресейлік өлкетанушы Н.Я. Коншин Қазақстанның шығысы – Алтай өңірлерінің тарихын мүмкіндігінше молынан зерттеді. Оның шығармаларының негізгі мазмұны өлкені ресейлік отарлау, оның қазақ халқына әкелген зардаптарын айқындауға арналды. Аталған аймақтағы қазақ-орыс қатынастары, шаруашылық, әлеуметтік мәселелер оның жазбаларында кеңінен қарастырылды. Осы өңірдегі қалалардың шығу тарихын сараптады. Н.Я. Коншин сол кездегі патшалық империя тарапынан насихаттауға тыйым салынғанына қарамастан, Кенесары қозғалысына тарихи шындық тұрғысында баға берді, оның маңызын көрсетті. Н.Я. Коншин орыс тарихшыларының алғашқылары ретінде Кенесарының қайраткерлік, қолбасшылық тұлғасын сомдады. Зерттеушінің: «Ол жеке басында асқан батыл, ерік жігерлі, сонымен бірге ерекше тапқыр саясаткер болды. Қазақтар арасында оны құрметпен хан деп есептеді, ал 1844 жылы оның осы атағын бүкіл Түркістан билеушілері мойындады. Кенесарының жақтастары барлық жүзде өте көп еді, сондықтан

да ол орыстармен нәтижелі партизандық соғыс жүргізген, өзінің ұсталмайтын отрядтарын шеберлікпен құра білді.

...Кенесары сенімді адамдарын өзіне қосылуға арналған үндеу, арнайы шақыру, азық-түлік және салық жинау мақсатымен жан-жаққа аттандырды. Үндеуде қазақтарды өздерінің ханы Кенесары жағына шығу, орыс үкіметіне бағынбау, көшпелі тұрмысты тастамау, тағы да басқа мәселелер қаралды. ...Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің бағасын айтып жеткізу қиын» [4, 9-10] деген сипаттамасы Кенесары қозғалысының халықшылдығын паш етеді.

Н.Я. Коншиннің: «1847 жылы Кенесары Қасымов қайтыс болғаннан кейін Қарқаралы, Аягөз округтерінде толқу басылды. Ол өзге көсемдерге қарағанда, барлық жағынан ерекше артық тұрған жан еді. ...Олардың барлығы қырғыздық рулық қатынастардан ары шыға алмады, тек Кенесары Қасымов қана өзін барлық қырғыздарды русыз, ордасыз бір саяси одаққа бағындырғысы келген нағыз қырғыз батыры ретінде көрсете білді. Ол қайтыс болғаннан кейін орыс үкіметінің қырғыз даласындағы билігі кеңейе түсті. Одан кейінгі он жылға таяу уақыт ішінде сұлтандар билігін жойып, қырғыздар арасында 1822 жылғы ережесінен басқа өзге мақсаттағы «ережені» қабылдауға мүмкіндік алды» [5] деген қорытындысынан Ресей империясының қазақ жерін иеленуіне қарсы ұйымдастырылған Кенесары қозғалысының ауқымы мен отарлаушылардың одан алған сабағының молдығы жарияланады. Міне, осылай Н.Я. Коншиннің бұл еңбегі арқылы халқының еркіндікке жетуін мақсатына айналдырған Кенесарының тұлғасының ұлылығы айшықтала түседі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы белгілі тау инженері В.Д. Коцовский Қазақстандағы кен байыту ісіне арналған жазбалармен қатар жергілікті қазақтардың тарихы, тұрмысы, шаруашылығына назар аударған. Қазақ халқының қалыптасуы мен даму тарихын қарастырған. Қазақ хандарының мемлекетті нығайту, халқын біріктіру бағытындағы қызметтеріне талдау жасаған. Осы тұрғыда ол: «Қазақтардың одағын хандар басқарып, олардың арасынан кейде елеулі тұрғыда айырықша қабілеттілері пайда болды, атап айтқанда, олар халықты шеберлікпен басқарған Тәуекел, Тәуке, т.б. Әртүрлі халықтардан құралған қырғыз-қайсақ

ордасы үнемі тонаумен, өзара қақтығыспен және т.б. айналысып, қазіргі жауларына мықты қарсылық көрсете алмады, сондықтан да қуатты көршілерінің ықпалына және билігіне түсіп отырды. Қырғыз-қайсақтар арасындағы бейбітшілік пен тыныштықты қалпына келтірген сұлтан Тәуке еді, алайда ол қайтыс болғаннан кейін Ордада тағы да бүлік басталып, оны көршілері, соның ішінде жоңғарлар пайдаланды» [6, 1-2], – деп көрсетеді.

Зерттеуші XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс қатынастарының мақсатына, барысына сипаттама берген. Тәуке ханнан кейінгі Қазақ хандығында орын алған қарама-қайшылықтардың зардаптарына тоқталған.

«Қырғыз-қайсақ ордасына, – деп жазады В.Д. Коцовский аталған еңбекте – азиялық мемлекеттерге қақпа ретінде қараған Ұлы Петр сол кездің өзінде-ақ, қырғыз даласындағы жағдайларға назар аударып, сол тұстағы Сібір губернаторы князь Гагаринге Ордамен байланыс жасап қана қоймай, күшейе түскен Жоңғар шапқыншылығын тоқтату мақсатында оған көмектесуге бұйрық берді.

Патшаның бұйрығын орындау барысында 1717 жылы қырғыз-қайсақ хандары Тәуке, Қайып және Әбілқайыр князь Гагаринге орыс патшасына бағынатындары туралы мәлімдеді, алайда келесі жылы Тәуке қайтыс болғаннан кейін бұл келісімдер нәтижесіз күйінде қалды. Қайып, сонымен бірге Әбілхайыр да келісімнің жалғастырылуына мүдделі болмады, олар Тәуке қайтыс болғаннан кейін-ақ, төніп келе жатқан қауіпті ойламай, өзара келісімге келе алмады, нәтижесінде олардың арасында өзара бітіспес күрес басталды» [6, 3].

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдағы аталған орыс зерттеушілерінің деректерінде сол кездегі патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарамастан, қазақ мемлекеттігінің тарихына, хандық басқару жүйесіне, белгілі хандардың қызметтеріне нақты баға берілген. Сондықтан да бұл тарихи шығармаларды Қазақстанның Ресей империясы құрамындағы кезеңінің тарихын негіздеудегі құнды мағлұмат көздері деп есептеуге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. //Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским, 1820 год. Часть девятая. «Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды». О чиноначалии и правлении киргиз-кайсаков и о происшедших в их Ордах разных переменах. – Спб., 1820.– С.111-140.
2. //Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским, 1820 год, Часть девятая. Г. Шангин «Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргизской степи в 1816 году». – Спб., 1820, – С. 71-88.
3. ШҚО ММ. 1070-қор, 1-тір, 11-іс, 7-п.
4. Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (с XVIII века до 1917 года) //Наше хозяйство, №1 (14) 1928, 9 б.
5. ШҚО ММ, 32-қор, 1-тір, 19а-іс, 175-п.
6. Отчет по статистико-экономическому и техническому исследованию золотопромышленности Семипалатинской и Семиреченской областей. Часть 1-я., Районы правых притоков р. Иртыша. В.Д. Коцовский, горный инженер. – Спб., 1904, – С. 122.

# Қазақ хандығында патриотизм рухын қалыптастырудағы жыраулардың рөлі

**Қанат ЕҢСЕНОВ,**
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ елінің тарихындағы Қазақ хандығы дәуірінде ел басқару ісіне араласқан жыраулардың рөлі өте зор. Өйткені қазақ халқы елдікті сақтау жолында жан-жақтан төнген қауіп-қатерге, басқыншылық жорықтарға қарсы тұра білді. Қазақ хандығы дербес өмір сүрген уақытта халықтың рухы асқақ, мәртебесі биік және салт-дәстүрлерін жақсы ұстанған ел болатын. Халықты басқарған хандар, дау шешкен билер, ақылман жыраулар, қол бастаған батырлардың да ортақ мақсаты – «Отан», «Туған жер», «Елдікті сақтау» және халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру мәселелерін басты назарда ұстады. Қазақ хандығы дәуірінде өздерінің ақылмандығы, жыраулығымен ерекше дараланғандардың арасында Бұқар және Ақтамберді жыраулар болды. Дала даналары бүкіл елді бірлікке шақырып, елдікті сақтау жолында күреске жұмылдырды.

Қазақ Ордасы XVII ғасырда тартыстардың күшеюінен әлеуметтік-саяси ауыр жағдайға тап келді. Қазақ елі тұтас мемлекеттілігінен, тәуелсіздігінен айырылудың аз-ақ алдында болды. Үш жүздің әрқайсында бірте-бірте дербес (орталыққа бағынбайтын) хандар шыға бастады; жіктелу, бөліну басталды, бұқара халық ауыр күйзеліске түсті. Орталық хан үкіметінің беделін көтеруге және оған үш жүздің руларын бағындыруға бағытталған шаралар қолдану керек болды. Осыған байланысты қазақ

хандарының ішіндегі бас көтерері Тәуке хан (1680–1718 жж. билік құрған) үш жүздің билерінің (Төле би, Қазыбек, Әйтеке би) басын қосып, «Жеті жарғыны» жариялады. Бұл заң бойынша мемлекет құрылымының негізгі принциптері белгіленді.

Қазақ Ордасының барған сайын бөлшектене түсуі сыртқы агрессияға (Жоңғар шапқыншылығына) тойтарыс беруде халық күшін біріктіруге негізгі кедергі болды. Қазақ халқының құрып кету қаупі туды. Қазақ жерін жаулап алуды, Қазақ хандығын құртуды көздеген Жоңғар хандығы мен Маньчжур-Қытай империясына қарсы күресте үш жүздің басын қосып, күшін біріктіруде аса зор рөл атқарған Абылай хан хандықтың сыртқы саясатын көрегендікпен жаңаша шешті. Ол көршілес екі мемлекет (Ресей, Қытай) арасында одақтық саясатты өзіне ұтымды әдіспен батыл жүргізді. Абылайдың саясатын (ішкі, сыртқы) қолдаған Қазақ хандығының бас идеологі Бұқар жырау (1668–1781 жж.) болды.

Бұқар жырау хан билігінің берік болуы жолында күресуімен қатар Ресеймен жауласпау, онымен тату көршілік сақтау керектігін насихаттады. Бұған қоса, ол – патша үкіметінің түпкілікті мұратын (отарлау саясатын) да болжап айтып кеткен ұлы ойшыл [1].

Қазақ хандығы дәуірінде орта жүз арғындағы төртуыл Қаржас Алтынторыдан шыққан Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау атанған қария тоқсан үш жасында Абылай ханның алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі екен. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен. Абылай жорыққа аттанбақшы болса, Бұқарды алдырып, жұлдызың оң ба деп, Айдың, Күннің сәтін сұрайды. Сәде көріп беріңіз деп сұрайды екен. Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды десе, сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып келеді екен. Жоқ, сары бура келгеннен туыңның түбінде шөгіп, мойнын жерге жабыстырып жатып алды десе, аттанбайды екен [2].

Бұқар жырау елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде, Жоңғар басқыншылығы тұсында өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді.

Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап,

оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады.

Бұқар жырау «Тілек» деп аталған толғауында:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа, - деп
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкіліксіз көйлек кимеске..., -

деп жырлайды. Қазақ даласында бейбіт өмір болуы үшін, Бұқардың айтуынша, халық пен ел билеген хандардың келісімі мен ел бірлігі қажет.

Жырау ел тыныштығының қымбат екендігін, көрші елдермен достық қарым-қатынаста болуды, ханды хандықтың және халықтың мүддесіне қайшы келетін жағымсыз іс-әрекеттерден сақтандырып, былай деген екен:

Жан біткен еріп соңынан
Он сан алаш баласын,
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып тағы ергізіп...
Жұмсап бір тұрсаң қолыңнан.

Абылай ханның ел бірлігін сақтауға, көрші елдермен қарым-қатынас жасаудағы рөліне оң бағасын береді.

Ру арасындағы тартыс жағдайында Бұқар жырау адамдарды біріктіруге, ынтымақтыққа шақырудан шаршамайды, «бұрынғы өшпенділікті ұмытып, адамдар өзара достасудың» қажеттігін, «жау әр уақытта да бізді айналып өтсін», «сіздер бір туған анадан қандас бауырларсыңдар», – деп, руларға, тайпаларға ықпал етуге ұмтылды [3].

Бұқар жырау Абылай ханның саясатына, оның қазақ рулары мен көрші елдермен қарым-қатынасына еркін араласа білді. Ол Абылай туралы өлеңдерінде, ең алдымен, оның жауларымен қарсы күрестегі ерлік істерін дәріптейді.

Қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген атақты жыраулардың бірі – Ақтамберді Сарыұлы (1675–1768 жж.). Ақтамберді жырау

– қолбасы, қазақтың жыраулық мектебінің белді өкілі, мәмілегер. «Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке» дегеніне қарағанда, күреске ерте араласқан жауынгер жырау санатына жатады. Тұрмыстың қыр-сырын, отбасы, елдік, ерлік, жер мәселелерін жырларында жақсы бейнелеген. Қысқа нақыл, шешен сөздердің шебері. 1742 жылы орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналысында өкіл болды. 1738–1752 жылдары қазақ-қалмақтың қанды қақтығыстарының барлығына дерлік қатысқан. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасының зұлмат қан кешуін бастан өткерген. Ес білгеннен бастап 70 жыл бойы ат үстінен түспей, елі мен жерін қорғаған қас батыр, айтулы шешен, қабырғалы би, атақты жырау. Қазақ жауынгерлерінің азаттық, құлдық жөніндегі түсініктері, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі, адалдық-жауыздық, қиянат, әділетсіздік хақындағы таным-түсініктері Ақтамберді талғамынан өтіп, жыр-толғауға айналған.

Ақтамберді өз ғұмырнамасын толғауларына көркемдік қуаты зор, келісті нақыштармен түсірген. Шығармалары зиялы зергердің қолтаңбасын танытады. Әлі де қолға түспеген толғаулары ел аузында сақталуы ықтимал. Қазіргі уақытта бірқатар өлең-жырлары жарияланды. Ақтамбердінің «Балаларыма өсиет» деп аталатын толғауы соңғы туындылардың бірі болса керек. Жырау балаларын тірліктегі бірлікке, талап мұратқа, татулыққа үйретеді. Жас ұрпақтың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы елді мақсатына жеткізерін ескертеді. Халықты алауыз мінезден сақтандырады [4].

Ақтамберді жырларындағы негізгі сарын – ерлікке үндеу, жауға қарсы күреске жігерлендіру. Ол жау табанында қалған жерлерді азат етуді аңсайды, бүкіл қазақ болып бірігіп атқа қонуды, жоңғарларға күйрете соққы беруді армандайды. «Балпаң-балпаң кім баспас», «Жауға шаптым», «От басар орны отаудай» секілді біраз жырларында жұртшылықты ата жаумен шайқасқа шақырады. Ел қорғау жолында өлген ерде арман жоқ деп біледі.

Жауды шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айқайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртымды қорғайлап..., -

деп келетін жалынды жырлары бар.

Ол – суырыпсалма сөз өнерінің жетік өкілі. Шығармалары табан асты шығарылып, ауызекі таралып, ел есінде сақталу арқылы

жеткендердің бірі. Халық оны жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, өзінің өжет те өткір сөздерімен қауымға әсері күшті болған жалынды жырау деп санайды.

XVIII ғасырдағы ауызекі тарихи дәстүр түрлерінің бірі – сол кездегі әйгілі жыраулар айтқан қазақ толғаулары. XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары Ақтамберді жырау, Тәттіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Шал ақын – қазақ халқының ерлік кезеңінің өкілдері болды және өз шығармаларымен көшпелі қоғамның әлеуметтік идеологиясының қалыптасуына ықпал етті.

Халыққа олар ерекше тұлғалар болып көрінді, бұл шын мәнінде солай еді, өйткені жыраулар көреген деп есептелді, олардың айтқаны кейде хан билігінен де жоғары тұрды. Олардың шығармаларында ғасырдың аса маңызды оқиғалары сөз етілді, аңызға айналған тұлғалар, әскербасылар және басқалар туралы айтылды. Жалпы, халықты бірлікке шақырып, рухының аса күшті болуына жағдай жасады.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 64-б.
2. Көпеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1992. – 114-б.
3. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 420 б.
4. Күмісбаев Ө., Хасенов Ә. Ақтамберді / «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 211-б.
5. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. / Хрестоматия. Құрастырған: М. Мағауин / –Алматы, Ана тілі, 1993. – 520 бет.

# Тәжі сұлтан Ханқожаұлы – Тау-Жалайыр болысының биі

**Дәуітхан РАХЫМҚҰЛОВ,**
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Жетісу өлкесінің тарих сахнасында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өздерінің алғырлығымен, заң-жораны білетіндігімен, қауым алдында шешендік қабілетін таныта алған және ел-жұрт арасында беделі мен ықпалы зор талай сұлтан-төрелер мен болыс-билердің өткені тарихтан белгілі. Сондай өз заманының беделді тұлғаларының бірі – он екі ата Жалайыр руының биі, Абылай ханның тікелей ұрпағы – Тәжі сұлтан Ханқожаұлы.

Тәжі Ханқожаұлы шамамен 1833 жылы Жетісу өлкесінің Қапал аймағындағы Лабасы тауының етегінде қалың қоныс тепкен Ханқожа Сығайұлының отбасында (қазіргі Алматы облысының Көксу ауданындағы Жамбыл елді мекенінде) дүниеге келген. Оның ата-бабалары ескі сұлтандар әулетінен шыққан. Тәжі төре қазақ ханы Абылайдың кенже ұлдарының бірі Сығай сұлтанның немересі болып табылады. Белгілі ғалым Шоқан Уәлихановтың мәліметі бойынша Абылай ханның қалмақ әйелі Тоқта ханымнан Сығай, Тағай және Сүйік есімді үш ұл дүниеге келген екен. Ел аузындағы аңызға қарағанда, 1779 жылы шамасы Жалайырлар Абылайханнан баласы Сүйік сұлтанды сұрап, өздеріне төре етіп әкеткен. Сол кезде хан онымен бір анадан туған ағалары Сығай мен Тағайды қосып беріпті [1, 204-б.]. Сөйтіп, Абылай ханның рұқсатымен оның аталған үш ұлы бірдей Жетісу өлкесінде қалың қоныстанған Жалайыр руының ортасына келіп тұрақтайды. Осылай Сығай, Тағай және Сүйік есімді жас төрелердің жаңа ортадағы сұлтандық өмірлері басталады.

Уақыт өте келе, олар тез есейіп, Жалайыр руының ішкі мәселелеріне араласатындай жасқа жетеді.

Араларында үлкені саналған Сығай сұлтан бір кездері Орта жүз жеріндегі руларға төрелік етіп, әкесі Абылай секілді көрші елдермен сауда және саяси байланыс орнатуға ықпал еткен. Қытай дерегіне қарағанда, 1782 жылы ағасы Уәли ханның жіберуімен Сығай сұлтан бастаған тоғыз адамнан құралған елшілік Қытайға барып қайтқан. Сонда патша оған асыл тас тағылған қос көзді хуалинді сыйға тартыпты. Ол кезде Сығай сұлтанның қарамағында қоныраттарғын рулары болған екен [2, 259-б.]. Бірақ шамамен XIX ғасырдың басында Сығай сұлтан туған бауырлары қоныс тепкен Жетісу өлкесіне қайта оралып, сонда інісі Сүйік сұлтанның билігі жүріп тұрған Жалайыр және Шапырашты руларының басқару ісіне араласып, біртіндеп өзінің ықпалымен бүтін бір Шапырашты руын басқаруға қол жеткізеді. 1825 жылғы мұрағат тізімінде Сүйік сұлтан тұтас Жалайыр руын басқарады делінген, оған қоса Шапырашты руы да оның ықпалында болған, бірақ оны оның бауырлары Сығай мен баласы Ақан Сығайұлы және баласы Жанғазы сұлтандар басқарады деп көрсетілген [3, 224-б.]. Екі үлкен бауыры – алдымен Тағай, сосын Сығай (1840 жылдың аяғында) қайтыс болғанда, Сүйік сұлтан Жалайыр және Шапырашты руларының ішіндегі ең үлкені әрі бас төреге айналады.

Мұрағат құжаттары мен ауызша деректерден Сығай сұлтанның Ақан, Ханқожа және Байғара есімді балалары болғандығы анықталып отыр. 1804 жылы дүниеге келген Ақан сұлтан ержете салысымен, әкесінің жанында жүріп, ел билеу ісіне қатысады. Ол алдымен Шапырашты руының басқару ісіне араласқан болса, кейін әкесінің жолымен Орта жүз жеріндегі округтік басқару тәртібіне бағынған болыстық қызметтерде жұмыс істейді. Көп ұзамай Жетісудың Қаратал өңіріне қайта оралып, қалған өмірін Жалайыр руының арасында өткізеді. Ал бұл кезеңде Ханқожаның Тәжі есімді баласы да ержетіп қалған еді. Оның ел билеу ісіне араласа бастаған кезі патшалық Ресейдің Жетісудағы отарлау саясатымен сәйкес келеді. Деректерге қарағанда, Тәжінің әкесі Ханқожа сұлтан көкесі Сүйік сұлтан секілді тұтас Жалайыр руына билігін жүргізе алмағанымен, сол рудың ішіндегі Қарашапан аталатын үлкен буынына төрелік жасағанға ұқсайды. Өйткені 1848 жылғы ресми бір құжатта Ханқожа Сығайұлы өзінің төлеңгіттерімен бірге қосып санағанда,

шамамен 207 түтіннен құралған Қарашапан руының сұлтаны ретінде көрсетілген еді, бұл оның осы руға билігін жүргізгендігін білдірсе керек. Сондай-ақ осы кезеңге қатысты деректе Ханқожа сұлтан қоластындағы Қарашапан руының қазақтарымен бірге тұрақты түрде Сарыбұлақ бастауынан бастап, оның Үшалмалы аталатын шоқысы мен Қаратал өзеніне дейінгі жерлерде қыстаған деп жазылған [4, 116-арт.п.]. Уақыт өте келе, Тәжі сұлтан әкесі Ханқожа секілді өзінің билік айту қабілетімен Қарашапан руының арасында беделге ие болып, олардың сеніміне іліне бастайды.

Ханқожаның отбасында Тәжімен бірге оған аттастырып қойған Әжі есімді тағы бір ұлы болған, бірақ ол бауыры Тәжі сияқты Жалайыр руының әлеуметтік-шаруашылық мәселелеріне мүлдем араласпағандығы аңғарылады. Себебі, мұрағат деректерінде Әжі сұлтанның есімі кездеспейді, соған қарағанда, ол әкімшілік істерге араласпай, кейбір қатардағы қарапайым төрелер секілді күн кешкенге ұқсайды. Әжі сұлтанның ағасы Тәжі төренің есімі Жетісу өлкесінің қоғамдық-саяси өмірінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жиі кездесе бастайды. Тәжі Ханқожаұлы Ұлы жүз руларының ішіндегі беделді он екі ата Жалайыр елінің құрамындағы Қарашапан тармағының халқы мойындаған биі әрі атасы Сығай төреден бері жалғасын тапқан сұлтандар әулетінің жарқын өкілі болып табылады.

Тәжі төре туралы дәйекті деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы «Алатау округі және Үлкен Орда қазақтарының бастығы» атты № 3 және «Жетісу облыстық басқармасы» атты № 44 қорда кездеседі, ал Тәжінің атасы Сығай сұлтан жөніндегі құжат соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ресей мұрағаттарынан әкелінген «Шетел мұрағаттарынан келіп түскен Қазақстан тарихы туралы құжаттардың көшірмелік коллекциясы» деп аталатын № 2300 қордан табылып отыр. Аталған қорлардан алынған деректердің барлығы дерлік осы ғылыми зерттеумізге негіз болып, ғылыми айналымға алғаш рет беріліп отыр.

Мұрағат құжаттарында Тәжі Ханқожаұлының есімі тура 1860 жылдардан бастап атала бастайды және онда оны Жалайырдың Қарашапан руының биі деп ресми түрде көрсетеді [5, 47-48-пп.]. Соған қарағанда, Тәжі сұлтан осы кезеңнен бастап Жалайыр руының әлеуметтік-саяси жағдайына белсенді түрде араласа бастаған. Ол замандағы билер руаралық және ру арасында туындаған жер, құн,

жесір және басқа да күрделі дау-шарларға қатысып, оларды шешуге міндетті болған. Осылай Қарашапан руының атынан Тәжі би де осындай дау-дамайларда билік айтып, көппен бірге әділ шешім шығарып отырған.

Билік айтумен қатар Тәжі төре өлкедегі әскери қақтығыстарға да қатысқан. 1863 жылдың 1, 18 және 22 маусым күндері Жетісу жері үшін орыс-қытай отрядтарының арасында Қорғас өзенінің бойында қарулы әскери қақтығыс орын алады. Осы кезде патша өкіметі өз отарын Қытай басқыншыларынан қорғау үшін Жетісу өлкесінде әскери дайындықпен жылдам Құсмұрын, Кеген және Айдарлықұм отрядтарын жасақтайды. Бұл отрядтардың құрамына әртүрлі болыстықтардан қазақ жасақтары да алынды. Мәселен:

- Жалайыр руынан: би Тәжі сұлтан Ханқожаұлы, сұлтан Найманхан Қамбарұлы, би Құтым Сапақұлы, би Назар Қарымбайұлы;

- Дулат руынан: Ахметжан Дәуітәліұлы, Оразалы Таянұлы, Дәуренбек Сарыұлы, сұлтан Әбіш Ералыұлы, би Дәулетбақ Малдыбайұлы, би Қазыбек Тайтеліұлы;

- Шапырашты руынан: би Шоқан Әлиұлы;

- Ысты руынан: би Қойкелді Жаманкин және т.б. Айдарлықұм отрядының құрамында;

- Албан және Суан руының аға сұлтаны Тезек Нұралыұлы бастаған сұлтан Уәш Хакімбекұлы, сұлтан Әбухан Адамсатұлы, сұлтан Батырхан Тезекұлы, би Жансерке Жайнақұлы, сұлтан Адамсат Ибақұлы және т.б. отыздан астам қазақ жігіттері Құсмұрын және Кеген отрядтарының құрамында жүріп, қытайларға қарсы әскери іс-қимылдарға қатысады. Үзіліспен үш күн өткен бұл қарулы қақтығыстардың бірінде қытай әскерлері Құсмұрын, Кеген және Айдарлықұм қосындарын шабуылдау мақсатымен қарсы қимыл жасаған сәтте, патша отрядының құрамына басқа сұлтан-билермен қатар Тәжі сұлтан кірген қазақ әскери бөлімшелері жауға қарсы батылдықпен және жылдам қатты соққы беріп, оларды сол жерде қиратып, шекарадан ары ығыстырып жіберген болатын. Соғыстан кейін патша өкіметі қазақ бөлімшелеріне «1863 жылдың 1, 18 және 22 маусым күндері Қытай әскерінің басқыншылығына қарсы әскери іс-қимылдар кезінде қазақ жасақтары біздің отрядтардың құрамында жүріп, айырықша батылдықтарымен ерекшеленді» [6, 29-п.] деген баға берді. Осы істе белсенділік танытқан әрбір қазақ билеушілері мен жігіттері-

не патша өкіметі тарапынан түрлі құрмет көрсетіліп, дәреже-атақтарына қарай медальдар мен әскери шендер үлестірілді. Солардың ішіндегі Айдарлықұм отрядының құрамында жүріп, батылдығымен танылған би Тәжі Ханқожаұлы патша әкімшілігімен 1864 жылы 11 желтоқсанда № 2214 бұйрықпен үшінші дәрежелі құрмет кафтанымен марапатталады [6, 66-п.].

Шекарадан Қытай әскерлерін ығыстырып шыққаннан кейін, патшалық Ресей XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасына қарай Жетісу жерінде мекендеген бүкіл Ұлы жүз руларын басқару мақсатында және олардан тұрақты түрде салық жинауды бастау үшін отарлық негіздегі алғашқы әкімшілік-аймақтық бөліністі енгізуді қолға алады. Басқа Ұлы жүздің рулары іспетті Жалайыр елі де патша өкіметінің осы реформасына ілініп, 1865 жылдың қыркүйек-қараша айлары аралығында оларға болыстық басқару жүйесіндегі ұйымдастыру жұмыстары басталады. Патша өкіметінің Жалайыр еліндегі әкімшілік ұйымдастыру жұмыстарына сол рудың беделді әрі ықпалды сұлтандары Сұлтанғазы Жанғазыұлы, Тәжі Ханқожаұлы, Қамбар Аланұлы, Мұхамедше және Жадай Сүйікұлдары; билері Тіленші Балпықұлы, Бөлен Тасыбайұлы, Жайнақ Темірбекұлы, Бек Мәжінұлы, Төреш Бектасұлы, Тілеуберді Ескелдіұлы, Назар Қарымбайұлы, Құтым Сапақұлы; старшындары Байғұтты Есғұттыұлы, Тілеулі Мамырбайұлы, Бисен Табылдыұлы және басқалары белсене атсалысады. Алдымен олар Жалайыр руының өзге Ұлы жүз руларының құрамында шашырап көшіп жүрген кейбір руластарын түтін санымен анықтап алып, олардың бұрынғы шыққан ортасына қарай қайта көшіргеннен кейін, жаңа тәртіппен әкімшілік болыстарды жасақтайды. Мәселен, Жалайырдың үш бірдей – Қарашапан, Орақты және Күшік руларындағы ұйымдастыру жұмыстарын Тәжі сұлтан Байғұтты, Тілеулі және Бисен старшындармен бірге жүргізеді. Тексеру барысында олар Қарашапан ішіндегі Кішкенбай руының 24 түтіні Тезек сұлтанның, басқа 6 түтін қасқараулық Байғазы бидің, Орақты руының 27 түтіні Әли сұлтанның және сол рудағы Нартайлақ пен Байтайлақтың екі түтіні Аягөз округінің болысы Тәнеке Дүйсенұлының құрамындағы наймандардың арасында көшіп жүргеніне кезігеді [7, 186-п.].

Солармен бірге Сыпатай руының басшысы Қамбар Аланұлы екі бірдей Сыпатай мен Шілімбеттегі 42 түтіннен тұратын Бұсырманның балалары Самбет Орманов, Сәтбай Бұғыбаев, 42 түтінді

құрайтын Жолдыбайдың балалары, сондай-ақ Ботбай, Дәуін және Сасық – барлығы Тезек сұлтанның болыстығында, Қарамарқаның Мейірмен мен Маңқаз – Дулаттардың ішіндегі Қожақұл би Байсеркенің ауылында, Шілімбеттің Жанты есімді адамы – Шапырашты руындағы Сарыбай бидің ауылында, Шілімбеттегі Бисенбайдың екі түтіні – шапыраштылық Қашқынбайдың ауылында, Қалқадағы Күнтуған Бұлтаевтың, Салықбай мен Төлебайдың 6 түтіні – Тезек сұлтанның болыстығында, сол бөлімнен Барақ Қабиев – Ералы сұлтанның ауылында, Шілімбеттегі Бежібайдың 6 түтіні қасқараулық Қарыбоздың ауылында тұрып жатқанын анықтайды [7, 189-п.].

Ал Жайнақ би Темірбекұлы болса, қоластындағы Мырза руының Апақтағы Қазыбек Құндығұлов пен Үштаспадағы Тоқиаш және жалпы 47 түтін – Аягөз округіндегі аға сұлтан Сейілханның болыстығында, Бәйбіше бөліміндегі Бектастың 4 түтіні – Тезек сұлтанның төлеңгіттерінің арасында және тағы бір түтін Шапырашты руының биі Нарботаның ауылында тұрып жатқанын біледі. Сонымен қатар тексеру кезінде Арықтыным мен Байшегір руының билері Еңқұнды Бармақов, Жоламан Азбаев, Тілеубай Иманбаев – Байшегірдің екі түтіні Тезек сұлтанның ауылында көшіп жүргенін анықтайды [7, 188-п.].

Осыдан кейін Жалайыр руының ұйымдастыру жұмыстарына қатысқан сұлтандар мен билер өздерінің аға сұлтаны Сұлтанғазы Жанғазыұлы арқылы Алатау округінің бастығы подполковник Фридрикске түтін саны жөніндегі барлық тексеру жұмыстарының нәтижесін жібереді. Келіп түскен мәліметпен танысып шыққан Фридрикс сол жылдың желтоқсан айында алдымен Дулат және Шапырашты руының аға сұлтаны Әли Әділұлына осы жөнінде былай деп жазады: «Жалайыр руының Тәжі сұлтаны және басқаларының ұсыныс-шағымы бойынша сізге Дулаттар мен Шапыраштылардың ішінде тұрып жатқан Жалайыр руының қазақтарын өз болыстықтарына қайта қосылулары үшін жылдам және қарсылықсыз жіберуіңізге бұйрық беремін» [8, 303-304-пп.]. Осындай мағынадағы келесі бір мәлімдемесін подполковник Фридрикс Албан және Суан руының аға сұлтаны Тезек Нұралыұлына да жазады.

Біріктіру жұмыстарының нәтижесінде, 1865 жылдың аяғында Жалайыр руының ішіндегі Қарашапанда – 197, Орақтыда – 201,

Күшікте – 764, Сыпатайда – 1278, Мырзада – 601, Байғалы-Қайшылыда – 503, Арықтыным және Байшегірде – 1000, Андаста – 803, Сиыршыда – 391, Тұлымбек, Айтымбет, Жомарт және Қырғыздарда 801 түтін саны есептеледі [7, 45-п.].

Ұйымдастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін, бүтін Жалайыр руынан алғашқы әкімшілік-аймақтық бөлініспен барлығы 8 болыс-ел жасақталады. Олар: Андас-Тұлымбет болыстығы – оның болысы Құтым Сапақұлы; Андас-Қалқа болыстығы – оның болысы Төреш Бектасұлы; Сыпатай болыстығы – оның болысы Қамбар Аланұлы; Мырза болыстығы – оның болысы Сұлтанбай Жәдігерұлы; Орақты-Қарашапан-Күшік болыстығы – оның болысы Мінгіз Ермекұлы; Арықтыным-Байшегір болыстығы – оның болысы Тайрул Тілеубаев; Байғалы-Қайшылы болыстығы – оның болысы Бөлен Тасыбайұлы; Сиыршы-Төлеңгіт болыстығы – оның болысы Мұхамедше Сүйікұлы [7, 101-п.]. Осында аты-жөндері аталған барлық болыс басшылары Жалайыр руының аға сұлтаны қызметін атқарушы подпоручик Сұлтанғазы Жанғазыұлының Алатау округінің басшысына жасаған ұсынысы арқылы тағайындалған болатын.

Осылардың ішіндегі Тәжі сұлтан Ханқожаұлы тіркелген Орақты-Қарашапан-Күшік аталатын болыстық 6 ауылдан тұрды. Атап айтсақ, Орақты ауылы (201 түтін) – ауыл старшыны Тілеулі Мамырбайұлы; Қарашапан ауылы (197 түтін) – ауыл старшыны Байғұтты Есғұттыұлы; Күшік-Сүйіндік ауылы (219 түтін) – ауыл старшыны Бисен Сатыбалдыұлы; Күшік-Молдас-Маржа ауылы (159 түтін) – ауыл старшыны Сақай Сағындықұлы; Күшік-Таз ауылы (230 түтін) – ауыл старшыны Қапалбай Ордабайұлы; Күшік-Қарасақал-Сары ауылы (156 түтін) – ауыл старшыны Қошақай Есқарыұлы ережемен бекітіледі. Ал Тәжі төре болса, Қарашапан ауылының, тіпті тұтас «Орақты-Қарашапан-Күшік» болыстығының құрметті биі болып табылды. Ол өзінің, әкесі Ханқожа Сығайұлы мен туған бауыры Әжі төрелердің отбасыларымен бірге «Орақты-Қарашапан-Күшік» аталған бір болыстықта болды. Ал Тәжі төренің ағайындас бауырлары Мұхамедше Сүйікұлы өзінің 3 түтінімен, Сұлтанғазы Жанғазыұлы өзінің 8 түтінімен, сондай-ақ екеуіне бірдей тиесілі 63 түтіннен тұратын төлеңгіттерімен және ағайын-туыстарымен бірге, соның бірі Бексұлтан Байғараұлы да «Сиыршы-Төлеңгіт» болыстығында тұрды. Ал оларға көршілес

жатқан «Сыпатай» болыстығында сұлтандар әулетінің тағы бір ірі өкілі Қамбар Аланұлы өз отбасымен өмір сүрді [7, 182-п.].

XIX ғасырдың екінші жартысында, дәлірек айтсақ, 1865 жылы патша өкіметінің өлкедегі әкімшілік-аймақтық бөліністерінің салдарынан Жалайыр руының ішінде жайылымдық жерлерге қатысты дау-дамайлардың айтарлықтай өршуіне алып келді. Осы кезеңде барлық жағынан күші басым рулар өз арасындағы әлсіз рулардың қыстық тұрақтарын тартып алу фактілері жиі кездесе бастайды. Мәселен, 1865 жылы 22 қарашада Жалайырдың Сыпатай руының биі Нартбай Байкүшікұлы, старшын Алшан Құлымбетұлы, Қарашапан руының сұлтаны Тәжі Ханқожаұлы, Аманбай Есенұлы және Күшік руының старшыны Қошақай Есқарыұлы Алатау округінің бастығы подполковник Фридрикске былай деп шағымданады: «Біз Жалайыр руының ішіндегі ең аз және әлсіз руынанбыз, сондықтан да басқа өте қуатты рулар өздерінің басымдықтарын пайдаланып, барлық жақсы қыстауларды алып отыр, ал біз қыстық тұрақсыз қалдық, сол себепті сізден сұрайтынымыз, бізге қажетті қыстық тұраққа жерлерді бөліп беру үшін аға сұлтанға ескертсеңіз» [8, 303-п.], – деп, мөрлері мен таңбаларын басады. Шағымданушылардың өтінішін қанағаттандыру үшін Алатау округінің бастығы Фридрикс 1865 жылы 5 желтоқсанда Верный қаласынан Жалайыр руының аға сұлтаны Сұлтанғазы Жанғазыұлына: «Нартбай би, Елшан старшын, Тәжі сұлтан, Аманбай Есенов, Қошақай старшын және Бөлен би маған өтінішпен келіп, Дулаттардың Дәуітәлі және Сары билері бос қалдырған жерлеріне басқа, өте қуатты рулар келіп, қыстық тұрақ ретінде өздеріне алып алған, ал олар қыстаусыз қалған. Сондықтан да сізден Дулаттардың қалдырған қыстауларын сол қазақтар арасында теңдей бөліп беруіңізді сұраймын, ал күнгей жақтағы Малайсары деген жер бұрынғыдай Бөленге қалсын, өйткені Шолақтау Албандарға қалдырылған» [8, 316-п.], – деп жазады.

Ел-жұрттың мұң-мұқтажын уақытында шеше білген Тәжі сұлтан өзінің жақын қызметтес серіктері Нартбай, Елшан, Аманбай, Қошақай есімді ауылнайлармен бірге елінің ықыласына бөленіп, жақсы жайылымдық жерлермен қатар тұрақты қыстық қоныстарға да ие болады. Сонымен, басшылықтың бұйрығымен олардың билігіндегі қауым адамдары мынандай көш орындарымен қамтамасыз етіледі. Мәселен, Тәжі сұлтан тұратын Орақты-

Қарашапан-Күшік болыстығы қазақтарының маусымдық көштері – Алтуайт пен Кебен жерлерінде және Ықылас тауында; Орақтының жартысы – Малайсарыда, Өгізөлген мен Біжі өзенінің жоғарғы жағында, сондай-ақ Арқарлы және Іле мен Қараталдың құйылысы белгіленсе, ал оларға көршілес жатқан Қамбар сұлтанның басшылығындағы Сыпатай елі – Ешкіөлмес, Лабасы, Мұқыры, Алтуайт және Кебен тауларында, Қызыл және Ащыбұлақ шатқалдарында, Алтынемел таулары мен Іленің төмен жағындағы Жартоғай деген жерлері маусымдық көшке бөліп беріледі. Сол кезде Тәжі төренің туысы Мұхамедше сұлтанның билігіндегі Сиыршы-Төлеңгіт болыстығының көші – Лабасы, Ешкіөлмес және Қызылжар тауларында, Қаратал өзенінің оң жағында және Ықылас өзенінің бойына орналасады [7, 379-381-пп.].

1867–1868 жылдары патшалық Ресей тұтас қазақ жеріне отарлық басқару жүйесін түпкілікті орнату үшін «Уақытша ереже» деген атпен жаңа әкімшілік-территориялық реформасын енгізеді. Сол ереженің нәтижесінде, қазақ жері – Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан аталатын үш генерал-губернаторлыққа бөлінеді. Енді Ұлы жүз қазақтары мекендеген тұтас Жетісу өлкесі жаңа құрылған Жетісу облысының құрамына өтіп, Түркістан генерал-губернаторлығына бағынатын болды. 1867 жылғы 14 шілдедегі император жарлығы негізінде дайындалған ереженің жобасы бойынша Жетісу облысында – Қапал, Верный, Сергиополь, Тоқмақ және Ыстықкөл уездері құрылады. Сонымен, бес уезд жасақталып, олардың алып жатқан территориясы мен шекарасы заң жүзінде бекітілген соң, әрбір уездің басшысы мен олардың жергілікті қазақтардан тағайындалатын кіші көмекшілері анықталады. Сөйтіп, Сергиополь уезіне – капитан Фридрикс, Ыстықкөл уезіне – капитан Томск, Верный уезіне – полковник Фридрикс, оның кіші көмекшісі қызметіне – бұрындары Әли төренің төлеңгіті болған, орыс тілін білетін Өмірәлі Айдарұлы, Тоқмақ уезіне – капитан Кулябку, оның кіші көмекшісі қызметіне – сұлтан Құтан Сұлтанбекұлы, ал Қапал уезіне – подполковник Халютин, оның кіші көмекшісі қызметіне сұлтан Атхан Құдаймендин тағайындалады [9, 31-п, 1-п.].

Аталмыш уездер секілді Қапал уезіне қарайтын рулардан жаңа ереженің негізінде болыстықтар мен әкімшілік ауылдарды жасақтау үшін ресми Оңтүстік және Солтүстік Қапал қайта құру комиссиялары құрылып, іске кіріседі. Сөйтіп, 1868 жылдың қаңтар-сәуір айлары

аралығында Солтүстік Қапал қайта құру комиссиясы Найман руынан: Басқан-Сарқан, Балқаш-Лепсі, Биен-Қоянды, Төменгі-Ақсу және Арасан болыстықтарын жасақтаса, ал Оңтүстік Қапал қайта құру комиссиясы Жалайыр руынан жаңа атаумен: жоғарғы Қаратал, төменгі Қаратал, Тау-Жалайыр, Күшік, Оңтүстік Балқаш, Балғалы-Қайшылы және бүтін Суан руынан: Бороходзор, сондай-ақ қаңлы, қарақалпақ, түркмен және Абылайхан ұрпақтары – Тезек аталатын рулық қауымдары кірген Алтынемел (бұл болыстық таза сұлтан-төлеңгіттерден тұрды) болыстықтарын құрады [10, 8-14 п.]. Жалпы осы кезеңде Қапал уезінде барлығы 13 болыстық саналған еді.

Жаңа ереже бойынша Жалайыр елінде патша өкіметінің әкімшілік-басқару тәртібі орнағаннан кейін, Қапал өңірін жайлаған Абылайханның баласы Сығай сұлтаннан тарайтын Ханқожа төре мен оның баласы Тәжі сұлтанның отбасылары 1868 жылы құрылған «Тау-Жалайыр» болыстығының № 1 әкімшілік ауылының құрамына кіреді. Сонымен қатар бұл болыстықтың № 3 ауылында сұлтан Байзалды, оның баласы сұлтан Мұхаммед Байзалдыұлы және № 7 ауылда 1871 жылы жоғарғы Қаратал болыстығынан көшіп келген сұлтан Абам Борамов отбасымен тұрды [11, 741-п.]. Бірақ бұл сұлтандардың әулеті Тәжі төренің әулетімен қандай туыстық байланысы болғандығы бізге белгісіз болып отыр. Дегенмен олар бір болыстықта тұрғандықтан, бір-біріне деген туыстық жақындығы болуы әбден мүмкін. Сондай-ақ осы болыстықтың № 7 ауылында сұлтан Қамбар Аланұлының отбасы мен оның Сыбанқұл, Найманхан және Найманқұл есімді балалары өз отбасыларымен өмір сүрген. Ал Сығай сұлтанның үлкен баласы, Ханқожа төренің туған ағасы Ақан Сығайұлы мен оның үш ұлы – Нұрмағанбет, Шоқы және Бопы өз отбасыларымен «Төменгі-Қаратал» болыстығына өтті. Сонымен қатар Абылайханның Тағай және Сүйік есімді кіші ұлдарының ұрпақтары, 1861–1867 жж. аралығында Жалайыр елінің аға сұлтаны қызметін атқарған Сұлтанғазы Жанғазыұлы өз отбасымен және Сүйік сұлтанның ұлдары Мұхамедше мен Жадай төрелердің отбасы «жоғарғы Қаратал» аталатын болыстықтың № 1 ауылына енді [11, 755-п.]. Олар Жалайыр руының әр болыстығында өмір сүргенімен, ертеден жалғасқан әулеттік байланыстарын үзбей, өзара туысқандық қарым-қатынас жасап отырған. Ал олардың қайсыбіріне қажеттілік туған жағдайда бір-бірлеріне

қол ұшын беріп, көмектесуге де дайын болған. Мұны, әсіресе олардың бірі жергілікті әкімшілік билікке сайлауға түскенде, салық төлеуде, қауым арасында туындаған даулы жағдайда және тағы басқа ортақ әлеуметтік шаруашылық мәселелері кезінде айқын байқауға болады.

1868 жылы Тау-Жалайыр болыстығының құрылуына белсене атсалысқан Тәжі төре сондағы алғашқы өткен билер сайлауына қатысып, би қызметіне сайлануы да әбден ықтимал. Өйткені Тәжі төре 1868 жылға дейінгі уақытта Қарашапан руының биі болып келген. Сонымен қатар мұрағат құжатынан Тәжі сұлтанның патша әкімшілігімен әртүрлі қызметтері үшін марапатталған Қамбар Аланұлы, Найманхан Қамбарұлы, прапорщик Жадай Сүйікұлы, прапорщик Мұхамедше Сүйікұлы, Жайнақ Темірбеков, Сұлтанбай Жәдігеров, Назар Қарымбаев, поручик Бөлен Тасыбаев, прапорщик Тіленші Балпықов, поручик Сұлтанғазы Жанғазин, полковник Тезек Нұралыұлы, капитан Адамсат Ибақов секілді Жалайыр және Албан руларының ықпалды сұлтан-билерімен бірге 1871 жылғы 26 желтоқсанда жасалған атаулы тізімге де ілінгендігін көреміз [12, 1-34-п.].

Әр үш жыл сайын Жетісу жеріндегі барлық болыстық әкімшіліктің басшылығына болыс, би және олардың кандидаттарын сайлау науқаны болып тұрды. Сондай науқан кезінде Тәжі төре әкесі Ханқожа сұлтанның қолдауымен 1873 жылы 10 қазанда Тау-Жалайыр болыстығында өткен билер сайлауына қатысып, алдағы үш жыл мерзімге (1874–1876 жж.) қарсыласы Бабалы Мұрынбаевтан он екі ақ шарды артық жинап, басым дауыспен жеңіске жетіп, № 1 әкімшілік ауылдың биі болып сайланады [13, 166-п.]. Бірақ Тау-Жалайыр елінің № 1 ауылында өткен билер сайлауын сол кездегі уезд бастығы заңсыз деп тауып, Тәжі төре би қызметіне бекітілмей қояды. Мұның себебін Қапал уезінің бастығы Жетісу облысының әскери губернаторына былай деп түсіндіреді: «Тәжі Ханқожаұлы Тау-Жалайыр болыстығындағы № 1 ауылдың биі қызметіне дауысқа түсуге қателікпен жіберілген болатын. Өйткені ол тергеуде болып, соттың үкімімен үш ай қамауда отырған. Сондықтан да би қызметіне Бабалы Мұрынбаевты бекітуді ұсынамын» [14, 152-п.]. Сөйтіп, Тәжі төренің орнына сайлауда ең аз дауыс жинаған Бабалы Мұрынбаев би болып бекітіліп кетеді. Осы сайлау өткен жылы жүргізілген есепте № 1 ауылда

228 шаңырақ саны анықталған еді. Ал жалпы ресми санақ бойынша 1873 жылы Тау-Жалайыр болыстығында он нөмірленген әкімшілік ауыл және онда барлығы 1893 шаңырақ шоғырланыпты [14, 440-п.].

Сонымен бірге осы кезеңде Тәжі төренің үстінен түрлі жалған айып тағып, қауым арасындағы беделін түсіруге талпынғандар да табылып жатты. Сондай жалған айыптың бірі 1885 жылы 24 қыркүйек күні Қапал уезіне қарасты Тау-Жалайыр болыстығының қазағы Бұқабай Бармақұлынан түсті. Ол құнын 50 рубль сомаға бағалаған өзінің қолындағы он шақты қойын сұлтан Тәжі Ханқожаұлы ұрлады деп айыптап, Қапал уезінің бастығына оның үстінен арыз-шағым түсіреді. Онда шағымданушы бұл істі шешуді уезд сотына беруді сұрайды. Бірақ Қапал уезі бастығының 29 қыркүйегіндегі қарарында бұл істі өздерінің араларындағы қауымдық билер сотында шешуді тапсырады және шағымданушыға осыны хабарлауды үкім етеді [15, 1-2-п.]. Сол мұрағат құжатында бұл істің билер сотында немен аяқталып, кімнің пайдасына шешілгендігі жөнінде түсінік беретін басқа бірде-бір мәлімет жазылмаған. Өйткені бұл істің өзі мұрағат қорында бар болғаны екі-ақ беттен тұрады.

Осы келеңсіз жағдайдан үш жыл өткеннен кейін, 1888 жылы 12 тамызда Тау-Жалайыр болыстығының «Дүнген» деген мекенінде кезекті болыс және би қызметтеріне жаңа үміткерлерді алдағы (1889–1891 жж.) үш жыл мерзімге сайлау өткізіледі. Сайлау өтетін жерге Тау-Жалайыр елінің әр елу түтінінен үкіметпен іріктеліп бекітілген елу үш елубасы толық жиналып, барлығы он алты әкімшілік ауылдың әрқайсына бір-бір биді таңдау үшін арнайы қорапқа шар тастау арқылы лайықты үміткерлерге дауыс береді. Бұл жолғы сайлауда әр ауылға көбінесе екі үміткерден келсе, ал кейбір азғантай ауылға бақталассыз бір үміткерден дауысқа түсті. Мәселен, Тау-Жалайыр елінің № 1 әкімшілік ауылына би қызметіне сайлану үшін екі үміткер – Тәжі Ханқожаұлы мен Шымтай Шоқпарұлы дауысқа түседі. Сөйтіп, сайлаудың нәтижесі бойынша Тәжі төре ел ішіндегі ықпалымен және дауыс беруші елубасылардың алдындағы зор беделімен қарсыласы Шымтай Шоқпарұлынан екі шар артық жинап, жалпы 31 дауыспен жеңіп, би қызметіне сайланады. Осы 1888 жылы 12 тамызда толтырылған дауысқа түсу қағазында Тәжі бидің жасы 55-те екені, ал оның қарсыласы

Шымтайдың жасы 48-де екені айтылады [16, 3-п.]. Сондай-ақ Дүнген деген жерде өткен сайлау кезінде Тәжі төремен бірге бір болыстықта тұратын 55 жастағы Найманқұл Қамбарұлы да № 7 әкімшілік ауылдың би қызметіне өз үміткерлігін ұсынады, бірақ ол сайлаудағы екі қарсыласы Кембай Дүлеев пен Қарабай Бұрбаевтардан әлдеқайда аз шар жинап, қызметке өтпей қалады [16, 3-п.].

Сөйтіп, 1888 жылы 12 қыркүйекте Жетісу облысы әскери губернаторының № 154 бұйрығымен Тәжі Ханқожаұлы өзімен қатар сайланған Егізек Байтұғұлов, Байтұрбай Бектұров, Келбай Әжібаев, Манылбек Қасабаев, Өскенбай Есергепов, Кембай Дүлеев, Шыны Битықов, Құрман Қарымбаев, Бисембай Жандаралов, Таласбай Тасшүреков, Шойбек Шекібаев, Егізек Бабаев, Найзабек Жаманкин, Мамекбай Жанабаев, Садақберді Көбетаев есімді он бес адаммен бірге би қызметіне заң жүзінде бекітіліп [16, 6-п.], үкіметпен олардың әрқайсысына арнайы атаулы қызметтік мөрмен қатар билік айту кезінде мойнына іліп жүретін (би екенін білдіретін) қола белгі де табыс етілетін болған. Осы ауылдың құрметті әрі беделді биі ретінде Тәжі төре Жетісу өлкесіндегі қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасынан табылып отырған. Мәселен, ол өзінің би қызметінің мерзімі аяқталғанша, жылына бір мәрте өткізіліп тұрған уезаралық төтенше билер съезінде және Қапал аумағында мезгілсіз өтіп тұрған болыстық билер съезінде өлкенің азулы билерімен бірге даулы мәселелерге билік айтып, шешім шығаруға да қатысып тұрды.

*Тәжі төре Ханқожаұлының отбасы жөнінде.* 1871 жылғы 20 қаңтарда жасалған Тау-Жалайыр елінің түтін қожайындарының атаулы тізіміндегі № 1 ауылда сұлтан Ханқожа Сығайұлының отбасы бір түтіннен тұрғаны, онда екі ер адам мен алты әйел адам бар деп жазылса, ал оның үлкен ұлы сұлтан Тәжі Ханқожаұлының отбасы бір түтіннен, онда екі ер адам және үш әйел адамның болғаны көрсетілді [11, 740-741-пп.].

Ал екі жылдан кейінгі, яғни 1873 жылы 9 қазанда санаққа алған Тау-Жалайыр болыстығының түтін қожайындарының тізіміндегі № 1 ауылда сұлтан Ханқожа Сығайұлы отбасы бір түтіннен, онда екі ер адаммен қатар бес әйел адамның және жеке қожалығында 5 түйе, 40 жылқы, 1 сиыр, 110 қойы болғаны жазылған. Ал баласы сұлтан Тәжі Ханқожаұлының отбасы бір түтіннен, онда екі ер адаммен бірге үш әйел адамның болғаны және шаруашылығында

3 түйе, 30 жылқы, 1 сиыр, 110 қойы болды деп жазылған [14, 358-п.]. Бірақ Ханқожа мен Тәжі төрелердің жеке мал-мүлкісі тізімде көрсетілген саннан әлдеқайда көп болған еді. Өйткені сол кездері әрбір түтін қожайыны салықты аз мөлшерде төлеу мақсатымен салық жинаушылардың тізіміне өздерінің қолындағы төрт түлік малын барынан әлдеқайда жасырып, аз санмен жаздыратын болған. Сондықтан да 1871 және 1873 жылдардағы тізімде олардың барлық малдары тым аз етіп көрсетілген.

1897 жылы Тау-Жалайыр болыстығынан Жалайыр руының Сыпатай тармағы бөлініп шығып, жеке дара Сыпатай болыстығы құрылады. Тәжі би мен оның қызметтес серіктері Сыпатай болыстығының құрылуына белсене атсалысады. Басқа төре-сұлтандармен бірге Тәжі төренің ауылы Сыпатай елінің № 1 әкімшілік ауылы болып белгіленеді. Сондықтан да 1910 жылғы Сыпатай болыстығында тұратын ауылдың құрметті ақсақалдарын қыстау орындарымен көрсеткен тізімде Тәжі төренің үлкен баласы Оспанқұл Тәжіұлы мен оның туған інісі Әжі Ханқожаұлы көрсетілген. Олардың сол кездегі қыстаулары деректе «Қызылбастау деген жерде» деп жазылған болатын. Сонымен қатар сол тізімде Оспанқұл Тәжіұлының старшындығында – екі шаруашылығы, онда 6 ер адам мен 7 әйел адам; ал оның ағасы Әжі Ханқожаұлының старшындығында үш шаруашылығы, онда 16 ер адам мен 11 әйел адам болғандығы да айтылған [17, 80-б.]. 1910 жылғы Сыпатай болыстығының ақсақалдар тізіміне ілінбегеніне қарағанда, Тәжі төре әлдеқашан бұрын қайтыс болған көрінеді. Тәжі төренің нақты қай жылы қайтыс болғаны бізге белгісіз болып отыр. Өйткені ол кезде әрбір қайтыс болған адамның мезгіл уақытын белгілеп отыратын арнайы кітапшалар жүргізілмегендіктен, біз тек мұрағат құжатында соңғы кездескен дерекпен салыстырмалы талдау жүргізу арқылы ғана шамалап айта аламыз. Олай болса, Тәжі төре ХХ ғасырдың бас кезінде, яғни шамамен 1910 жылдары өмірден өткен болуы мүмкін деген болжам келтіреміз.

Ұрпақтарының айтуынша, Тәжі төренің зираты қазіргі Алматы облысы, Көксу ауданына қарасты Жамбыл ауылынан он екі шақырым жердегі Мұқыры өзенінің жанындағы Лабасы тауының күнгей жақ бетіндегі «Тәжісайы» аталатын жерге жақын биік төбешікте орналасқан үлкен бір әулеттік қорымның ішінде болуы мүмкін. Өйткені Лабасы тауының күнгей жақ бетіндегі бастапқы сайлар-

дың бірі Иманқұлдың қыстауы басталады, онда төрт-бес бұлақтың көзі бар екен, солардың бәрі бір жерде түйісіп, «Иманқұлбастауы» деп аталады. Иманқұл қыстауынан бір қыр асқан сайда Найманханның қыстауы орналасқан. Сол жерден тағы бір шатқал өткеннен кейін «Тәжібастауы» аталатын жер бар. Осы бастаудан бір сай өткен жерде Тәжінің әкесі Ханқожа сұлтанның қыстауы көрінеді. Ал одан ары бірнеше шақырымдық қашықтықта Тәжі төренің атасы Сығай сұлтан Абылайханұлының қонысы басталады екен.

1917 жылы патша билігі құлап, елде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1928 жылы ел арасындағы қазақтың бас көтерер тұлғаларын қудалау науқаны басталады. Бұл саяси науқанға іліккен тұлғалардың басым бөлігі ел басқарған, ел-жұрт арасында беделықпалы зор, яғни би, болыс, ауыл старшыны секілді қызметтерді атқарған, сондай-ақ беделді билер мен ірі байлардың ұрпағы болған. Осындай тұлғалар өкімет қудалауына ілігіп, жеке мал-мүліктері тәркіленіп, қамауға алынды, тіпті оларды алыс жерлерге жер аударуға дейін барды.

Кеңес өкіметінің осындай солақай саясатының құрығына Сыпатай болыстығының ағайынды ағалы-інілі Оспанқұл мен Мейірқұл Тәжіұлдары бірдей іліккен еді. Олардың сұлтан-төрелердің ұрпағы екеніне және әкелері би әрі бай-дәулетті болғанына, ел ішіндегі зор беделіне ерекше назар аударылды. 1932 жылы Оспанқұл мен Мейірқұл елдегі қиын-қыстау кезеңде Жалайыр руының көптеген адамдарын алыс тау-шатқалдарында өкіметтен жасырып ұстаған азын-аулақ малдарымен баққан деп және контрреволюциялық қызмет жүргізді деген желеумен ОГПУ қызметкерлері Қапалда тұтқынға алып, Алматыдағы абақтылардың біріне жөнелтеді. Сол жылдың 2 тамыз күні ОГПУ-дің сондағы өкілетті Латынов деген қызметкері Мейірқұл Тәжіұлын тергеуге алады. Алған тергеудің хаттамасында: «Мейірқұл Тәжіұлы 50 жаста, шыққан тегі – төре тұқымынан, бай отбасынан, ұлты қазақ, КСРО азаматы, Талдықорған ауданы Көксу ауылдық кеңесі, Беріктас ауылында тұрады. Көксу кеңшарында қатардағы шаруа болып жұмыс жасайды» деп жазылды. 1933 жылы 19 ақпанда Қазақстандағы ОГПУ тұсындағы Тройка жиналысында шығарылған үкіммен Мейірқұл Тәжіұлының мал-мүлкі тәркіленіп, 5 жыл мерзіммен концлагерьге жіберу туралы жаза тағайындал-

ды. ОГПУ үкімі орындалып, Мейірқұл Тәжіұлы сол кездегі КАРЛАГ-қа жөнелтіледі, бірақ оның осыдан кейінгі тағдыры белгісіз күйінде қалған. Ал оның ағасы Оспанқұл 1932 жылы тұтқындалып, сол жылдың көктемінде түрмеде белгісіз жағдайда қайтыс болған.

Төрелер шежіресі бойынша Тәжіұлы Оспанқұл төренің Панақұл және Сейітқазы есімді екі ұлы болды. Сол ұлдарының ішіндегі Сейітқазыдан – Болат, Бақытжан және Серік деген ұлдары тарайды. Болаттан – Бауыржан, одан Шыңғыс, ал Бақытжаннан Санжар атты ұл баласы бар.

Ал енді Мейірқұл Тәжіұлының ұрпақтарына тоқталып өтейік. 1932 жылғы мәлімет бойынша Мейірқұл төренің отбасында әйелі Майшықар (47 жаста), ұлдары: Сейітбаттал (20 жаста), Сейіттал (8 жаста), Сейдақұл (5 жаста); қыздары: Бисалим (12 жаста) мен Багоргүл (2 жаста) болған.

Бүгінде Тәжі төреден өрбіген ұрпақтары жауапты қызметтер атқарып, еліміздің дамып көркеюіне азды-көпті өз азаматтық үлестерін қосуда.

Өткен 2014 жылы Тәжі төренің тікелей ұрпақтары жиналып, өздерінің бабаларының есімін қайта жаңғырту мақсатымен өзара «Тәжібастауы» аталатын Мұқыры өзенінің бойындағы Лабасы тауының етегіндегі ат-баба қонысында арнайы «Абылай хан Сығай сұлтан. (Абылайханның Жетісу елін басқаруға жіберген ұлдарының бірі). Ханқожа сұлтан. Әжі сұлтан. Тәжі сұлтан. Оспанқұл төре Тәжіұлы (1867–1932 жж.). Мейірқұл төре Тәжіұлы (1882–1833 жж.). Бұл жер ата-баба қонысы «Тәжібастауы» аталады» деген жазуы бар үлкен тас белгіні қойған болатын.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Арман Қият. Шығармалары. Жеті томдық. – Алматы: Ел шежіре, Т.І. Абылай хан әулеті. –2013. – 390 б.
2. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. І-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 396-б.
3. Казахско-русские отношение в XVIII–XIX вв. (1771–1867 годы)./ Сборник документов и материалов. – Алматы: Наука, 1964.
4. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты). 374-қ., 1-т., 2097-іс.
5. ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 197-іс.
6. ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 196-іс.
7. ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 562-іс.
8. ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 501-іс.
9. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 1211-іс және 47-іс.
10. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 28959-іс.
11. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 39813-іс.
12. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 47-іс.
13. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 29808-іс.
14. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 32007-іс.
15. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 35004-іс.
16. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 31441-іс.
17. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области // Собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцевым. – Петербург, Т. 2. Копальский уезд, 1913. – 556 с.

# Қазақ хандығы мен Орыс патшалығы арасындағы алғашқы қатынастар

**Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,**
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бөлім меңгерушісі – бас сарапшы

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту бастамасын көтергеннен бері хандықтың тарихына қатысты қоғамда қызу талқылау жүріп, сан түрлі ой-пікірлер айтылды, зерттеулер жасалды.

Өткен жылы халықаралық қатынастарда орын алған келеңсіз оқиғаға байланысты Мемлекет басшысы Қазақ хандығына қатысты өз пікірін білдіріп, хандықтың мерейтойын бекіткен еді. «Қазақстанның тәуелсіздігі деген өте қасиетті ұғым. Бабалардың аңсағаны біздің буынның бақытына келді. Оны сақтау – бәріміздің парызымыз. Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақ мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім, ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн» [1].

Қазақстан Республикасы Қазақ хандығының тікелей мұрагері ретінде оның территориясын иемденуі оның сол кездегі саяси сахнадағы көршілерін де айқындады. Солардың бірі, тіпті бірегейі – Орыс патшалығы, қазіргі Ресей Федерациясы. Қазіргі таңда

көп айтылатын «солтүстіктегі көршіміздің іргелес қоныс тебуі» сол заманда орын алған болатын.

XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазан хандығының Орыс патшалығына қосылуы (шамамен 1552 жылдан бастап) екі елдің байланысын күшейтті. Ал Қазақ хандығының ендігі жерде Ресеймен шекаралас болуы олардың арасындағы түрлі деңгейдегі өзара байланыстың орнауына ықпал етті. Орыс-бұқар, орыс-хиуа, орыс-парсы сауда келісімдері дәл осы кезеңде жасалған болатын. Аталған елдер арасында орналасқан Қазақ елінің де бұл үдерістен шет қалуы мүмкін емес еді.

Мәселен, 1569 және 1573 жылдары Қазақ хандығында болған Ресей елшілері Семен Мальцев пен Третьяк Чебуков қазақ билеушілері жөнінде көптеген мәліметтер қалдырды. Шетелдік саяхатшылардың еңбектерінде де Қазақ хандығы туралы деректер кездеседі. Мысал ретінде 1557 жылдары Орта Азияға саяхат жасаған ағылшын саудагері Антони Дженкинсонның естелік жазбасын келтіруге болады [2, 162].

Хақназар хан тұсында Ресеймен сауда және саяси байланыстар орнатылды. Орта Азияда қалыптасқан саяси жағдайда Қазақ хандығы Ресей патшалығы сияқты күшті одақтас іздеуге мәжбүр болды. XVI ғасырдың 70-жылдары Сібір ханы Көшіммен қарым-қатынасы шиеленіскен Ресейге де бұл одақ қажет болатын.

Осы мақсатты көздеген Иван IV 1573 жылы шілде айында Третьяк Чебуков бастаған елшілікті Қазақ ордасына аттандырады. Бірақ келісім орнатуға Мұхаммедқұл (Көшім ханның жиені) сұлтан кедергі жасайды. Соған қарамастан, Т. Чебуковке Қазақ хандығымен Көшім ханға қарсы одақ құру тапсырылған еді [3]. Көп ұзамай, 1574 жылы 30 мамырда Строгановтар бастаған саудагерлер Қазақ ордасымен экономикалық келісім жасайды [2, 165].

Орыс өкіметі өзінің барлық елшілеріне Қазақ хандығындағы жағдай мен олардың Орта Азия хандарымен байланысын анықтауды тапсырды. Осыған орай орыс елшілері өздерінің «Статейный спискаларында» қазақ даласының әскери жағдайына көп көңіл бөледі. Бұл мәліметтер патшалық Ресейдің Қазақ хандығымен толық, үздіксіз дипломатиялық байланыстар орнату үшін қажет еді.

Анттық одақ жасасқаннан кейін, Хақназар билігінің соңғы кезеңінде Орта Азиядағы саяси жағдай бұрынғыдай емес, біршама тынышталған болатын. Өйткені Абдолламен келісімге келген Көшім

хан шабуылдауын тоқтатқан еді. Көшім де Абдолла секілді Шайбани әулетінен тарайды. Әділғазы бойынша: «Шыңғыс ханнан Жошы – Шайбани – Бахадүр – Жошы – Бұқа – Бадақгүй – Мөңке – Темір – Бекқұлды оғлан – Әли оғлан – Қожо – Мұхаммед – Махмуден – Мұртаза – Көшім» тарайды [4].

Көшімді көптеген зерттеушілер «қазақ» деп көрсетеді. Бұлай деуге Көшімнің жас кезін Ноғай ордасында өткізуі себеп болса керек. Көшім ханның билікке келуі туралы Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихы» атты еңбегінен кездестіруге болады. Онда Шайбани мен Тайбұғы әулеті арасындағы күрес көрсетілген. Соңғысының негізін Қыпшақ ханы Тайбұғы салған. Көшімнің атасы Ибак хан немесе Айбақ хан Тайбұғының Мардын өлтіріп, таққа отырады. Кейін Марды немересі Мұхаммед Ибакты өлтіріп, билікті қайтарып алады. Оған қарсы Ибактың бауыры – Мұхаммедтің ұрпағы Көшім шықты. Ол сол кездегі тайбұғылық Жәдігер ханға қарсы күресті. Көшімнің қазақ атану себебі, 1555 жылы әкесі Мұртаза екеуінің Сібір жеріне оңтүстіктен келуі еді. Тағы да әулет ауысудан, биліктен айрылудан қорыққан Жәдігер мен Бекболат Ресей бодандығын қабылдайды. Соған қарамастан, Көшім 1563 жылы Жәдігер әскерін талқандап, астанасы Ескерді басып алады. Тайбұғының тұқымынан тек Бұқараға қашқан Сейтек қана аман қалады [5, 196].

Көшім хан мемлекетінің астанасы Ескер қаласы болды. Қала Тобыл өзенінің Ертіске құятын жерінің оң жағалауында орналасқан. Қаланы қоршап мырзалар мен бектердің иеліктері орналасқан. Қала түрік және остяцко-вогул халықтарының шекарасында орналасқандықтан, екі жақты да басқару оңайға түскен еді. Сонымен қатар Ескер қаласы Жібек жолының солтүстік бағытында шығыс пен батысты жалғастырушы ретінде керуендерден көп пайда түсіретін.

Ескер – шағын қала, Сібір хандығының орталығы болғандықтан, жақсы қорғалған. Көшім хан билікке келген соң, әсіресе 1572 жылдан бастап Мәскеумен тайталаса бастады. 1573 жылы Мұхаммедқұлдың, кейін басқа да сұлтандардың ресейлік Строгановтарға тиесілі жерлерді тонауы жағдайды одан әрі шиеленістірді. Бұған жауап ретінде Строгановтардың қызметінде жүрген Ермак өз әскерін жинап, 1581 жылы күзде Сібірге жорыққа шығады. Бұл жорықтың патша саясатынан тыс екендігін көрсете келіп, Карамзин «өз мүдделерін көздеген бір топ қарақшы Ресейге сауда территориясын ашты» дейді [6, 217-218].

Ескерге дейін Ермак екі жерде – Жапаша мырза мен Қараша мырза иеліктерінде ғана қарсылық көрген еді. Ескер қаласының түбінде болған ұрыстан соң, Көшім қаланы тастап қашады, кейін 1582 жылдың 26 қазанында Ермак әскері Сібір хандығының орталығы Ескерді алды. Бірақ қаладан айырылса да, хандыққа әлі де иелік жүргізген Көшім соғысын тоқтатпады. Көшімнің Ескерден айрылуының немесе жеңілісінің себебі, сұлтандардың бірі бастаған хандықтың негізгі әскері Часовая аймағына жорыққа кеткен еді. Бұдан кейінгі үш жылға созылған өзара соғыс нәтижесінде, Ермак әскерінің жартысынан, ал Көшім жерінің жартысынан айрылды. Сібір хандығының мықты қолбасшысы – Көшім ханның жиені Мұхаммедқұл Ермакқа тұтқынға түсіп, кейін патшалық астанасына жіберілді.

1585 жылдың тамыз айында Көшім Ермакты Вагай өзеніне алдап шақырып, сол жерде казактарды түгелімен қырып салды. Ермакты сібірлік батыр Құтығай (кейбір аңыздарда Сәтбек батыр басын шапқан) найза шаншып өлтірген. Атамандарының өлгенін көрген казактар Ескерді тастап қашады. Көшім Ескерге қайта оралады.

Бірақ орда ішінде Қарашаның бастауымен бүлік шығып, олар тайбұғылық Сейтек жағына қолдау көрсетеді. Ораз-Мұхаммед бастаған қазақ сарбаздарының көмегімен Сейтек Ескерден Көшім хан мен Әли сұлтанды қуып шығады. Атақты Көшім хан Ескерді біржола тастап шығады. Ал Сейтек болса, көп ұзамай, Сібірге келген жаңа казак әскерінің воеводасы Чулковтың алдауына түсіп, билігінен айрылады. Қарсыласы жойылған соң, Көшім ресейлік Тобольск қаласымен көрші болу қауіпті болғандықтан, қаланы тастап Ертістің сол жағалауына қашады. Ал қала болса, біртіндеп қирап, кейін Ертіс өзені мүлдем ағызып алып кетеді. Осылайша, бір кезде күшті хандықтың астанасы болған Ескердің орнында топырақ үйінділері де қалмады [7, 115].

Ал енді Сібір хандығының құлауына бірден-бір себеп болған Көшімнің сыртқы саясатына тоқталсақ. Көшім билікке келгенде, хан сарайындағы билік Бұқарадан шыққан адамдардың қолында болғандықтан, Көшім Бұқар хандығымен тығыз қарым-қатынаста болды. Сонымен қатар Көшім Ноғай ордасымен, Қырым хандығымен достық қатынаста болуға тырысты.

Көшім ханның қазақ хандарымен байланысы бірқалыпты дамымады. Ертістен Жайыққа дейінгі аралықты қазақ хандарының

билеуі Көшімнің қарсылығын туғызды. Көшім ханның билік ету кезеңі Хақназар (1580–1582 жж.) мен Тәуекел ханның (1582–1598 жж.) тұсындағы Қазақ ордасының күшеюімен тұспа-тұс келді. Көшім билікке келісімен-ақ, Хақназармен соғыса бастады. Бірақ күштің Көшім жағында болмағанын 1570 жылы патша елшісі Ивошка Поздневке жолдаған хатынан көруге болады. Онда «патшаға салық жинап берудемін және қазақ хандарымен соғысып жатырмын. Бірақ олар күннен күнге күшейіп келеді, егер Сібірді алса, сізге салық жинамайды» делінген [8, 137]. 1580 жылы Хақназар хан қайтыс болғаннан кейін, билік басына келген Шығайдың Абдолла жағына өткенін пайдаланып, Көшім хан өз тұқымымен байланысын күшейткісі келді. Сол мақсатпен інісі Ахмет-керейге Шығайдың қызын алып береді. Бірақ кейін қызына дұрыс қарамағаны үшін, Шығай Ахмет-керейді қулықпен өлтіреді. Бауырының өлімі үшін Көшім Қазақ ордасымен байланысын біржола үзді. Кейін Тәуекел ханның Абдолладан кетіп, оған қарсы шабуыл жасауы Көшімді Қазақ хандығының жауы болуына алып келді. Әрине, Қазақ хандығы да қарап қалмады. Олар Көшімнің бәсекелесі Сейтекке жер беріп, оған қарсы айдап салды. Бұл саясаттың нәтижелі болғаны белгілі. Аз уақыт болса да, Ескерде қайтадан Тайбұғы әулеті билікке келді [7, 114].

Көшімнің сыртқы саясатын айтқанда, оның Орыс патшалығымен қарым-қатынасына тоқталмау мүмкін емес, өйткені Көшімнің сыртқы саясаты осы бағытқа негізделген еді. Билігінің бастапқы кезінде Көшім Ресеймен достық қатынаста болуға тырысты. Мұндай байланыс Ресей үшін де тиімді еді. Балтық теңізіне шығу үшін Швеция мен Польшамен соғысып жатқан Ресей шығысындағы шекараның тыныштығын қалады. Көшім өз кезегінде Жәдігер ханның кезіндегідей Ресейге салық төлеуден бас тартпады.

1571 жылы Сібір хандығына жіберілген Ресей елшісі Третьяк Чебуковтың өлтірілуіне байланысты Мәскеумен достық қатынас үзіледі. Көшімнің өз көзқарасын өзгертуіне себеп болған нәрсе, сол кездегі Мәскеудің жағдайы еді. Орыс патшалығы Ливон соғысы мен қырым-татарларынан жеңілісінен кейін ұзақ уақыт бойы естерін жия алмады. Көшім Оралдағы Строгановтардың қол астындағы халықты салық төлемеуге, қамалды қиратуға үгіттеді. Тіпті күшейіп алған Көшім 1573 жылы Махмұдқұл бастаған әскерді Орал жағалауын шабуға да жіберген болатын [5, 339].

Кейінгі жеті жылда Мәскеумен бейбітшілік орнады. Оған себеп болған Қырым ханы Дәулеткерейдің Мәскеуден жеңілісі еді. Бірақ 1580 жылдан бастап Көшімнің мырзалары орыс қалаларына шабуылын қайта бастады. Осылайша, Көшім хан Сібір хандығының Мәскеуден вассалдығын жойып, тәуелсіз Сібір хандығының іргесін көтерді. Бұдан кейінгі Ресейдің бейбіт келісім орнату талпынысы нәтижесіз аяқталды. Алда бұл мәселенің қанды шешімі жақындап келе жатты.

1586 жылы Тәуекелдің Ташкентке шабуыл жасағаны және Сейтекке қолдау көрсеткені үшін, Көшім мен Абдолла Қазақ хандығын қайта қыспаққа алды.

Осындай қиын жағдайда қалған Қазақ хандығына Көшім мен Бұқарға қарсы әскери одақ қажет болды. Бұл кезде сібірлік Көшіммен соғысып жатқан Ресей мемлекеті үшін де одақ қажет болатын. Осыны көре білген Тәуекел 1594 жылы Құлмұхаммед бастаған қазақ-қалмақ елшілігін Мәскеуге жібереді. Оның негізгі мақсаты: Бұқар хандығына қарсы соғыста қолданатын «от қару» сұрау, «орыс бодандығын қабылдау» және 1580 жылы Көшімге қарсы шабуылда тұтқынға түскен Ораз-Мұхаммед сұлтанды босатып алу еді.

Әрине, қазақ хандығына Бұқармен соғыста «от қару» қажет болды, бірақ ол үшін тәуелсіздіктен айырыламын деген Тәуекелдің ойында болмаса керек. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ар-ожданын біле отырып, Ресей бодандығын қабылдау бұл Ораз-Мұхаммедті тұтқыннан босату үшін ойлап табылған айла ретінде қарау керек [9, 157]. Тарих көрсеткендей, Абдолладан жаңа бостандық алған Қазақ елі үшін Ресейге бодан болу түкке қажет емес еді. Ал Орыс мемлекеті бұған жауап ретінде 1595 жылы наурыз айында Вельямин Степановты Қазақ ордасына аттандырды. Грамотада Ресей патшалығы Қазақ және Қалмақ ордасын қол астына алғанын және Бұқармен қарсы соғысқа жүз атқыш беретінін жазған.

Сонымен қатар Тәуекелдің қол астындағы сұлтандар Шахмұхаммед пен Көжек сұлтанға да жеке-жеке грамоталар жазылған. Бірақ Ресей өкілеті бұл құжаттардағы айтқандарын орындамады. Соған қарамастан, патша Қазақ ордасына мынадай тапсырма береді: «Қазақ хандары Бұқарды өздері тыныштандырып, бүлікші хан Көшім ханды ұстап, Ресейге жіберуі керек».

Ал Ораз-Мұхаммед сұлтанды босату мәселесіне келсек,

грамотада ол туралы былай делінген: «Билікке көнбеген Көшім ханды талқандау кезінде, тұтқында отырған қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедті құтқардық. Егер оны босатып алуды ойласаңдар, орнына Тәуекел хан ұлы Құсайынды кепілдікке берсін» [10, 9].

Осы жерде қазақ-орыс келісімінде көрнекті рөл атқарған Ораз-Мұхаммед сұлтанның өміріне тоқталып өтейік. Қадырғали Жалайырдың еңбегінде Ораз-Мұхаммедтің шежіресі былай көрсетілген: «Орыс хан – Қайыршақ хан – Барақ хан – Жәнібек хан – Жәдік сұлтан – Шығай хан – Ондан сұлтан – Ораз-Мұхаммед хан (сұлтан)». Еңбекте «Ондан сұлтан – батыр әрі мерген болған, үнемі Шығай әскерінің алдында жүреді, қалмақтармен соғыста шейіт болып, денесі Түркістанға қойылды» деп жазылған [11].

Ал Ораз-Мұхаммедтің тұтқынға түсуіне келсек, мұнда теріс пікірлер кездеседі. Ораз-Мұхаммедті сол тұста Көшім ханды Ескерден қуып шыққан Сейтек пен Қараша үшеуін адамдарымен опасыздықпен алдап, Тобыл қорғанының әскер басы Чулковтың қолға түсіргені туралы Қысқа Сібір жылнамасында немесе «Кунгур» жылнамасында айтылған [1, 163]. Ораз-Мұхаммедтің тұтқынға алынуы тосын жағдай емес-ті, бұл Ресей өкіметінің сол кездегі жымысқы саясаты болатын. Патша өкіметі осындай сұлтандарды тұтқындау немесе қашып келгенде паналату арқылы кейін сол елді жаулағанда оларды саяси күш ретінде пайдаланған. Мысалы, сол кездегі патша қызметінде сібірлік Махметқұл, қырымдық Жаханша мырза және т.б. болды.

Ораз-Мұхаммедті де осындай қызметте пайдалануға тырысты. Оған дәлел ретінде Ораз-Мұхаммедтің Тәуекел ханға жолдаған хатын келтіруге болады [10, 11]. Бірақ бұл кезде Қазақ хандығы күшті мемлекет болатын, оны Ноғай елімен немесе Қырым хандығымен салыстыруға келмейді. Ал Ресей мемлекеті грамотада айтылғандай, Ораз-Мұхаммедті Құсайын сұлтанға айырбастап, еліне қайтаруды ойламады да. Солтүстікте шведтермен, қырымдықтармен соғысқа қатысқан, «от қарудың» сырын білетін, Ресей мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатына қанық Ораз-Мұхаммедтей адамды болашақ қарсыласы болуы мүмкін Қазақ ордасына қайтару өте қауіпті еді. Бірақ Ораз-Мұхаммед елге оралмаса да, елшіліктің көп жұмыстарына көмегі тиді. Ол Қазақ елшілігімен қатар келген Иран шахы Аббастың елшісі Дервиш-Мұхаммедпен кездесуге мүмкіндік алып береді [10, 4]. Білгір

саясаткер Құлмұхаммед Орыс патшалығы Қазақ хандығын Көшім мен Бұқар хандығына қарсы жалғыз айдап салатынын түсініп, Дервиш-Мұхамедпен келісім жасауға тырысты. 1595 жылдың мамырында Иран елшісі Вельямин Степановпен бірге Тәуекел ордасына аттанады. Тәуекел хан Иран елін Бұқар хандығына қарсы одақ құруға үгіттеді. Қазақ ордасында бір ай болған елшілермен бірге Мәскеуге, одан ары Иран еліне баратын елшімен кетті. Тәуекел сарайынан қайта оралған Вельяминов-Зернов патшаға Қазақ хандығы туралы толық мәлімет берді [12, 54]. Ораз-Мұхаммедті ауыстыруға Құсайын сұлтанның орнына Мұрат сұлтан келеді, бірақ алдын ала жоспарлағандай, Ресей мемлекеті оған жол бермеді. Кейін Касимовкаға (Хан-Кермек) хан болып тағайындалған Ораз-Мұхаммед Ресейдегі XVII ғасырдың басындағы дүрбелең жылдарда жалған Димитрий қолынан қаза табады. Денесі Хан-Кермек қаласындағы Жаханша мырза мен Қараша бек (Қадырғали Жалайыр) бейітінің ортасына қойылған.

Осылайша, Тәуекел ханның сыртқы саясатында елеулі орын алатын 1594–1595 жылғы орыс-қазақ өзара елшіліктері нәтижесіз болып, екі жақ ортақ келісімге келе алмады. Ресей патшалығы Бұқар, Сібір және Қазақ хандықтарын өзара соғыстыру арқылы оларды әлсіретіп, осы аймаққа толық билік еткісі келді. Ал Қазақ ордасына берген грамотасы оның өз саясатына қайшы келді, себебі «от қару» алып күшейсе, қазақтар ертең өздеріне қарсы келерін түсінді, сондықтан да Ресей мемлекеті Қазақ ордасының әлсіреуін күтті.

Ал Қазақ хандығы болса, елшіліктің мақсаты тәуелсіздігін жоғалтып, бодандыққа түсу емес, тұтқындағы Ораз-Мұхаммед пен «от қару» алу екенін жасырмады. Бұл өзара елшіліктің жақсы нәтижесі Қазақ ордасының Мәскеуге барған Иран елшісі Ғадібек арқылы Иранмен одақ жасауы болды. Кейін Бұқарды талқандау кезінде екінші жағынан Иран шахы да өз үлесін қосқан еді.

XVI ғасырдың аяғындағы осы саяси оқиғалар туралы Левшин: «Степанов патшаға қандай жауап әкелгені белгісіз, бірақ бұл елшіліктер Ресейге қандай саяси жетістіктер әкелгені белгілі, не Тәуекел, не болмаса оның XVIII ғасырға дейінгі мұрагерлерінің ешқайсысы да Ресей боданы болмады, не қызмет көрсетіп, көмектеспеді де. Керісінше кейінгі кезеңде Сібірде пайда болған орыс қоныстарын талқандады» деген дерек келтіреді [9, 158].

Осылайша, XVI ғасырдың екінші жартысы Қазақ хандығы тарихында ерекше кезең болып табылады. Әсіресе хандықтың сыртқы саясатында көп өзгерістер болды. Бұл кезеңде қазақ хандығының саяси және әскери жағынан күшеюі мен әлсіреуі қатар жүрді. Бұрын үлкен территорияны алып жатқан Қазақ хандығы ғасырдың ортасында өзінің кең байтақ жері мен Сыр бойы қалаларынан айрылды. Қазақ ордасының территориясы Жетісудан Сарысуға дейінгі аз ғана жерге ие болып қалды. Негізгі пайда көзі қалалар мен дәстүрлі көшпелі шаруашылыққа қажетті жердің болмауы экономикаға кері әсер етті. Сондықтан да XVI ғасырдың екінші жартысындағы хандардың сыртқы саясатындағы негізгі бағыт Сыр бойын Абдолладан, ал батыстағы жерлерді ноғайлардан қайтару болды. Күшті де беделді Хақназар хан өлімінен кейін жасы келген Шығайдың әлсіздігі сол кездегі Қазақ ордасының жағдайын көрсетеді.

Бастары бір қазанға сыймаған Шайбани мен Орда Ежен ұрпақтары бірікті. Бірақ бар-жоғы екі жылға созылған бұл одақты Тәуекел хан бұзып, Абдоллаға қарсы күресті қайта бастады. 1586 жылы Тәуекел алғаш рет Мауераннахрға аттанады. Алғашында жеңістерге жеткенімен, Абдолланы дайындықсыз жаулап алу мүмкін еместігін түсінген Тәуекел өз әскерімен кейін шегінеді. Бұл жорықтың негізгі мақсаты – Қазақ ордасының күшін көрсету арқылы елдің беделін көтеру еді.

Бұл жорық өз нәтижесін екі жылдан соң көрсетті. Абдоллаға қарсы шыққан Ташкент әмірлері өздеріне хан етіп Жанәли сұлтанды отырғызды. Оларға басқа да қазақ сұлтандары көмекке келді. Әрине, бұл көтеріліске Тәуекел тікелей қатыспағанымен, қазақ халқының оянғаны көрінеді. Бұл көтеріліс Тәуекел ханның болашақ ұлы жеңілісіне негіз болды. Көтеріліс Бұқар хандығын саяси дағдарысқа түсірумен қатар, Ташкентте Тәуекел ханға мүдделес адамдардың, топтардың бар екенін көрсетті. 1598–1599 жылдары Тәуекел ханның Мауераннахрға жорығы нәтижесінде, Бұқараның әлеуметтік топтарын: дін басылар, жергілікті қазақтар, тіпті кейбір шайбанидтерді өз жағына шығарады. Мауераннахрдің әлеуметтік топтарына сүйенген және Бұқар хандығындағы саяси дағдарысты пайдаланған Тәуекел аз уақыт ішінде Ташкент, Ферғана,Түркістан аймағын басып алды.

Тәуекел Бұқар хандығымен соғыста сол кездегі халықаралық

жағдайға сай дипломатиялық әдістерді қолданды. 1594–1595 жылдары Ресеймен Бұқар хандығына қарсы әскери одақ жасау үшін Құлмұхаммед бастаған елшілікті аттандырады. Елшіліктің негізгі мақсаты Ораз-Мұхаммедті босату және «от қару» болғанымен, өзара келісімдер ешқандай нәтиже бермеді. Бірақ Қазақ елшілігі Мәскеудегі Иран елшілігімен Бұқар хандығына қарсы келіссөз жүргізуге мүмкіндік алды. Бұл мәселені шешуге сол кезде Ресейдегі қазақ ханзадасы – орыс воеводасы Ораз-Мұхаммед көп еңбек сіңірді. Ал Тәуекел, Көжек сұлтан, Сүтемген би, Шахмұхаммед хан сияқты қазақ елінің игі жақсылары солтүстік көршісі Ресеймен келіссөздер жүргізіп, елшіліктер алмасып, Ресей мемлекетінің саясатын түсінуге мүмкіндік берді. Тәуекелден кейін хан болған Есім де, одан кейінгі ұрпақ та, ұлы саясаткер, ержүрек бахадүр, ақылды хан Тәуекел жолымен жүрді. Ешкімге тізе бүкпей, қазақтың шаңырағын көтеруге атсалысқан бұл жол «Тәуекел ханның тура жолы» деп аталады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Мемлекет басшысының Астана қаласы активімен кездесу барысындағы мәлімдемесі //www.akorda.kz.
2. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под редакцией С.А. Асфендиаров. П.А. Кунте. 2-е издание. – Алматы, 1997. –162 с.
3. Басин В.Я. Посольство В. Степанова 1595 года // Простор. №8, 1965г.
4. Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. Алматы, 1992.
5. Миллер Г.Ф. История Сибири. Т.1. М-Л, 1937. – 196 с.
6. Карамзин Н.М. История государства Российского. Т.IX. М.,1988. – С. 217-218.
7. Абдиров М. Хан Кучум. Алматы, 1996. –115 с.
8. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен Ч. 1: Древнее время и средние века: лекции, читанные в Оренбургском отделении Московского археол. ин-та в 1921 г. /А.П. Чулошников. - Оренбург: Киргизское гос. изд-во, 1924. –137 с.
9. Левшин А.И. Описание Киргиз-Казачьих или Киргиз-Кайсацких орд и степей. СПб, 1832 г., ч. III.
10. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Алматы, 1961. – С. 9.
11. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы [Мәтін] / Сыздықова Р., Қойгелдиев М. – Алматы : Қазақ ун-ті, 1991. 8 б.
12. Исин. Судьба двух посольств // Простор. № 11, 1961. – С. 54.

# Қазіргі кезеңдегі Қазақстан мен Франция қарым-қатынастары

**Лазат НҰРСҰЛТАНОВА,**
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Аймақтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Егемендігін жариялаған сәттен бастап, Қазақстан Республикасының басты міндеті халықаралық қатынастар жүйесінде лайықты орын алу болып табылады. Францияның халықаралық сахнадағы беделі зор екендігі даусыз. Жоғары экономикалық әлеуеті, әлемдік саясаттағы ықпалы Францияны Қазақстанның Еуропадағы артықшылық берілетін серіктестері қатарына шығарады. Екі ел арасындағы ең жоғары деңгейдегі байланыстар – екіжақты қатынастарды дамытуда аса маңызды. Елімізде Францияға деген қызығушылық айтарлықтай жоғары екендігін атап өту қажет. Оны осы мемлекет жөніндегі ғылыми зерттеулердің деңгейі көрсетеді. Қазақстан мен Францияның ынтымақтастығын жүзеге асырудың ауқымдылығы мемлекеттердің интеграцияға және ғаламдастыруға бағытталған бағдарының оңтайлы әрі практикалық құрамдасы болып табылады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз көпвекторлы сыртқы саясатын анықтады. Әлемнің көптеген елдерінде Қазақстан Республикасының алғашқы елшіліктерінің пайда болуы ел үшін маңызды тарихи оқиға болды. Халықаралық қатынастар жүйесін қалыптастырудың бастапқы кезінде ҚР Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратының негізгі күші шет мемлекеттермен саяси, сауда-экономикалық, әскери, ғылыми-техникалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың келісім-құқықтық құжаттарын дайындауға бағытталды. Республиканың сыртқы саяси бағыты мемлекеттер

арасындағы қарым-қатынастарда көпшілік мойындаған қағидалар мен халықаралық құқық нормаларын бекіту үрдістерін орнықтыруға бет алды. Мысалы, тек 1992 жылдың өзінде ҚР СІМ-нің қатысуымен принципті сипаттағы көпжақты және екіжақты 13 келісім, сонымен қоса ағымдағы мәселелер бойынша 30 мәлімдеме мен меморандум бекітілді. Осы халықаралық келісімдер Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа кіруіне жол ашты, елдің егемендігін, қауіпсіздігін, территориялық тұтастығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Сыртқы дипломатияның негізгі мақсаты ел экономикасын қайта реформалау мәселелерін шешу және оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуде сыртқы факторларды, халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын тиімді пайдалану болды. Сыртқы байланыстарды әр бағытта дамыту ел экономикасының әлсіз тұстарын мейлінше төмендетуге, сырттан саяси және экономикалық қысым көрсету мүмкіншіліктерінің алдын алуға бағытталды.

Әлемдік тауар мен капитал нарығында еліміздің мәртебесін нығайтуға жағдай жасайтын Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жоспарының стратегиялық мәні бар. ДСҰ-ға кіру жоспарлары мен соған қатысты шаралар еліміздің нарықтық экономика механизмдерін нығайтуға бағытталған экономикалық реформалар арнасында жүріп келеді.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру талаптарына қатысты 20 жылға созылған келіссөздерді аяқтады. 22 маусым күні ұйымға қосылу туралы құжаттар жұмыс тобы мүшелерінің ресми мақұлдауына ұсынылғаннан кейін Ұйымның бас кеңесіне бекітуге беріледі [1].

Қазақстан Франциямен өзара қарым-қатынасында оның Еуропалық одақты қайта құру, ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласындағы саясатты қалыптастыру жөніндегі бастамалар ұсынудағы белсенді рөлін, сонымен қоса ЕО-ның Ресей және Түркиямен жақындасу ұстанымын негізге алады. Қазақстанның Орталық Азия мен Закавказьедегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтаудағы саяси-стратегиялық маңызы бекітілді. Қазіргі уақытта Франция Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамытуда Қазақстанға аса көңіл бөліп отыр және еліміздің аймақтық держава ретінде қалыптасуына қолдау көрсетуге ниетті, соның ішінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығы арқылы АӨІСШК үрдісі мен аймақтағы ынтымақтастық бойынша қазақстандық ұстанымдарға ықпал етуді көздеп отыр.

ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2000 жылы маусым айындағы Парижге сапары барысында екіжақты өзара қарым-қатынастың кең мәселелері қарастырылды, соның ішінде агроөнеркәсіп кешені, өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жобаларды іске асыру, жаңа технологиялар өндіру, инфрақұрылым, көлік, экология, сонымен қатар француздық мұнай-газ компанияларының отандық көмірсутектер экспортының балама бағдарларын табуға көмек көрсету мәселелері талқыланды.

2004 жылы 10 наурызда Париж қаласында Қазақстан-Француз экономикалық ынтымақтастығы бойынша үкіметаралық комиссиясының 6-отырысы өтті. Басқосуда жаңа технологиялар, биотехнология, ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу мен теміржол көліктері саласындағы өзара әрекеттестік мүмкіндіктері талқыланды. Осындай іс-шараларды ел өнеркәсібін инновациялық-индустриялық жаңарту жолындағы нышан ретінде қарастырған жөн.

Қазақстанның сыртқы саяси тұжырымдамасында француздық вектор басым маңызға ие. Сонымен қоса, екі мемлекет те өз кезеңінің тарихи шындығын негізге алады. Қазақстан Францияны көпполярлы әлем қозғалысының жетекшісі ретінде таниды. Біз үшін бұл елдің өзге мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытудағы сындарлы тәсілі мен Батыс елдеріне тән даму үлгілерінің сипатына өзгерту енгізусіз, демократиялық үрдістердің «катализаторы» рөлінен аулақ болуға тырысуы маңызды. Демократиялық қайта құру, сондай-ақ экономикалық реформаларды жүзеге асыру кезінде де Франция елімізге Орталық Азияның аймақтық локомотиві ретінде қызығушылық танытты. Франция әуел бастан-ақ, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету кандидатурасына қолдау көрсетті.

Франция Республикасы Еуропалық Одақтың жетекші мемлекеттерінің бірі екендігі – тарихи қалыптасқан жағдай. Онсыз Еуропа тағдырына қатысты бірде-бір шешім қабылданбайды. Көптеген маңызды мәселелер бойынша оның ұстанымы анықтаушы рөлге ие және де басқа мемлекеттерге үлгі болып отыр. Франциямен ынтымақтастық орнатуы Қазақстанның қазіргі халықаралық қауымдастықтағы ұстанымдарын нығайтуға жол ашады, еліміздің өркендеуіне, оның ішінде, экономика саласының кемелденуіне көмектеседі.

Франция да Қазақстанмен қарым-қатынасын дамытуға мүдделі.

Оның геосаяси жоспарында біздің ел әлемнің екі бөлігін – Еуропа мен Азияны байланыстырушы көпір, құрлықтағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін және экономикалық келешегі зор ел ретінде қарастырылады. Қазақстан мен Францияның достық, ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы келісімін бекітуге қатысты Сыртқы істер бойынша комиссиясының баяндамасында «Франция Орталық Азияға, ең алдымен, Алматы арқылы шығады» делінген.

Франция Республикасы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін 1992 жылы 7 қаңтарда мойындады. Ал дипломатиялық байланыстар Франция Сыртқы істер министрі Роллан Дюмның 1992 жылы 25 қаңтарда Алматыға сапары кезінде орнатылды. Іссапар нәтижесінде Алматыда Сауда өкілеттілігі, кейін Франция Республикасының елшілігі ашылды.

Екіжақты қатынастардың дамуындағы маңызды кезең 1992 жылы қыркүйекте басталды. Н.Ә. Назарбаевтың Францияға ресми сапары кезінде екі ел арасындағы Достық, өзара түсіністік пен серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Сонымен бірге Франция жоғары деңгейдегі мемлекетаралық құжатқа қол қойған алыс шет мемлекеттердің алғашқысы еді. Екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі дамуы 1993 жылы Франция Президенті Франсуа Миттеранның Қазақстанға жасаған ресми сапарымен жалғасын тапты. Жоғары деңгейдегі саяси диалог Президент Жак Ширак кезінде де белсенді жалғасты. Мысалы, 1995–1999 жылдары екі ел басшылары арасында 6 кездесу өтті. Кездесулер барысында халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша ұстанымдардың ұқсастығы немесе жақындығы көрініс тапты. Ядролық қаруы бар мемлекеттер қатарындағы Франция Қазақстанға алғашқылардың бірі болып қауіпсіздік кепілдігін берді. Оның дәлелі – Францияның Қазақстанды аймақтағы тұрақтылық кепілі ретінде қарастыруы. Еліміз аймақтық және халықаралық тұрақтылықты нығайтуда салмақты бағыт ұстанып отырған мемлекет беделіне ие [2].

1993 жылы 16-17 қыркүйек күндері Франсуа Миттеранның Қазақстанға ресми сапары барысында үкіметаралық деңгейдегі көптеген құжаттарға қол қойылды. Атап айтсақ, Мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім; Ғылым мен жаңа технологиялар саласындағы бірлескен декларация; Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Франция Ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім; екі елдің Сыртқы істер министрліктері арасындағы

ынтымақтастық туралы хаттама. Сонымен бірге Алматы мен Париж арасында тікелей әуе байланыстарын орнату туралы уағдаластыққа да қол жеткізілді. Алдағы уақытта да Франция мен Қазақстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге көңіл бөлу жоспарланды. Франция 300 млн француз франкы сомасында несие желісін ашты.

2008 жылы 10-12 маусым күндері Н.Ә. Назарбаев Франция Республикасына ресми сапармен барып қайтты. Сапар барысында Елбасы бүкіл әлемге әйгілі «Талес» компаниясының аэроғарыштық өнеркәсіп кәсіпорнына ат басын бұрып, Концерн президенті Дени Ранкоймен кездесті. Бұл кәсіпорын жер серігі жүйесіне арналған құралдарды өндіріп құрастырады және сынақтан өткізеді (біздегі KAZSAT-1 және KAZSAT-2 жер серіктерінің барлық тиімді жүктемесін осы француз өндірушілері жасаған). Осы сапар барысында Қазақстан мен Франция арасында Стратегиялық әріптестік туралы келісімге, Туризм саласындағы ынтымақтастыққа, Әскери кеңес құру және көлік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Н. Саркози Н.Ә. Назарбаевқа Францияның жоғарғы мемлекеттік наградасы – «Құрметті легион орденінің үлкен кресін» табыс етті [3].

ҚР Президентінің осы сапарының нәтижелері бойынша БАҚ адамзат өркениетінің жаңа кезеңі тарихында Франция еуропалық интеграция қазығының біріне айналды деп атап өтті. Француздық фактор – әлемдік қауымдастықтың жаһандық саясатында негізге алынатын факторлардың бірі. Достық қатынастар мен ізгі ынтымақтастық дәстүрлеріне сүйене, БҰҰ Жарғысы, ЕҚЫҰ шеңберінде қабылданған Хельсинки актісі мен құжаттардың мақсаттары мен қағидаларын бұлжытпай орындайтынына ниет білдіре отырып, Қазақстан мен Франция бірқатар басым бағыттар бойынша өзара әріптестіктің маңызды әрі нақты аспектілері туралы келісім жасасты.

Мемлекет басшысының сапары екі ел арасындағы қарым-қатынастың сапалы жаңа кезеңін ашты. Н.Ә. Назарбаев пен Н. Саркози қол қойған құжаттар Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы «жаңа серіктестік» стратегиясын жүзеге асырудағы бастама болды. Мемлекет басшылары еуропалық және еуразиялық кеңістікте бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту мақсатында өзара әрекеттестікке дайын екендіктерін білдірді. Осы келісімнің тармақтары тараптардың құқық, заңнама

саласындағы ынтымақтастықты нығайту міндеттерін айқындап қана қоймай, жаппай қырып-жою қаруларын таратпау, қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерлермен күресу жолындағы өзара әрекеттестікке, тұрақты дамуға көмектесуге міндеттейді. Сондай-ақ екі мемлекет басшылары сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және оны одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу мәселелеріне назар аударды, әскери-техникалық және энергетикалық салалардағы серіктестік жөнінде, инновациялық технологияларды енгізу мәселелері мен экология, туризм, мәдениет пен ғылым салалары туралы пікір алмасты.

2002 жылы Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар көлемі шамамен 4,5 млрд АҚШ долларын құрады. 2003 жылы 1 қарашада елімізде шетелдік компаниялардың қатысуымен 5338 бірлескен кәсіпорын мен 8104 шетелдік кәсіпорын тіркелді, қазіргі уақытта 3806 бірлескен және 5886 шетелдік кәсіпорын іске қосылды. Инвестиция көлемі 2003 жылдың соңына қарай 16 млрд АҚШ долларын құрады. 2003 жылы инвестицияның жалпы көлемі 4,6 млрд АҚШ долларына жеткен. Табыстың жоғары деңгейі Теңіз, Қарашығанақ мұнай-газ кен орындары инфрақұрылымдары мен Каспий түбін барлау, зерттеу және дамыту бойынша ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырумен байланысты. 2004 жылдың бірінші тоқсанын қоса алғанда, тау-кен өндірісі өнеркәсібіне 2000–2003 жылдары 10 млрд АҚШ доллары бөлінді, ал бұл сол кезеңдегі тікелей инвестицияның жалпы көлемінің 58,8%-ын құрады, оның 98 %-ы мұнай шикізаты өндірісіне тиесілі. Салалық көрсеткіштер бойынша барлық тікелей инвестицияның 55%-ы Қазақстанның ұзақмерзімді экономикалық өсімін қамтамасыз етуші мұнай-газ кешеніне бөлінген. 1993 жылдан бері Шеврон 2 млрд АҚШ доллары, Agip KCO 600 млн АҚШ доллары, Exon Mobile 1,8 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлген.

Қазақстанның «Эльф Акитен» француз компаниясының бөлімшесі саналатын «Эльф мұнай-газ» фирмасымен ынтымақтастық туралы келісімі алғашқы келісімшарттардың бірі болды (1992 ж.). Келісімшарт бойынша Ақтөбе облысы аумағындағы 19,3 мың шаршы шақырымды құрайтын зерттеу-барлау жұмыстары аймағында операциялар жүргізу мен оны жүзеге асыру көзделген. Қазақстан тарапынан «Темірмұнай» АҚ құрылды. 1992 жылы территорияға геологиялық зерттеуді ұйымдастыру мен бұрғылау жұмыстарын күшейту бойынша әзірленген бағдарламаларды жүзе-ге

асыру үшін 40 млн-нан астам АҚШ доллары бөлінді. «Эльф мұнай-газ» Қазақстанға 15 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы құйды (геологиялық барлау және т.б. жұмыстарға 8 млн АҚШ доллары) [4].

Тұтастай алғанда, Қазақстанның даму тәжірибесі ел экономикасына шетел инвестицияларын тартуға мүмкіндік берді.

Жас, тәуелсіз мемлекет басшысы ретінде Н.Ә. Назарбаевтың алдында елдің ішкі-сыртқы саясатында мемлекет тарапынан атқаратын аса ауқымды міндеттер тұрды. Оны жүзеге асыру үшін, ең алдымен, саяси келісімдер қажет еді. Олардың ішіндегі маңыздысы Қазақстан мен Франция арасындағы достық, ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы келісім болды (1992 ж.). Бұған қоса, Н.Ә. Назарбаев «Жаңа Еуропаның Париж хартиясына» да қол қойды. Осылайша, Қазақстан өзіне жалпы еуропалық үдерістің толыққанды қатысушысының барлық міндеттерін жүктеді [5].

Экономика саласындағы Қазақстан-француз байланыстары өз жалғасын тапты. Бұған 1998 жылы Париж қаласында үкіметаралық жұмыс тобының кезекті IV отырысы шеңберіндегі үкіметтік делегациялардың келіссөздері ықпал етті. Соның нәтижесінде, инвестицияларды өзара қорғау мен ынталандыру туралы келісімшарт пен қосалқы салық салуды алып тастау туралы конвенцияға қол қойылды, екі ел арасындағы тауар айналымы өсімінің тұрақты үрдістері айқындалды. 1998 жылы тауар айналымының көлемі 380 млн франкты құрады.

2000 жылға қарай Қазақстанда 38 өкілеттілік және ірі француз компаниялардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар тіркелді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс, денсаулық сақтау, туризм салаларында француз фирмаларымен байланыстар орнатылды. Екі ел арасындағы тауар айналымы тұтастай оң өзгеріске ие болды. Қазақстан экспортының негізгі бөлігі мақта, жүн, бериллий, фосфор, казеин, полистирол, былғары шикізатына тиесілі. Франциядан машина (көлік) құрылысы, электроника, фармацевтикалық өнеркәсіп пен агроөнеркәсіп өнімдерін сатып алды. Сондай-ақ косметика және парфюмерия өнімдерін сатып алу ауқымы да көрініс тапты. Екі елдің отын-энергетика кешені, құрылыс, көлік, геофизика, агроөнеркәсіп секторы, телебайланыс, әуе қозғалысын бақылау, ақпараттық, бағалы әрі сирек жер металдарын өндіру мен қайта өңдеу аясындағы өзара әрекеттестіктер де болашаққа негізделді. Жалпы, Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы тиімді серпін ала бастады.

2009 жылы 28 қаңтарда Парижде Қазақстан-Франция әскери кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Бірінші отырыс «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында орын алды. Ортақ инновациялық өндірістер құру үшін жаңа әзірлемелер ашу және ел экономикасына француз инвесторларының сенімін нығайту арқылы екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі қарай дамытудағы маңызды кезең болып табылды [6].

Қазіргі уақытта Қазақстан-француз байланыстары саяси, экономикалық, ғылыми, әскери-техникалық ынтымақтастықтың дерлік барлық бағыттарын қамтиды. Алайда екі тарап та өзара тиімді ынтымақтастық әлеуеті тиісінше жүзеге аспай отырғанын мойындайды. Франция Қазақстанда өзінің бағыттарын жетілдіруге мүдделі. Соңғы жылдары француз кәсіпкерлері Қазақстанға жиі ат басын бұрып жүр. Француз фирмалары мен компанияларының қатысуымен 20 бірлескен кәсіпорын құрылды, оның ішінде 8 кәсіпорын материалдық өндіріс саласымен айналысады. Қазақстанда француздық 10 фирма өкілдігі тіркелді.

Франция әлемдік экономикалық даму көрсеткіші бойынша елеулі рөлге ие. Бұл, ең алдымен, оның экономикалық дамуының жоғары деңгейіне байланысты. Бүгінде Франция ЖІӨ көлемі бойынша – төртінші орынды (АҚШ, Жапония мен ГФР-дан кейін), шетелдік қаржы түсімі бойынша – үшінші, шетелдегі инвестициялар ауқымы бойынша төртінші орынды иеленіп отыр. Францияның экспорты мен импортының 60%-дан астамы, негізінен, Еуропалық Одақ елдерімен сауда үлесіне тиесілі.

Қазақстанның Францияға қызығушылығы экономикалық ынтымақтастықтың зор әлеуетіне, оның жоғары технологиясы мен ірі қаржылық мүмкіндіктері болуымен байланысты. Француз экономикасының жоғары өнімді аграрлық секторы да ерекше ықылас тудырады. Қазіргі таңда Францияның аграрлық секторы өз өнімінің көлемі бойынша Еуропада бірінші орынды, ал экспорт ауқымы бойынша екінші орынды иеленіп отыр.

2014 жылы ҚР мен Францияның тауар айналымы 5 млрд долларға жетті. Қазақстан үшін Франция маңыздылығы жөнінен бесінші сауда серіктесі болып табылады. 2005–2014 жылдар аралығында инвестиция көлемі 8 млрд долларды құрады [7].

Осылайша, Қазақстан мен Францияның сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастығының тарихи алғышарттары олардың экономикалық ішкі процестерінің дамуында жатыр. Ең алдымен,

екі ел экономикасының жандануы мен жақындасу қарқынын анықтап берген Қазақстандағы мемлекеттік меншікті қайта құрудың, жекешелендіру үдерістерінің серпіні мен ерекшелігін атап көрсеткен жөн.

Әскери саладағы Қазақстан-француз ынтымақтастығының басты бағыттарының бірі екі елдің халықаралық келісімдер шеңберіндегі өзара байланыстары болып отыр. Мысалы, Еуропадағы қарулы күштер туралы келісім және Сенім мен қауіпсіздікті нығайту шаралары бойынша Вена келіссөздер құжаты (ВҚ-(99)94) осындай халықаралық құжаттар болып табылады.

Аталған құжаттар қағидаларын орындау жауапкершілігі Франция Республикасындағы ұқсас құрылыммен байланыс жасайтын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақтарды қысқартуды және инспекциялық қызметті қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі орталыққа жүктелді.

Екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың басқа бағыттары халықаралық ұйымдардың қызметі аясында, соның ішінде ЕҚЫҰ-да өз көрінісін тапты. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2000 жылы маусымда Парижге сапары екі ел арасындағы саяси байланыстарға жол ашты. Халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасулар кезінде Франция басшылығы Қазақстанның аймақтық интеграциялық үдерістерге қосқан үлесіне, оның АӨІСШК жиналысында бастамалар көтеру ісіне және республикамыздың БҰҰ, ЕҚЫҰ және т.б. ұйымдармен белсенді ынтымақтастығына жоғары баға берді.

Осылайша, энергетика, инвестиция, банк секторларын құрайтын екі елдің экономика саласындағы өзара қатынастардың нығаюы саяси әрі әскери саладағы ынтымақтастықтың күшеюіне әкелетіні жөнінде қорытынды шығаруға болады. Қазақстан нарығына француздық ірі компаниялардың енуі екі жағдайда мүмкін болып отыр: біріншіден, осы бизнесті қорғап қана қоймай, оның алға жылжуына қалыпты жағдай туғызып отырған елдің қолайлы инвестициялық жағдайы мен сенімді құқықтық жүйесінің болуы, екіншіден, тату көршілік қатынастар мен республиканың интеграциялық үдерістерге белсенді қатысуы арқылы қол жеткізілген аймақтағы тұрақтылық. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, оларды жүзеге асыру үшін Қазақстанда барлық жағдай жасалған. Келешекте әскери саладағы Қазақстан мен Франция арасындағы қатынастар едәуір нығаймақ.

Өзінің президенттік билігі тұсында Н. Саркози басқа

мемлекеттерде жүргізілген тәжірибе сияқты дағдарысқа қарсы ұлттық бағдарлама әзірледі. «Дағдарысты басқару» бағдарламасы өзінің саяси қолдаушыларының арасында оң бағаға ие болды. Оның басты ерекшелігі – бюджет қаражатының бөлінуі мен оның орындалуын қадағалайтын арнайы мемлекеттік құрылыстың құрылуы [8, 254-259].

2007 жылдың ақпанында Н. Саркози Еуропадағы саяси көшбасшы рөлін өзіне қайтару үшін Жерорта теңізі одағы жобасын ұсынды, бірақ бұл идея іске асқан жоқ. Сонымен қатар 2011 жылдың басында Жерорта теңізіндегі Араб елдерінде және Ливияда болған оқиғаларға НАТО-ның араласуы, Париждің аймақтағы жетекші рөлді өзіне қайтаруға талпынуы мен ЕО-ның сыртқы саясатты қалыптастырудан бас тартпауы Францияның белсенділігін анық көрсетіп отыр.

2009 жылы қазанда Н. Саркози жалпы сомасы 6 млрд долларды құрайтын 24 келісімшартқа қол қойды. Француз компаниялары атом энергетикасында, білім, ғарыш және т.б. салаларда жұмыс атқара бастады. Сондай-ақ мұнай бағыты бойынша Каспийде Хвалынск бірлескен жұмыстары жөнінде пікір алмасты. Өкінішке қарай, жобалардың басым бөлігі іске аспады және болашақта екіжақты ынтымақтастықты жүзеге асыратын ірі жобалар бар екендігі анықталды [9].

2011 жылдың қарашасында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімовтің Францияға сапары барысында еліміз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына бақылаушы мәртебесіне өтініш білдірді, сондай-ақ Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы виза тәртібі қарастырылды.

Қазіргі Францияның сыртқы саясаты үш негізгі мақсатты көздейді:

- өзін сақтау: «қордың сыртқа кетуі;
- әлемде белгілі бір рөлді иелену үшін өз тарихын, саяси бағыты мен мәдениетін сәйкестендіруі;
- елдің беделінің түсуіне, «құлдырау» жүйесіне бар күшімен қарсы тұру.

2012 жылғы 6 маусымдағы президенттік сайлауда Ф. Олланд жеңіске жетті. Ф. Олланд өзінің бағдарламасында дәстүрлі француз социалистеріне салықты қалталылардың мойнына ілуді, әлеуметтік салада қаражат көлемін сақтауды және жұмыссыздықпен күресу-

ді уәде етті. Француздар Олландтың бағдарламасын француз сипатындағы «жаңа бағыт» ретінде қабылдады.

Екі ел арасындағы ең маңызды мәселе – білім беру саласы. Қазіргі уақытта «Болашақ» бағдарламасы бойынша Францияда көптеген қазақстандық студенттер білім алуда. Жоғарғы оқу орындарының тікелей келісімшарттары бойынша тұрақты түрде студенттер мен оқытушылар тәжірибе алмасып тұрады. «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында «Қазақстан-француз технология трансферті орталығы» құрылды.

Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы сыртқы саясатын қалыптастыруға және халықаралық сахнада өзін танытуға мүмкіндік алды. Бүгінгі күні еліміз дүниежүзі мемлекеттері арасында лайықты орнын иеленді, аймақта ғана емес, әлемнің барлық елдері қызығушылық танытып отырған мемлекет. Франциямен қарым-қатынасын дамыту – Қазақстан сыртқы саясатындағы басты басымдық, қазіргі кезеңде елдің экономикалық дамуына бірден-бір әсер етуші фактор ретінде қарастырылады.

Елдің басты мақсаты – Франциямен екіжақты ынтымақтастықты арттыру және әріптестікті жоғары деңгейге жеткізу. Кеңею тұрғысында Франция Орталық Азия елдеріне жақындады. Осыған байланысты ЕО мен ҚР арасында серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім жасалып, арнайы хаттамаға қол қойылды. Аталған құжат күшіне енгенде, Еуроодақтың жаңа тоғыз мүшесіне таратылды. Қатысушы мемлекеттердің көзқарасы бойынша оның осылайша кеңеюі (территорияның, тұрғындардың кеңеюі және т.б.) бұрын-соңды болмаған. Міне, осындай қарым-қатынастар елдер арасын жақындастыра түсетіні сөзсіз.

Қазақстан мен Франция қарым-қатынасындағы қызығушылық өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықта жатыр. Еуропалық Одақ елдері Қазақстан Республикасының ерекше геостратегиялық және географиялық орналасуына басымдық (ірі экономикалық, ресурстық, адам әлеуеті) береді Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты қызметіндегі негізгі басымдылық экономикаға ашықтығы болып табылады. 2000 жылы қазанда Еуропалық Одақ Қазақстанды нарықтық экономикалық мемлекет ретінде мойындады, яғни ҚР мен Франция жаңа даму сатысына көтеріліп, еліміз сыртқы экономикалық ынтымақтастықтың еуропалық бағытына бет алды.

Қазақстан Республикасы мен Францияның өзара қарым-қатынасының негізгі бағыттары – сауда-экономикалық байланыс, ТАСИС бағдарламасындағы экологиялық, мәдени мәселелер мен Орталық Азиядағы есірткі айналымымен күрес төңірегіндегі мәселелер. Бүгінгі таңда мұндай ынтымақтастық энергетикалық қорлар мен мұнай-газ саласына бағытталып отыр.

Елімізде Total, Areva, GDF-SUEZ сияқты ірі француз энергетика компанияларының өкілдіктерінің ашылуы – Қазақстан мен Франция индустриалды стратегиялық серіктестік ретінде дамып келе жатқанының жарқын дәлелі.

Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастар да соңғы жылдары жемісті дамып келеді. Ғылым, білім және мәдениет саласындағы Қазақстан-француз ынтымақтастығы 1993 жылғы Өнер және мәдениет саласындағы үкіметаралық келісімнің, 1994 жылғы Қазақстан ұлттық ғылым академиясы мен Францияның ұлттық ғылыми-зерттеу орталығының арасындағы келісімнің шеңберінде дамып отыр. Бүгінде сол жасалған келісімдер екі ел халқының мәдениет пен өнер саласындағы байланыстарының негізіне айналды. Екі ел жоғары оқу орындары арасындағы әріптестікті нығайту мақсатында жыл сайын халықаралық білім беру форумдары өткізілуде.

XXI ғасырға Франция әлемдік деңгейдегі демократиялық держава және ең ірі әлемдік мәдениет орталығы ретінде қадам басты және де бұл ел адамзат тарихында баға жетпес байлық қалдырып келе жатқан мемлекет ретінде танымал. Францияны «әлем зертханасы» деп бекер атамаса керек. Себебі, ол жерде мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың жаңа формалары зерттелген. Французлар қашанда әлемді жаулап алатын идеяларымен ерекшеленген. Сол сияқты, еуропалық бірігу идеясы да осылай орныққан. Ал еуропалық интеграцияда Батыс Еуропа елдерінің жетекші факторы Франция болып табылады, ол көшбасшылық рөл атқарып, еуропалық интеграцияның моторына айналды.

Қазақстан үшін көшбасшы мемлекеттермен көпсалалы қарым-қатынасқа түсу өте маңызды. Франция мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар бүгінгі таңда өте кең салаларды қамтып, жемісті жүзеге асып келеді. Оның үстіне, Қазақстан Франция тәжірибесін өзінің ішкі саясатында, жергілікті басқару жүйесінде, экономикалық реформалар жүргізуде кеңінен пайдаланып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. www.news.kz. 2015 ж.,10 маусым.
2. ҚР ПӘ. 75-Н-қ., 1-тізбе, 94-іс, 76-п.
3. Договор о стратегическом партнерстве между Казахстаном и Францией от 12.06.2008.// http://nomad.su
4. ҚР ПӘ. 5-Н-қ., 1-тізбе, 669-іс, 24-п.
5. ҚР ПӘ. 75-Н-қ., 1-тізбе, 97-іс, 29-п.
6. Государственная программа «Путь в Европу». Указ Президента РК от 29 августа 2008 г. №653. http://adilet.zan.kz
7. Казахстан рассчитывает на серьезное увеличение товарооборота с Францией. www.tengrinews.kz, 2014 ж., 5 желтоқсан.
8. Рубинский Ю.И. Франция. Время Саркози. – М.: МО, 2011. – 320 с.
9. Лаумулин М. Внешняя и внутреняя политика Франции при Ф. Олланде // КИСИ, Аналитик, 2012. – №6. – С. 7-22.

# Терроризммен күрес Шанхай ынтымақтастығы ұйымы қызметінің басым бағыты ретінде

**Жанар МЕДЕУБАЕВА,**
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Аймақтану кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
**Элмира ӘДІЛ**
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты

Жиырма бірінші ғасырда жаһандық қауіпсіздікке төніп отырған негізгі қауіп-қатер терроризмнің барлық көріністері болып отыр. Қауіпсіздік мәселелеріне қатысты халықаралық тәжірибе ұлттық деңгейде қабылданған шаралар өз нәтижесін бермей отырғандығын көрсетті. Оның негізгі себебі, қазіргі таңда экстремизмнің, терроризм және сепаратизмнің ұлттық деңгейден баяғыдан шығып, дүниежүзілік сипатқа ие болуында. Басқа құбылыстарға қарағанда терроризмнің ең қауіпті түрге (әсіресе мемлекет ізіне түскенде) айналу қабілеттілігі жоғары. Осы жерде халықаралық қауымдастықтар терроризммен күресте бірлескен жұмыстар атқаруы қажет.

Егемендік алған күннен бері Орталық Азия елдерінің Ауғанстанмен көрші орналасуы осы аймақтың қауіпсіздігі үшін тұрақсыздандырушы факторға айналды. Осыған орай, Орталық Азия аймағы Шығыс пен Батыс арасындағы транзит дәлізіне айналып, қару, есірткі тасымалының ағыны артып отыр. Кейіннен, сырттан келген діни экстремизмнің көріністері белең алды.

2001 жылы экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту үшін Қытай, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан мемлекеттері Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ) құрғаны белгілі. Уақыт өте келе, аймақта экономикалық мәселелермен қатар террористік бағыттағы трансшекаралық қауіп-қатерлердің алдын алу қажеттілігі туды. Барлық осы мәселелерді кешенді шешуде ШЫҰ шеңберінде арнайы құрылымдар құру өзектілігі артты. ШЫҰ қызметінде басты локомотив экономикалық сектор болғанымен де, қазіргі уақытта әлемде терроризммен, экстремизм және сепаратизммен күрес шегіне жетті. ШЫҰ-ның осы бағыттағы қызметі біршама алға жылжыды, тіпті бірлескен оқу-жаттығуларға дейін нақты шаралар қабылданды. Бұл аймақтық қауіпсіздік саласында ШЫҰ-ның әлеуеті зор екендігін көрсетеді.

Бүгінде әлемдік қауымдастық ШЫҰ-ның құрылуы мен оның қызметін біржақты бағалап отыр. Және бірте-бірте Америкаға, не болмаса Батысқа қарсы бағытталған ұйым еместігіне көз жеткізіп келеді. Бұрын кездесетін «Буштың коалициясына қарсы» сыңайдағы түсінік «Обаманың коалициясына қарсы» түсінігіне өзгерген жоқ. «ШЫҰ-ның Батысқа қарсы сипаты» пайдасына шешілген фактілер бір себепке байланысты негізделмеді. Ұйымға мүше елдердің әрқайсысы Батыс елдерімен екіжақты қарым-қатынасты табысты дамытып келеді.

«ШЫҰ Хартиясы» мен басқа да құжаттарды оқып-зерделеп, бастысы, нақты қызметтерін саралағаннан кейін Батыс сарапшылары ұйымның қызметі бейбіт жолға бағытталғандығына көздері жетті. ШЫҰ, не болмаса оның құрылымының бірде-бір құжатында АҚШ пен Батыс елдері туралы теріс пікірлер жоқ. Дегенмен екі ядролық мемлекет – Пәкістан мен Үндістанның, сондай-ақ аймақтағы көшбасшы Иранның ШЫҰ-ға қосылуын Батыс басты қауіп-қатер ретінде көреді.

Батыстың «алаңдаушылығын туғызып отырған» келесі бір фактор ШЫҰ-ға мүше елдердің бірлескен әскери оқу-жаттығулары. «Daily Telegraph» британдық газеті ШЫҰ-ны екінші Варшава келісімшарты деп атаса [1], «New York Times» газеті мұндай оқу-жаттығулардан Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы энергия қорларына бақылау жүргізу талпынысын көріп отыр [2]. Немістің «Suddeutsche Zeitung» газеті болса, «Батыстан тәуелсіз ықпал ету орталығын құруды» көздейді деп жазады [3]. Француздың «Le Figaro», немістің «Die Tageszeitung» және жапондық «Yomiuri»

газеттерінің пікірлері де осыған саяды [4, 5]. Дегенмен бұлар терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығулар екендігін назардан шығармаған жөн. Мәселен, 2014 жылдың 29 тамызында Қытайдың Чжужихэ полигонында өткен оқу-жаттығуды алайық. Оқу-жаттығудың алдында: «Шартты бір қалада ұлтаралық шиеленіс ушығып, елдің саяси тұрақсыздануына, террорлық шабуылдардың артуына әкелді. Үкіметтің Үндеуі бойынша және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мандатын алғаннан кейін ШЫҰ-ға мүше елдер шартты мемлекетке көмек көрсету шешімін шығарды» деген аңыз айтылды. Осының өзі әскери емес, терроризмге қарсы жаттығулар екендігін айғақтайды. Аңызда БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мандаты сынды маңызды деталь көрсетілген. Бұл да ШЫҰ қызметінің бейбіт сипаты мен оның тек ішкі мәселелерді шешуге бағытталғандығын айғақтайды.

Геосаяси тұрғыдан алсақ, әлемдік қауымдастық алдында Ресей мен Қытайдың ШЫҰ-ға мүше болуының өзі аталған ұйымға амбициялық сипат береді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстанның ШЫҰ-ға мүше болуы экономикадан бастап терроризм, экстремизм қауіп-қатеріне дейінгі ұлттық, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, түрлі салаларда мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Ортаазиялық елдердің Ауғанстанмен көрші жатуын ескерсек, осы елдердің ұлттық және аймақтық деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйеге ену талпынысы – заңды құбылыс.

ШЫҰ-ның терроризммен күрестегі қызметі, әсіресе соңғы уақытта әлемдегі террорлық шабуылдарды ұйымдастырушы «ДАИШ» ұйымына (Сирия мен Ирактың біршама бөлігін бақылап отырған ең радикалды исламистік топ) байланысты өзекті бола түсті. Аталған топ Интернетте бес жылдан кейінгі мемлекеттің картасын жария етті (1-сурет) [6].



1-сурет. **ДАИШ-тің бесжылдық жоспары**

Бұл карта топтың Таяу Шығыстағы мұнай шығатын барлық аудандарын жаулап алуды көздеп отырғандығын көрсетеді. Кейбіреулер бұны арандатушылық деп санайды. Араб, индус, африкандықтарды бір тудың астына біріктіру орындалмайтын жоспар, ақылға қонымсыз дейді. Бірақ бұны әрбір қадамы есептелген жоспар десек, бүкіл адамзат баласы мен ортаазиялық елдерге салмақты ескерту екендігі сөзсіз. Оның үстіне, ДАИШ басшылары өз амбицияларын талай мәрте айтып та жүр. ДАИШ-тің ниеті ішінара іске асырылуының өзі аймаққа үлкен қауіп төндіреді. Қалай десек те, аталған топ Орталық Азияны жаулап алудан тайынбайды. Картадан ДАИШ-тің Қазақ еліне нақты қауіп төндірмейтінін көруге болады, десе де оңтүстік жақтан шекарамызға таяп қалғанын жоққа шығаруға әсте болмас. Сондықтан ықтимал жағдай ретінде назардан тыс қалдырмау керек.

Қазірдің өзінде Орталық Азия аймағына жақын жерлерден қауіпті хабарлар түсіп жатыр. Мәселен, Әзірбайжан Ұлттық қауіпсіздік министрлігі ДАИШ құрамында болған, сондай-ақ заңсыз қарулы ұйымдар құруды жоспарлады деген айыппен 26 азамат тұтқындалғанын мәлімдеді [7]. Әзірбайжан ШЫҰ-ның жауапкершілік саласына кірмесе де, Қазақстан, Ресей және Иранмен шектесіп жатыр. Бұл болса, Орталық Азияға терроризм транзиті қаупі төніп тұр деген сөз.

Ауғанстанда талибтердің ДАИШ-тің жағына өту қаупі бар. Оның үстіне, Ауғанстаннан коалициялық әскер шығарылғаннан кейін, ондағы әртүрлі террорлық ұйымдар оперативті кеңістікке шығуы мүмкін. Пәкістанның Хайбер-Пахтунхва провинциясында Күш құрылымдары ДАИШ басып шығарған «Фатех» («Жеңіс») атты жұқа кітапшаларын тапты. Аталған кітапшада ДАИШ идеологтері өз жоспарлары мен істерін қолдауды сұрайды. Пәкістан Үкіметі ДАИШ-ті «әл-Каида»-дан әлдеқайда қауіптірек деп санайды. ДАИШ-тің жергілікті халықты өз тобына тарту процесіне Пәкістан үкіметі барынша кедергі жасап бағуда.

Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Түркменстандағы астыртын және жартылай астыртын радикалды ағымдардың өкілдері осы топтың теріс идеологиясына еріп кетуі әбден мүмкін.

Осыған орай елімізде де жағдайдың ушығып кетпесіне ешкім кепілдік бере алмайды. «Ислам мемлекеті» содырларының жағында әртүрлі діни секталардың ықпалына ұшыраған бірнеше ондаған қазақстандықтар бар деген хабарлар кездесіп жатады [8]. Олардың елімізге қайтып келуі мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіреді. Өйткені өзге идеологияның шырмауына түскен жандар еліміздің тұрақтылығын бұзатын іс-қимылдарға баруы сөзсіз. ДАИШ өкілдері, тіпті Ресейдің мұсылман аудандарында да өз жорықтарын ұйымдастыру қаупін төндіріп отыр.

## ШЫҰ-ның террорризмге қарсы күресі: қазіргі заман қауіп-қатерлері жағдайындағы эволюция

Тарихи тұрғыдан келсек, ШЫҰ-ның қызметі 1996-1997 жж. «Шанхай бестігі» жұмысымен басталады. Шанхайдағы алғашқы кездесуде әскери саладағы сенімді күшейту және шектес қарулы күштерді қысқарту жөніндегі келісімдерге қол қойылды. Осы кезеңде аймақта орын алған экономикалық, қылмыстық, көші-қон, экологиялық сипаттағы әскери емес трансшекаралық қауіп-қатерлерді шешу қажеттілігі туды.




2-сурет. **ШЫҰ-ға мүше елдер**

Бүгінде аталған ұйымның қызметінде үш негізгі аймақты бөліп көрсетуге болады. Олар: *экономикалық, қауіпсіздік және гуманитарлық ынтымақтастық* аймағы. Шекаралары мен жұмыс істеу деңгейлері бойынша аталған аймақтар әртүрлі. Аймақтардың әрқайсысы өзгелерінен сапалық тұрғыдан ерекшеленеді. Қазіргі кезде қауіпсіздік кеңістігі нақтылана түсуде, дәл осы қауіпсіздік мәселесі ШЫҰ-ны құруға себепші болды. 2001 жылы ұйымды құру және ШЫҰ Хартиясына қол қою кезінде «Терроризммен, сепаратизм және экстремизммен (оның ішінде діни) күрес туралы» Конвенцияға қол қойылды. Онда аталған мәселелермен күресте құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің өзара іс-қимылын дамытуға бағытталған ұғымдарға анықтама берілді [9]. 2002 жылдың 7 маусымында «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге» қол қойылды [10]. Аталған мәселелерді шешудің жалғасы ретінде 2004 жылы ШЫҰ-да Аймақтық терроризмге қарсы құрылым (АТҚҚ) құрылды. Бұл құрылымның атқарушы комитеті Ташкент қаласына (Өзбекстанға) көшірілді. ШЫҰ АТҚҚ-да ұйымға мүше мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңесі хатшылары отырыстарының механизмі жүзеге асты. Осыған орай АТҚҚ екі органнан тұрады: Атқарушы комитет (тұрақты жұмыс істейді) пен Кеңес (жылына екі рет кездеседі).

Тұрақты жұмыс істейтін орган – АТҚҚ атқарушы комитеті негізгі үш бағытта жұмыс істейді: терроризммен, экстремизм және сепаратизммен күрес жөніндегі қызметті үйлестіру; тараптардың құзіретті органдарының қызметтерін ақпараттық-сараптамалық қамтамасыз ету және халықаралық-құқықтық қызмет.

АТҚҚ қызметін құқықтық қамтамасыз етуді дамыта отырып, 2005 жылы Астанада өткен 10-шы саммитте Құрылым Кеңесі ШЫҰ АТҚҚ деректер қоры мен ШЫҰ АТҚҚ шеңберінде құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі келісімдерге қол қойғанын мәлімдеді.

Терроризм мен есірткі тасымалының тығыз байланысын ескерген ШЫҰ есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойды. 2002 жылы ШЫҰ есірткіге қарсы жүйе құрудың тиімділігін дәлелдеді (Ауғанстан шекарасы бойынша қауіпсіздік белдігі). Ауғанстанда өндірілетін есірткінің 65 пайызы Орталық Азияға, Ресей мен Батыс елдеріне тарайды, ал шамамен үштен бір бөлігі Орталық Азия аймағында қалады [11]. Осы індетпен күрес мақсатында 2004 жылы Ташкентте өткен Кеңесте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Ауғанстан Үйлестіру кеңесін құру жөніндегі шешім қабылдады. Оның қызметі шекараны бақылау және есірткі тасымалына қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыруға бағытталған. ШЫҰ-ның әртүрлі құрылымдарындағы форумдарда есірткіге қарсы бірлескен күрес үшін тұрақты орган құру туралы мәселе талқыланып келеді.

ДАИШ-тің Орталық Азияға ену мүмкіндігі АТҚҚ алдына күрделі міндеттер қойды. 2015 жылы аталған құрылым оңтүстіктегі оқиғаларға жылдам әрекет етіп, тікелей ШЫҰ аймағында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шаралар қабылдауы қажет.

2014 жылы Душанбеде өткен саммитте ШЫҰ Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының 2013 жылы атқарған жұмысының есебі мақұлданып, бекітілді. АТҚҚ есебі бойынша алты ел аумағында болуы мүмкін бірнеше террорлық оқиғалардың жолы кесілді. Терроризм бойынша ортақ деректер қорын түзу шеңберінде «террорлық, сепаратистік және экстремистік сипаттағы қылмыстарға байланысты халықаралық іздеу жарияланған азаматтардың тізімі» бекітілді. Осы тізім базасында «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтерінің біртұтас іздеу реестрі» түзіле бастады. Солай болғанымен де, АТҚҚ Интерполдың азиялық баламасы емес, ол тек ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті құрылымдары мен күш органдарының қызметтерін үйлестіреді.

АТҚҚ терроризмнің жалпыға белгілі көріністерінен басқа

қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерімен де айналысады. 2014 жылдың 19 қыркүйек күні өткен ШЫҰ АТҚҚ-ның 25-отырысында ұйымға мүше мемлекеттер құзыретті органдарының трансшекаралық мұнай және газ құбырларын өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралары қаралып, бекітілді. Интернет желісін террорлық мақсатқа пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу жөніндегі шаралар мақұлданды. Сондай-ақ терроризммен күрес туралы халықаралық деректер қорына ШЫҰ АТҚҚ-ны қосу жөнінде шешім қабылданды.

ШЫҰ-ның негізгі міндеті – ортаазиялық аймақта Таяу Шығыстағы «тұрақсыздық өсіне» қарсы «тұрақтылық өсін» құру. Әскери мазмұны анықталмаса да, ұйым қауіпсіздік мәселелеріне (күштің араласуына дейін) баса назар аударуға мәжбүр болып отыр.

2002 жылдың қазанында ҚХР Қырғызстанмен бірге алғашқы терроргa қарсы оқу-жаттығуларын ұйымдастырды. Бір жылдан кейін Қазақстан мен Синцзянь Ұйғыр автономиялық округінде ұйымға мүше мемлекеттердің «Өзара іс-қимылдар – 2003» көпжақты оқу-жаттығулары өтті. 2006 жылдың наурызында Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан аумақтарында АТҚҚ алғашқы бірлескен «Шығыс – Террорға қарсы – 2006» оқу-жаттығуларын өткізді [12].

«Бейбітшілік миссиясы» оқу-жаттығулары 2007 жылы Ресейдің Шұбаркөл полигонында, 2010 жылы Қазақстанда, 2012 жылы Тәжікстанда өтті. 2014 жылдың 24-29 тамыз күндері Қытай аумағында ШЫҰ-ның бүкіл тарихындағы ең ауқымды «Бейбітшілік миссиясы – 2014» әскери оқу-жаттығуы өтті. Оны өткізуге Батыс альянсының Ауғанстаннан өз әскерін шығаруы себеп болды.

Осы жерде ұйымға мүше мемлекеттердің ішкі саяси жағдайының қолайсыздығы мен үкіметті күштеп ауыстыру қаупі төнген кезде, сондай-ақ ШЫҰ кеңістігіндегі ішкі қауіпсіздік жүйесі бұзылған кезінде ШЫҰ-ның нақты іс-қимылдары жөніндегі мәселенің басы ашық қалды. Ұйым шеңберінде Бішкек пен Әндіжандағы, не болмаса Украинадағы оқиғалар қайталанбас үшін, экстремизм мен сепаратизм түсінігінің аражігін ажырату мәселесін тиянақтау қажет. Украинадағы оқиғалардың шығу себебін Батыс пен Шығыс әртүрлі қарастырады.

ШЫҰ-ның Терроризммен күрес бойынша құрылымының қызметі қазіргі уақытта Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының (ҰҚШҰ) қызметімен тығыз байланысты. Әртүрлі уақыт аралығында аталған ұйым Еуразияның 6-дан 9-ға дейінгі мемлекетін біріктірген.

Бүгінде ҰҚШҰ-ға алты мемлекет кіреді: Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Белоруссия. Алғашында Грузия, Әзірбайжан мен Өзбекстан осы ұйымға кіргенімен, 1999 жылы оның құрамынан шығады.

ҰҚШҰ мен ШЫҰ АТҚҚ терроризм мен экстремизмге қарсы бірлесе жұмыс істеуге қол жеткізді. Бұл жөнінде 2014 жылдың қаңтарында ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Н. Бордюжа мен АТҚҚ атқарушы директоры Чжан Синьфэн (ҚХР) мәмілеге келді. Бұл:

- біріншіден, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінің екі ұйымға бірдей мүше болуына;
- екіншіден, ҰҚШҰ-да терроризммен күрес жөніндегі ШЫҰ-ның міндеттерін орындауға қабілетті «жедел ден қою күштері» құрылуына байланысты туындады.

Қазақ елі Ауғанстанның жарылуға қауіпті аудандарынан қашық орналасқанымен де, белгілі бір жағдайда, әсіресе Өзбекстан ҰҚШҰ құрамынан шыққаннан кейін, тұрақтылық бойынша Орталық Азия аймағындағы оңтүстік шекара болуы мүмкін [13].

## Ауған мәселесі ШЫҰ қызметінде

Бүгінде шиеленіс аймағының орталығы Ауғанстаннан батысырақ жерге – Сирия мен Иракқа қарай ойысқанымен, Ауғанстан мен оның айналасындағы текетірестер назардан тыс қалмақ емес. НАТО коалициялық әскері шығарылған соң (әскерді түпкілікті шығару 2016 жылға шегерілді), Ауғанстан өз тағдырын өзі шешеді. Сондықтан Ауған мәселесі жақын арадағы болашақта Орталық Азия елдері үшін өзекті болып қала береді.

Оған қоса, Ауғанстанның ШЫҰ-ға тікелей қатысы бар. 2012 жылдың 7 маусымында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көшбасшылары Ауғанстанға ШЫҰ жанындағы бақылаушы мәртебесін беру жөніндегі шешімге қол қойды.

2014 жылдың қазанында елеусіздеу болса да, маңызды оқиға орын алды. Ташкенттегі ШЫҰ Аймақтық терроризммен күрес құрылымының штаб-пәтерінде Ауғанстанның Өзбекстандағы елшісі Даудзай Мохаммед Садик пен АТҚҚ атқарушы комитетінің директоры Чжан Синьфэн Ауғанстандағы жағдайды талқылады. Кездесу барысында елші ШЫҰ мүше мемлекеттерінен терроризм-мен күресте Ауғанстанның Ұлттық қауіпсіздік күшіне қолдау көрсетуді сұрады [14]. Бұл коалициялық күштің қызметі аяқталуына байланысты аталған мәселені шешуде НАТО мен АҚШ-тан көмек

күтпейтінін және ШЫҰ-мен өзара іс-қимылдар жоспарлауға дайын екендігін көрсетеді.

ШЫҰ Ауған мәселесінен шет қала алмайды. Батыс коалициясы елден кеткенімен, географиялық тұрғыдан көрші болғандықтан, ШЫҰ ешқайда кете алмайды. Елдегі текетірестер жақын көршілер үшін үлкен қауіп тудырады, өйткені Ауғанстанның әлсіз билігіне ДАИШ-тің өкілдері келуі мүмкін. Сонда Ауған елі мен оған көрші елдер ұзақ жылдарға қордаланған мәселелерге ұшырасуы мүмкін.

ШЫҰ-ның бүкіл жұмыс істеген кезеңінде Ауған мәселесін шешудің ортақ көзқарастары қалыптасты. 2005 жылы ШЫҰ – Ауғанстан байланыс тобын құру жөніндегі хаттамаға қол қойылды. Кезінде Өзбекстан Ауған мәселесін шешудің «6+3» формуласын ұсынған еді. Яғни аталған мәселені шешуге Ауғанстанның алты көршісі мен Ресей, АҚШ пен НАТО қатысу көзделді. Десе де, бұл формулада шиеленістің тікелей тараптары – Ауған үкіметі мен оппозициялық күштер (талибандар) жоқ. Бұл жерде Ауғанстан мәселесін шешу жөніндегі Байланыс тобын құру кезіндегі БҰҰ жариялаған «7+5» формуласы әлдеқайда дұрыс келеді. Мұндағы «жетілікке» Ауғанстан мен Үндістан, ал «бестікке» ШЫҰ мен ҰҚШҰ кіреді. Бірақ оған Иран мен АҚШ, сондай-ақ Пәкістан мен Үндістан арасындағы кикілжіңдер кедергі жасап отыр. Осы жерде бұл «жетіліктегі» Ауғанстанның мәртебесі біршама түсініксіз, өйткені елдің мүддесін қандай саяси күш білдіретіні анық емес. Елдегі барлық қарсылас күштердің пікірлері ескерілмесе, бұл отырыстың нәтижесі болмайтыны тағы анық.

НАТО мен ШЫҰ ынтымақтастығына келсек, осы ұйымдардың мәртебесінің өзінде қайшылықтар бар. НАТО таза әскери блок болса, ШЫҰ – әскери емес ұйым. Қандай болмасын әскери контингенттің тұлғасы ретінде ШЫҰ Ауғанстан мәселесіне қатыса алмайды. Соған қарамастан, 2011 жылдың қаңтарында өткен саммитте ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер Ауғанстанның шекарасындағы қауіпсіздікке қатысты НАТО-ның арнайы жобалары бойынша ынтымақтастыққа дайын екендігін мәлімдеді. Бұл әлі де болса, нақтыланған жоқ. Кейбір сарапшылардың пікірінше, «осы құрылымдар арасындағы өзара сенімнің жоқтығы» оның болашағына балта шабуы мүмкін [15]. Енді біреулері ШЫҰ мен НАТО-ның ынтымақтастығы Ауғанстанға ықпалы зор Иран желісі бойынша жүргізілуі мүмкін дейді [16].

2009 жылдың наурызында «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен Ауғанстанның терроризмге, заңсыз есірткі айналымы мен

ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша іс-қимылдар жоспары» қабылданды [17]. Коалиция өз әскерін шығарған соң және әртүрлі күштердің билікке таласуы жағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін.

Осыған орай 2014 жылдың 28 наурызында ШЫҰ АТҚҚ кеңесінің отырысында коалиция күштерінің шығарылуына байланысты Ауғанстан аумағынан төнетін террорлық қауіп-қатерлердің алдын алу шаралары жөнінде шешім қабылданды [18].

Ауғанстандағы мемлекеттік бюджеттің 80 пайызы халықаралық көмектен түсетіні белгілі. Осыған орай елді өркениетке жетелейтін ең тиімді жол – ел экономикасы мен халықаралық сауда-экономикалық байланыстарды дамыту. Бұл Ауғанстандағы Шанхай ынтымақтастығын нығайтуда да маңызды. Тауарлар ағыны мен ресурстар транзиті болуға әлуетті мүмкіндік беретін елдің географиялық жағдайы да бұған ықпалын тиігізіп отыр. Бүгінде Ауғанстан ұлттық шаруашылықты қалпына келтіруге мұқтаж боп отыр. Оған оңтүстік шекарада сыртқы сауда байланысын кеңейтіп жатқан басқа да ортаазиялық елдер мүдделі. Экономикалық өзара байланыс нығайған жағдайда ғана ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Ауғанстанда саяси тұрғыдан беки түседі. Экономикалық ынтымақтасуда Ауғанстан үшін ең маңыздысы энергия ресурстарын барлау, телекоммуникация, көлік инфрақұрылымын құру болып отыр. Ел экономикасының дамуына дәл осы екеуі серпін береді. Осы күнге дейін Орталық Азиядағы инфрақұрылым мен сауданың барлық бағыттары Ауғанстаннан тыс жерлерге бағытталды. Қазақстанның қатысуымен Термез – Торхам теміржолы мен Пәкістан арқылы Үнді мұхитына шығатын Алматы – Бішкек – Ош – Душанбе – Кабул – Қандағар автомагистралінің құрылысының жобалары (Өзбекстан) қарастырылу үстінде. Бұл жағдайда Қазақстанның транзитті мемлекет ретіндегі рөлі артады.

Ауғанстан үшін теміржол құрылысы экономикалық қана емес, белгілі бір деңгейде технологиялық мәселе болып отыр. Ауғанстанды қоршаған елдер теміржол табанының үш типін қолданады:

Иран – 1435 мм (Қытайдағы секілді);

Түркменстан, Өзбекстан мен Тәжікстан – 1520 мм (кеңестік);

Пәкістан – 1676 мм (Үнді-Пәкістан жолы).

Осыған орай теміржол табанын техникалық тұрғыдан таңдау және теміржол инфрақұрылымының құрылысы бірінші кезекте әріптестің саяси-экономикалық таңдауына байланысты. Бейнелеп

айтсақ, Ауғанстан өз теміржол құрамдарының қай бағытқа жүретінін айқындап алуы керек.

ШЫҰ құрамындағы кейбір елдерде екіжақты тарапта Ауғанстанға қолдау көрсету бағдарламалары бар. Осы бағытта Қытай белсенді қадамдар жасап жатыр. Ауғанстанның жаңа басшысы Ашраф Гани өзінің ресми сапарын Қытайда бастады. Ресей мен АҚШ-пен салыстырғанда, бұл мәселеде Қытайдың күші – бейтарап ойыншы болуында. Ауғанстанға көмек көрсететін бірқатар елдердің ішінде Қытай маңызды орын алады. Қытай мен Ауғанстан қазірдің өзінде коммерциялық және техникалық ынтымақтастықты кеңейту бойынша бірнеше келісімдерге қол қойды.

Бұл мәселеде Қазақстанның да өзіндік үлесі бар. Сауда-экономикалық байланыстарды дамыту жолында Қазақстан-Ауғанстан үкіметаралық комиссиясы (ҮАК) маңызды рөл атқарып келеді. Екіжақты келісімшарт-құқықтық базаның негізін «Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Ислам Республикасы арасындағы қарым-қатынастар мен ынтымақтастық негіздері жөніндегі келісімшарт», сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық келісім, білім саласындағы, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық жөніндегі келісімдер мен «Дипломатиялық қарым-қатынасты орнату жөніндегі хаттама» құрайды.

Ауған мәселесін реттеуде, ең алдымен, елдегі жағдайды тұрақтандыру қажет. ШЫҰ-ның экономикаға бағытталған бейбіт сипаты Ауған мәселесін шешудің құралына айналуы мүмкін.

Ауғанстандағы жағдаймен қатар ШЫҰ-ның болашағы да осы ұйымның қадамдарына (Ауғанстанда не істейді?) тікелей байланысты. Бірақ ел ішіндегі әртүрлі күштердің ортақ мәмілеге келу мәселесін ауғандықтардың өзі шешеді. Тарих көрсеткендей, ауғандықтар бір-бірімен ымыраға келе алады, оны талай мәрте көрсетті де. Ауғанстан серіктестер ретінде бірінші кезекте көрші ортаазиялық елдерді тарту қажет.

Қорыта келгенде, соңғы жылдары тұтастай қауіпсіздік үшін, сондай-ақ ішінара терроризммен күрес басқа да экономикалық, гуманитарлық сипаттағы мақсаттарға жетудегі ынтымақтастықтың басым секторы болып отыр. Орта, Таяу Шығыстағы оқиғаларға қатысты террорлық қауіп-қатерлердің өршуіне байланысты ШЫҰ шеңберінде терроризм мен экстремизммен күрестің өзектілігі артып келеді. Осыған орай бүгінде ұйымнан өз аймағында қауіпсіздікті

қамтамасыз ететін жоспарлы іс-қимылдар ұйымдастыруды талап етеді.

Терроризм қауіп-қатерлерімен күреске дайындығы 2014 жылдың 12 қыркүйегінде ШЫҰ-ның Душанбе Декларациясында да айтылды: «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер осы ұйым шеңберінде терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына, трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі және халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы іс-қимылдарды жалғастыру қажет. Ұйымға мүше мемлекеттер аталған сын-қатерлер мен қауіптерді мүдделі елдермен, аймақтық және халықаралық ұйымдармен екіжақты, сондай-ақ көпжақты форматта бірлесе күресуге дайындығын білдіреді» [19].

2014 жылдың қыркүйек айында Пәкістан мен Үндістан ресми түрде ШЫҰ құрамына кіруге өтінім берді. Иран да осы ұйымға толыққанды мүше болуға ықылас білдіріп отыр. Шри-Ланка мен Армения бақылаушы мәртебесін алса, Белоруссия, Шри-Ланка, Түркия мемлекеттері ШЫҰ-ның «диалог бойынша серіктестік» мәртебесіне ие болды. Ұйымның кеңеюі барлық саладағы қауіпсіздік (оның ішінде терроризм) мәселелері мен оны шешу жолдарының тұжырымдалғанын білдіреді.

Сарапшылар ШЫҰ жұмысында декларативтіктіліктің сақталуы және Қытай мен Ресей басымдылықтарының қайшы келуі ұйым үшін екінші онжылдықтың жаңа жағдайында елеулі сын-қатерге айналуы мүмкін дейді [20]. Сонымен бірге ірі акторлар арасындағы алаңдаушылықтың өсуі жағдайында көптеген аспектілерді байқауға болады. Бұл Ресей мен Қытай арасындағы нақты әрі жасырын бәсекелесудің емес, керісінше әлемдік саясаттың принципті мәселелері бойынша одан әрі жақындасудың негізі болуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі әлемдегі геосаяси тұрғыдағы алаңдаушылық ұйым қызметіндегі барлық бағыттардың, әсіресе терроризммен күресте ШЫҰ-ның одан әрі дамуына түрткі болуы мүмкін.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Бломфилд Эдриан. Путин высоко оценил мощь «Варшавского договора – 2» // «Daily Telegraph», 17 августа 2007.
2. Л. Стерн Дэвид. На встрече ШОС россиянин и иранец критиковали США // «New York Times», 17 августа 2007.

3. Бресслер Даниэль. Центральная Азия хочет противопоставить себя Западу // «Suddeutsche Zeitung», 17 августа 2007.
4. Седр Александр. Кремль бросает вызов Америке в Центральной Азии // «Le Figaro», 17 августа 2007.
5. Бенсманн Маркус. Право на деспотию // «Die Tageszeitung», 17 августа 2007.
6. План ИГИЛ – захват всей нефти Ближнего Востока. http://titus.kz.
7. В Азербайджане задержаны 26 исламистов воевавших в Сирии, Ираке и Пакистане. http://razm.info/ru.
8. Почему ИГИЛ стал угрозой для Казахстана. http://tantv.kz.
9. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15 июня 2001г. // МЖМП. М., 2003.
10. Соглашение между государствами-членами Шанхайской организации сотрудничества о Региональной антитеррористической структуре от 7 июня 2002г. // МЖМП, № 1. –2003. .
11. Hill Fiona. The United States and Russia in Central Asia; Uzbekistan, Tajikistan, Afghanistan, Pakistan, and Iran. Дереккөз: http:// www.foreignpolicy-infocus.org
12. Военные учения ШОС: Россия демонстрирует ось противодействия США // Yomiuri, 20 августа 2007.
13. Вызовы безопасности в Центральной Азии. Институт мировой экономики и международных отношений Российской академии наук. Фонд перспективных исследований и инициатив. Фонд поддержки публичной дипломатии им. А.М. Горчакова. Фонд имени Фридриха Эберта. Москва: ИМЭМО, 2013.
14. «Афганистан больше не надеется на США и просит евразийские страны помочь в борьбе с терроризмом», 23 октября 2014 г., http://www.gumilev-center.ru.
15. «DW»: НАТО и ШОС – перспективы сотрудничества по Афганистану», 5 апреля 2009 г., http://www.centrasia.ru.
16. «Страны ШОС договорились о борьбе с угрозой эскалации терроризма из Афганистана», 28 марта 2014 г., http://afghanistan.ru.
17. «Декларация, Заявление и План действий государств – членов ШОС и Исламской Республики Афганистан по проблемам борьбы с терроризмом, незаконным оборотом наркотиков и организованной преступностью», 27 марта 2009 г., http://www.un.org/ru.
18. «Информационное сообщение о двадцать четвертом заседании совета региональной антитеррористической структуры Шанхайской Организации сотрудничества», 28 марта 2014г., http://www.ecrats.org
19. Душанбинская Декларация ШОС от 12 сентября 2014 г. // http://www.rg.ru.
20. Шанхайская организация сотрудничества и проблемы безопасности Евразии / М.В.Данилович [и др.]; под ред. А.А. Розанова; Женевский центр по демократическому контролю над вооруженными силами, Центр изучения внешней политики и безопасности, факультет международных отношений БГУ. – Минск / Алматы / Женева, 2012. – 194 с. –74-б.

# «Мәңгілік Ел» идеясын ақпараттық кеңістікте жылжыту

**Леся ҚАРАТАЕВА,**
ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер
институтының бас ғылыми қызметкері

Қоғамда ұлттық идея қандай болуы керек деген мәселе көптен көтеріліп келеді. Бұл мәселе ұлттық идеяның тұғырын анықтаудан бастап, оның мән-мазмұнын ашатын ұғымдарға дейін әртүрлі қырынан қарастырылды.

Ұлттық идеяны дайындау үдерісін шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңі, халықтың ұлттық идеологияны әзірлеудің мүмкіндігі мен оның мақсаттылығы туралы ой-пікірлерді қабылдамауы. Бұны ел тұрғындарының кеңестік идеологиялық ұстанымдардан әбден шаршағанымен түсіндіруге болады. Ғылыми әдебиеттерде бұл кезең идеологиялық вакуум кезеңі ретінде белгілі. Соның нәтижесінде, ел тұрғындарының дінге, діни жаңаруға қызығушылығы артты [1]. Қоғамдағы әлеуметтік құрылымның өзгеруі, азаматтардың өзіндік этникалық және діни сана-сезімінің өсуі бірегейліктің кеңеюіне әкелді. Осыған орай 2000 жылдардан бастап Қазақстан халқын ұйыстырып, бір мақсатқа жұмылдыратын идеялар мен құндылықтарға бағытталған осы үдерістің екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде мемлекет құрушы ұлт мәселесі бойынша азаматтардың жоғары белсенділігі көрінді. Осы тақырыптағы хабарлар ресми, сондай-ақ ресми емес ақпараттық кеңістікте де толыға бастады [2]. 2014 жылы ұлттық идеяны айқындаудың үшінші кезеңі кең ауқымда жүзеге асырыла бастады [3].

Бүгінде ұлттық идеямыздың «Мәңгілік ел» аталуы осы идеяны ақпараттық кеңістікте жылжыту үдерісінде барынша тиімді технологиялар туралы айтуға мүмкіндік беріп отыр.

Бір қарағанда, оңай еш нәрсе жоқ. Елімізде ақпараттық науқан алғаш өткізіліп отырған жоқ. Ұлттық идеяны айқындап алған алғашқылардың бірі де емеспіз, шетелдік тәжірибені қолдануға болады. Бұған қоса, қазір PR-технологиялар іске қосыла бастады, ақпараттық кеңістік ұлттық идея мазмұнымен толыға бастады. Солай болса да, ақпараттық кеңістіктегі ұлттық идеяны талқылау және жылжыту науқанының кемшін тұстары жетерлік.

Қоғамда ұлттық идеяны талқылау және жылжытудағы отандық ақпараттық науқанның кемшіліктерін анықтамас бұрын, талдауға негіз болған бірқатар әдіснамалық алғышарттарды белгілеп алғанымыз дұрыс.

Біріншіден, қазіргі әлемдегі қаржы-экономикалық дағдарыс, халықаралық құқық нормаларының күйреуі, ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуы, терроризмнің жаңа түрлерінің пайда болуы және т.б. бірқатар факторлар геоэкономикалық және геосаяси ахуалдың күрт төмендеуіне әкеледі. Аталған жағдайда тұрақтылықтың қажетті деңгейіне қуатты мемлекет қана ие бола алады (декларативті емес, халықтың нақты бірегейлікпен байланысын сипаттайтын).

Екіншіден, бірегейліктің «автоматты режимде» бөлінуі примордиалды ойлау парадигмасы жағдайында мүмкін және ол дәстүрлі қоғамға тән (бір ұлттан тұратын). Көпэтносты және көпконфессиялы мемлекеттерге тән модернистік тұрпатты бірегейлікті қалыптастыру жағдайында оның тұрақтылығы жеке адамның саналы таңдау деңгейіне тікелей байланысты. Мемлекеттік бірегейлік пайдасына шешілген саналы таңдаудың маңыздылығы Украина оқиғасы мен әртүрлі елдер азаматтарын халифат құруға шақырған ДАИШ-тің идеологиясында жарқын көрінеді. Өзге идеологияны уағыздаушылардың мақсатты ықпалы жағдайында индивидтің ешбір пайымдаусыз «автоматты режимде» саяси ұлтпен дербес бірегейленуі тұрақсыз болады.

Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті қамтамасыз ететін ресурстардың бірі ұлттық идея болып отыр. Ұлттық идея – бұл құндылық, ол үшін жұртшылық өзін-өзі шектеуге дейін барады. Дегенмен идеялардың нақты тәжірибемен байланысының жоқтығы ұлттық идеяның

тиімділігі мен қызметін орта және ұзақмерзімді болашақта нөлге жақындатады.

Төртіншіден, ішкі саяси функционалдылығымен қоса, ұлттық идея мемлекеттің саяси және әлеуметтік кеңістігіне ғана бағытталуы мүмкін емес. Ұлттық идея – бұл кейбір ұлттық аумақтағы бейбіт өмір сүрудің тәсілі туралы мессидж десе болады. Халықтың міндеті – бүкіл әлемге осы құндылықты жеткізу. «Осы құндылықтарды неғұрлым тасымалдаушы болған сайын, соғұрлым біздің маңызымыз да арта түспек, біз осы үшін де өмір сүріп келеміз»: күнделікті күнкөрістің қамымен жүрген халыққа өмірдің мәнін түсіндіреді, бейбітшіліктің маңыздылығын көрсетеді [4].

Осыған орай ұлттық идеяны жылжытып, ұзақмерзімді болашақта оның тұрақтылығын қамтамасыз ететін базалық принциптерге төмендегілерді жатқызамыз.

*Бірінші.* Ұлттық идея әмбебап сипатта болып, жалпы әлемдік ауқымдағы құндылық ретінде қарастырылуы қажет. «Бізге жақсы болуы керек» сыңайдағы немесе біреуге қарсы қою ұлттық идеяға жұмыс істемейді [4].

*Екінші.* Ұлттық идея үнемі жағымды сипатқа ие, ол ұлттан үстем, мәдениеттен тыс және азаматтық тұрғыдан жүйелі.

*Үшінші.* Ұлттық идеяның тұрақтылығы мен соның негізінде қалыптасатын бірегейлік экзистенциалды таңдаудың нәтижесі болып табылады. Мұндай тұрақтылық оның индивидтерінің балама идеологияның «тартымдылығына» қарсы тұру қабілеттеріне тікелей байланысты.

*Төртінші.* Ұлттық идеяны жылжытудың негізгі кеңістігі ресми емес кеңістік болып отыр. Ұлттық идеяны жүзеге асыру бойынша ақпараттық-үгіт-насихат науқанының басты элементтері азаматтар екендігі белгілі. Олардың қызметі ақпараттарды түрлендіру мен қоғамдық талқылауға қатысудан тұрады, олар сондай-ақ ақпараттық салдардың «кейіпкерлері» рөлін атқарады.

«Мәңгілік ел» идеясын жылжытудағы ақпараттық науқанның мынадай кластерлерін бөліп қарастыруға болады.

**Бірінші – ресми ақпарат кластері.** Ол еліміздің ресми тұлғалары мәлімдейтін хабарлардан бастап ұлттық идеяны қолдау жөніндегі бұқаралық патриоттық іс-шаралар туралы ақпараттық хабарларға дейінгі мессиджде топтамасынан тұрады.

Кемшін тұстары ретінде халық сұранысының, сондай-ақ осы

кластерге кіретін ақпараттық топтамаларға халық сенімінің әртүрлі деңгейін айтуға болады. Мемлекет басшысының мәлімдемелерін күту, талқылау сенімнің жоғары деңгейі ретінде бағаланса, патриоттық акциялар қажеттілік пен сенімнің төменгі деңгейіне ие.

**Екінші – ғылыми-сараптамалық кластер.** Оған ғылыми мақалалар мен монографиялар, сарапшылардың пікірлері, ғылыми-ұйымдастырушылық іс-шаралар туралы дайджестер: конференциялар, дөңгелек үстелдер, сарапшылар форумдар, т.б. жатады.

Бұл ақпараттық топтамалардың тиімділігі бірқатар факторларға байланысты. Біріншіден, ақпарат дайджест форматында берілген жағдайда «жылжыту» тиімділігі нөлге жақындайды. Себебі, сарапшылардың белгілі бір мәселені талқылау үшін жиналғаны туралы жай хабар жұртшылықтың қызығушылығын тудырмайды. Екіншіден, ғылыми-сараптамалық өнімнің сұранысы. Ақпараттың бұл түрінің өз аудиториясы бар (мәселен, қоғамдық-саяси қызметтегі азаматтар). Өндіріс, не болмаса қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін азаматтардың жұмыс уақытынан кейін ұлттық идея тақырыбындағы ғылыми-сараптамалық еңбектерді оқуы, не хабарлар көруі екіталай. Үшіншіден, «Мәңгілік ел» идеясының мазмұны жөніндегі пікірлер сан алуан. «Мәңгілік ел» идеясын беруде, негізінен, құндылықтар қатарына көңіл аударады.

**Үшінші – шығармашылық кластер.** «Мәңгілік ел» тақырыбындағы шығармашылық туындылардан: әндер мен суреттерден және т.б. тұрады. Бұл бағыттың тиімділігін бағалау өте қиын, дегенмен оның ерекшелігі – эмоционалды ортаға ықпал ету қабілеттілігінде. Кластердің ерекшелігін ескере отырып, әрбір нақты жағдайдағы кемшіліктер әртүрлі болуы мүмкін. Жалпы алғанда, үшінші кластерді шартты түрде екіге бөлуге болады. Біріншісі, ресми кластерге жатқызылса, екіншісін, «фишкаларға» жатқызуға болады.

**Төртінші – «фишкалар» кластері.** Осы кластердегі ақпараттық топтамалар халық шығармашылығының көрінісі болып табылады. Оған мемлекеттің де араласуы мүмкін. Бұл бағытқа ҚазМЗУ ректоры Мақсұт Нәрікбаевтың парашютпен секірісін [5]; Каспийден Алтайға дейінгі «Менің елім – Мәңгілік ел» этнографиялық экспедициясын жатқызуға болады. Өйткені бұлар ресми емес ақпараттық кеңістік шеңберінде азаматтардың қызығушылығын

тудырып, талқылауға ынталандырады. Мұнда да үшінші кластердегідей әрбір нақты жағдайдағы кемшіліктер әртүрлі болуы мүмкін.

**Бесінші – «Мәңгілік ел» идеясын ағылшын тілді кеңістікте жылжыту.** Кластердің ақпараттық мазмұны жоғарыда аталған төрт кластердің ақпараттық топтамалары есебінен жүреді. Жалпы, кластердің кемшілігін екі нәрседен анықтауға болады. Біріншіден, ішкі тұтынушыларға бағытталған қазақ тіліндегі, не болмаса орыс тіліндегі мәтіндердің аудармасы саналатын ағылшын тіліндегі мәтіндер «жылжытудың» жоғары деңгейіне ие бола алмайды. Ол үшін мәтіндер шетел аудиториясының «назарын аударатындай» принциптер мен технологияларға құрылуы керек. Екіншіден, аударманың лингвистикалық ерекшелігі де үлкен рөл атқарады. Мәселен, «National Idea» ағылшын тілді аудиторияға түсінікті болмауы мүмкін, оның дұрыс баламасы – «Kazakh National Identity».

«Мәңгілік ел» идеясын талқылау мен жылжытудағы ақпараттық науқанның мықты тұсы – оның кешенді форматта: БАҚ жарияланымдарында, архитектуралық композицияларда, эстрада шығармаларында, әртүрлі ақпараттық топтардың жұмысы шеңберіндегі қарым-қатынастарда жүргізілуінде. Сонымен бірге қазіргі кезде идеяны жылжытудағы өзекті міндеттердің бірі ресми емес ақпараттық кеңістікте коммуникативтік процестерді белсендендіру болып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мустафаева А.А. Исламское возрождение в Казахстане в 90-е годы ХХ века. //Вестник КазНУ, 2013. Востоковедение // http://articlekz.com.
2. Қараңыз: Бык А. Национальная идея Казахстана // https://zonakz.net.
3. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 17 января 2014 г. // http://www.akorda.kz.
4. Полонский П. Страна без национальной идеи распадется при кризисе // http://reinvent.platfor.ma.
5. Максут Нарикбаев совершил прыжок с парашютом // http://meta.kz.

# Жалпыұлттық құндылықтар мен модернизациялық үдерістер

**Серік НҰРМҰРАТОВ,**
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары,
философия ғылымдарының докторы, профессор

Қазіргі тарихи жағдайда қазақ халқының бай рухани мұрасын ғылыми зерттеудің маңыздылығы артуда. Себебі, ұлттық құндылықтарымызды қазіргі заманның модернизациялану үдерістерімен үйлестіру мәселесі туындап отыр. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бағдарламасында [1] ұлттық сананың пәрменді өрлеуі жөнінде айтылуы кездейсоқ емес. Әрине, қоғамдық қызығушылық ғылыми зерттеулермен және нысандарды терең теориялық пайымдаулармен астасып жатса, онда оның маңызы арта түсетіні белгілі. Халықтың мәдени тарихының құрамдас бөлігі болып келетін дүниетаным мен философияның тарихын білу тарихи дамудың және оның өзіндік біртектіленуінің қажетті шарты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақстандық қоғамның әрбір азаматының тарихи санасының үйлесімді қалыптасуы маңызды.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде Қазақ елінің тарихы туралы толғана келіп: «...Мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр шежіресін ізге көтерген кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасырлық төл тарихын білуге тиіспін. Бұған қоса, бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі – Түркі қағанатын естен шығаруға болмайды, ал бұл дегеніміз, асау

аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең...» [2, 25], – деп жазған еді. Елбасының ұлттық тарихымызға деген зор құрмет таныта отырып, туған халқына арнаған ұлағатты сөздері мен сындарлы стратегиялық көзқарасы көп мәселелердің басын ашқандай болды. Ең алдымен, Елбасы ұлттық тарихи танымның негізгі бағыттарын айқындай отырып, елдік тарихымыздың мемлекеттік маңызына айрықша назар аударады. Бұл дегеніміз, ең алдымен, Қазақстанның әр азаматын өзінің жалпыұлттық төл тарихын білуге міндеттейді.

«Қазақстан-2050» стратегиясында бұл өзектендіру іргелі түрде, яғни біздің қоғамымыздың дамуының басымды бағыттарының бірі – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру деп бекітілген [3, 81-92]. Ол өзінің бастауларында қазақ тарихи дамуында қалыптасқан халықтың генетикалық кодына арқа сүйейді [3, 93-94]. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық көзқарасымен анықталған Қазақстанның тарихи дамуының болашағының ауқымды бағдарламасы тек ғылыми қауымға ғана емес, сонымен қатар қазақстандық қоғамның барлық топтарына және әлемдік қауымдастыққа еліміздің әлемнің жоғары дамыған мемлекеттері қатарына қосылуға бағытталған жаһандық жоспарын көрсетті. Олар өзінің тарихы мен рухани мәдениетінің терең маңыздылығын зерделеуге негізделген тарихи энтузиазм мен патриоттық сана-сезімсіз өнімді нәтижелерін бермейді.

Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында жариялаған әлемде бұрын-соңды кездеспеген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мен тарихи зерттеулерге арналған «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарламасын жасауды ұсынуы барысында осыдан он екі жыл бұрын айтқан ойын қайта тұжырымдап, «Қазақстанда тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдістеме мен әдіснама арқасында сапалық секірісті жүзеге асыруына жағдай жасау, қазақ ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру», – деп көрсетуі де республикамыздағы бүгінгі мәдени-тарихи ахуалды оңалту бағытында нақты шаралардың қолға алынатындығын айқын аңғартады. Сондай-ақ «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «...Саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға, заманауи

мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек» [3, 96], – деп арнайы тапсырма беруі Қазақстанның рухани құндылықтарының тағы бір әлемдік биік межеге көтерілуінің алғышарты болып табылады. Сондықтан еліміздің жаңа тарихын қайта жазуда Қазақстан ғылымының барлық салалары, әсіресе қоғамдық ғылымдардың қомақты үлес қосатыны сөзсіз.

Әлем мен адамды қабылдаудың тұтастығы, ақыл-ой мен жүректің бірлігі, шындық, мейірімділік пен әділеттіліктің рухани-адамгершіліктік басымдылықтары, төзімділік пен ізгі ниеттіліктің ерекше түрі – Ұлы Даланың барлық осы сабақтарын қазақ рухани әлемі өзінің бойына жинақтады. Ел Президенті қоғамның өзекті мәселелерін жаңаша түсінуді даярлауда, қалыптасқан мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жаңғырту кезеңінде жалпыұлттық құндылықтардың орнығуына күш салудағы ұлттық интеллигенцияның ерекше рөлін атап көрсетеді және заманауи қалыптасқан мемлекеттің жаңару кезеңінде жалпыұлттық құндылықтарды орнықтыруда сөзсіз жетекші күш болуға тиіс.

Әрине, Елбасы Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадам өз еліміздің ішінде ғана емес, сонымен бірге халықаралық шеңберде қызу талқылану үстінде. Бұл – ғылыми негізделген ұлт жоспарын іске асыру арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылудың ұлттық жоспары.

Қазақ халқы өзінің тарихи болмысында өзара түсіністіктің, парасатты қарым-қатынастың қадірін жақсы білетінін танытты. Әсіресе, осы үдерістер өткен тарихта, қоғамның қиын кезеңдерінде айқын байқалды.

Қазақстан Республикасы – көп ұлттың өкілдерін біріктірген дербес мемлекет. Кез келген ұлттық мемлекет оны құрған негізгі ұлттың өзге этникалық топтар алдындағы басымдығын таныту құралы емес. Адамзат тарихында этностардың бір-бірімен өзара әсерлесу мүмкіндігі көбейген кезде, белгілі бір ұлттың бірегейлігін (аумағын, дінін, тілін, мәдениетін және т.б.) аман сақтап, дамыту қажеттігі ұлғаятынын байқаймыз.

Қазақстан Республикасы да, ең алдымен, санғасырлық тарихы бар қазақ ұлтының бірлігі мен бірегейлігін сақтап, дамытуға қызмет етеді. Мұның өзі «өзге этникалық топтар мәдениетіне қысым

жасалады немесе демократиялық құндылықтарға нұқсан келтіріледі» деген сөз емес. Керісінше, олардың да төл мәдениеті дамып, әрі Қазақстанның мәдени дамуына бір бұлақ болып қосылып, әрі біздің өзге халықтармен (әлгі этникалық топтардың атамекендерімен) мәдени байланыс жасауымыздың тиімді арнасына айналуы қажет екені өзектене түседі.

Ал енді қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар, жеке адамдардың бостандықтары мен құқықтары мәселесіне келсек, біздің еліміздің азаматтарының бәрі этникалық тегіне, дініне және т.б. қасиеттеріне қарамастан, бәрі де тең құқылы, бәріне де тең мүмкіндіктер берілген. Мұның өзі қазақстандықтарды іштей топтастыруға, ортақ Отанымыздың болашағы мен бүгінгі мүддесі жолында бірігуімізге, сөйтіп, бірте-бірте бірегейленген біртұтас халыққа айналуымызға ықпал етеді, жағдай жасайды.

Адамзат баласының алғашқы қауымдасуы мен қоғам болып қалыптасуы әлеуметтік қажеттіліктен туғаны мәлім. Қоғамдағы байланыстар мен қарым-қатынастардың табиғатынан әлеуметтік мәселелер мен шиеленістердің болатыны белгілі. Осы бағытта қоғамдық рухани келісімді нығайтуға ықпал ететін маманданған топтар құру идеясын ұсынуға болады.

Еліміздегі бірлік пен ынтымақтастыққа соңғы жиырма жылда өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының абзал миссиясының басты бағыты осында болса керек. Достық пен түсіністіктің өзіндік әлеуметтік лабораториясына айналған бұл құрылымның толымды жұмыс істеуіне Елбасымыз айрықша қамқорлық жасап келеді. Міне, осының арқасында сан салалы ұлтаралық, дінаралық қарым-қатынастарды нығайта түсуде жүйелі жұмыс жасалып, осы бір ізгілікті істің ұлттық бірлік пен этносаралық толеранттылықтың отандық үлгіні қалыптастыруға үлкен үлес қосылды. Алыс пен жақындағы елдер бұл ерекше әлеуметтік сипаттағы қазақстандық үлгіні өздеріне алуға тырысуда.

Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында елімізде ірі этностардың 28 республикалық, 800-ден астам өңірлік этномәдени орталықтары қалыптасты. Олар сан салалы қызмет атқарып келеді. Қазақстанда тұратын этностардың он бес тілде шығатын 35-ке жуық газет-журналдары бар. Эфирде 4 телеарна, тұрақты шығатын «Менің Қазақстаным», «Шаңырақ» және басқа да бағдарламалар бар.

Радиода «Достық», «Тіл – татулық тірегі» сынды тұрақты бағдарламалар жұмыс істейді. Республикалық газеттер «Біз – қазақстандықтармыз», «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» және т.б. айдарлармен ақпараттар таратуда. Республикада өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде білім беретін 211 мектеп бар. Сонымен қатар елімізде жексенбілік мектептер де жұмыс істейді.

Осындай берекелі ісі, айрықша танымы бар ел келешекте «Біртұтас ұлт, бірегей жұрт» болып қалыптаса алады ма? Оның саяси-әлеуметтік алғышарттары бар ма?». Әрине, баршылық. Әңгіме соларды тиімді пайдалана білуде болып отыр. Ең бірінші, мемлекетіміздің алдағы болашағын айқындаған, оның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік сипатын орнықтыратын Ата заңымыз бар. Мақсат ортақ, ол – Тәуелсіз елімізді тұғырлы ету. Шындап келгенде, осыдан ардақты алда асу жоқ.

Бірлік пен ынтымақ сияқты рухани құндылықтар барлығымызға ортақ құбылыстар. Олардан артық қасиетті ұғымдар елімізде жоқ десе де болады. Бүгінгі күні еліміздегі жүзден астам ұлт пен ұлыстардың 70 пайызы – «қаны бір, тілі бір, діні бір» түркі жұрты. Қазақстанды «Отаным, елім» деген өзге ұлт өкілдерінің достығы да осы ежелгі қазақ жерінде жарасымдылық табатынына сенімдіміз және оған өркениеттік негіздер де бар.

Мәдениетіміз бен әдебиетіміздің озық үлгілері ортақ жалпыұлттық рухани дүниеге айналды. Ұлы ойшылдарымыз Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы, арқалы ақындарымыз Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин, жыр алыптары Жамбыл Жабаев пен Мұқағали Мақатаев және т.б. әдебиетіміздің талантты өкілдерінің шығармалары бүгінгі күні тек қазақ халқының ғана емес, елімізде тұратын басқа да халықтардың рухани мұраларына айналғаны белгілі. Олардың еңбектері бүгінде әлем тілдеріне белсенді түрде аударылуда. Сондай-ақ ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширидің, кәріс Лаврентий Сонның, неміс Герольд Бельгердің және тағы басқалардың шығармалары қазақ тіліне аударылып, бүкіл халқымыздың ортақ игілігіне айналып отыр.

Тәуелсіздік жылдары халқымыз дәстүрлі дініне қайта оралды. Елімізде қазіргі кезеңде 3 жарым мыңнан аса діни ұйымдар жұмыс істейді. Бұл кешегі атеистік дүниетаным үстемдік еткен тарихи кезеңмен тіпті салыстыруға келмейді. Діннің ізгілікті қағидалары

жұртшылықты ортақ рухани үндестікке шақырып, тәуелсіздігіміздің мұраттарына қызмет етуде. Еліміздегі дәстүрге айналған әлемдік дін өкілдерінің съезі де осы мақсатқа бағытталғаны белгілі. Әрине, дінді барынша саясаттандыру арқылы қоғам ішіне іріткі салушылар көптеген елдерде белсенділік танытып жатқаны да баршаға белгілі. Міне, осы мәселеге ғылыми тұрғыда келудің, оларға ғылыми талдаулар жасаудың маңызы да осы жерде туындайтыны анық.

Алда бүгінгі тәуелсіз қоғамымыздың сипатына сәйкес қалыптасып келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, көзқарастар, моральдық ұстындардың жиынтығы, яғни әлеуметтік нормалар мен ережелерді жетілдіре түсу, оны жаһанданудың теріс әсерінен қорғау сияқты өзекті мәселелер күтіп тұр. Осы құндылықтық жүйенің құрамдас бөліктерін тәуелсіздіктің жоғары талаптарына, жаңғырған әлемнің қисынына сай ету, сайып келгенде, өркениеттік мәселелер төңірегінде ұжымдық, тарихи сананы қалыптастыру сияқты маңызды да парасатты міндеттер күтіп тұрғаны белгілі.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. «Ұлт жоспары – 100 қадам. Қазіргі мемлекет барлығы үшін» // Егемен Қазақстан. 2015 ж., 20 мамыр.
2. Назарбаев Н. В потоке истории. – Алматы, 1999. – 190 с.
3. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». – Алматы, 2012. – 109 с.

# Ел экономикасын реформалау: индустриаландыру және экономикалық өсім

**Дәрия МҰХАМЕДЖАНОВА,**
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері

Күн тәртібіндегі елді жаңартудың қажеттілігі ішкі және сыртқы (жаһандық) экономикалық ортаның ерекшеліктеріне байланысты туындап отыр.

Қазіргі кезеңде елдің ішкі экономикалық ортасы Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы (ҮИИДБ) мен «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру аясында қалыптасып келеді.

Бүгінде сыртқы (жаһандық) экономикалық ахуалдың айқындаушы сипаттамасы белгісіздік ұғымы болып отыр:

- біріншіден, жаһандық экономикалық өсім болашағының белгісіздігі;

- екіншіден, мұнай өнімдері нарығындағы бағаны белгілеуге және мұнай бағасының төмендеуінің базалық факторларына қатысты белгісіздік.

Еліміздің әлемдік нарыққа минералды ресурстарды экспорттауына, яғни жаһандану үдерісіне араласуына байланысты сыртқы факторлардың қысымы күшейіп келеді.

Ішкі және сыртқы факторлардың ел экономикасына ықпалы, бір жағынан, ұлттық экономика мен экспорттың құрылымын өзгертуді қажет етсе, екінші жағынан, экономикалық даму қарқынын

сақтауды талап етіп отыр. Осыған орай институционалды бес реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» жоспарының шеңберінде Мемлекет басшысы ел экономикасын реформалаудың басты бағыттарын – «индустриаландыру мен экономикалық өсімді» белгілеп берді.

Экономикалық реформа жоспарының басымды мақсаттары – жаһандық дағдарыс пен еліміздің дамыған елдер қатарына кіруі жағдайында экономиканы құрылымдық қайта өзгерту, оның даму қарқынын сақтау.

Индустриаландыру еліміздегі экономикалық құрылымдық реформалардың негізгі шартына айналып келеді (оның ішінде, экспорт саласында да). Ал экономикалық өсім болса, елдің даму қарқынын сақтаудың, ҮИИДБ-ны жүзеге асырудың, сондай-ақ Қазақ елінің жаһандық экономикаға кірігуінің негізгі факторы.

Экономика саласындағы институционалды реформаға басымды рөл беріліп отыр. Институционалды реформалаудың жүз нақты қадамының елуі экономикалық қызметке бағытталған. Бұл болса, экономикалық міндеттердің басымдылығының ғана емес, ел экономикасындағы жүйелі мәселелердің (оларды шешуде кешенді әдісті талап ететін) де көрінісі.

Біздің пікірімізше, «100 нақты қадам» жоспарына сәйкес индустриалды-инновациялық экономикалар санатына кезең-кезеңімен өту дегеніміз – ел экономикасының ашықтығына, оның одан әрі либерализациялануына және жаһандық экономикалық ортаға жүйелі кірігуіне қатысты экономикалық реформалардың жалғасуы мен тереңдеуі.

Институционалды реформалауды жүргізу жоспарында реформалауды талап ететін ел экономикасының басты салалары: ресурстық, салалық, фискальді, кадрлық, инфрақұрылымдық, инвестициялық саясат, т.б. көрсетілген.

*Ресурстық саясат* шеңберінде ауылшаруашылыққа арналған жерлер мен пайдалы кен қазбаларының қорларын тиімді пайдалану мәселесіне баса назар аударылады, оның ішінде:

- тиімді пайдалану мақсатында ауылшаруашылыққа арналған жерлерді нарықтық айналымға енгізу;
- ауылшаруашылыққа арналған жерлердің пайдаланылуына тұрақты мониторинг жасау және одан әрі жекешелендіру үшін барлық пайдаланылмайтын жерді мемлекеттік қорға беру;
- жер қойнауын пайдалану саласының ашықтығын арттыру

(CRIRSCO пайдалы қазба байлықтарының қорлары бойынша есептілік стандарттарының халықаралық жүйесін ендіру арқылы);

- әлемдік тәжірибені қолдана отырып, барлық пайдалы қазбалар үшін келісімшарт жасаудың қарапайым әдісін ендіру.

*Фискальді саясат* саласындағы реформалау салықтық және кедендік саясат пен іс-шараларды оңтайландыруға бағытталған. Оның ішінде:

- біртекті тауарлық топтар шеңберінде Бірыңғай кедендік тарифтің кедендік мөлшерін азайту;
- экспорттаушылар мен импорттаушыларды кедендік шаралардан өткізгенде, «бір терезе» принципін ендіру;
- мүлік пен қаржы құралдарын заңдастыру шараларын жеңілдету;
- кірістер мен шығыстардың жалпыға бірдей салық декларациясын енгізу;
- салық төлеушілердің электронды құжаттарының бірыңғай мұрағатына кіру арқылы салық декларацияларын қабылдау және өңдеу үшін орталық желілерін құру;
- тәуекелдерді басқару жүйесін ендіру және т.б.

Экономиканың *салалық құрылымы* бәсекеге қабілетті салалар мен өндірістер құру арқылы қалыптасады:

- ескірген құрылыс нормалары мен ережелердің орнына еурокод жүйесін ендіру;
- электр энергиясының «бірыңғай сатып алушы» үлгісін енгізу;
- аймақтық электр желілері компанияларын ірілендіру;
- экспорттық тауарларды өндіру және әлемдік нарыққа шығу үшін қайта өңдейтін секторға кемінде он ТҰК тарту;
- экономиканың басымды секторларында «жетекші инвесторлармен» – халықаралық стратегиялық әріптестермен бірлескен кәсіпорындар құру;
- нақты компанияларды – экономиканың шикізатты емес салаларындағы орта бизнес көшбасшыларын қолдауға бағытталған «ұлттық чемпиондар» бастамасын жүзеге асыру;
- монополияға қарсы қызметтің тұжырымдамаларын өзгерту және оны ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес жүргізу (еркін бәсеке болу үшін).

Жаңа *инфрақұрылымдық саясат* жүргізудің нақты қадамдары еліміздің халықаралық инфрақұрылымдық желілер мен көліктік-коммуникациялық ағындарға кірігуіне байланысты. Мәселен, 100

нақты қадам жоспарына сәйкес төмендегідей инфрақұрылымдық жобалар қарастырылған:

- Азиядан Еуропаға жүктерді кедергісіз тасымалдауға мүмкіндік беретін «Еуразиялық трансконтинентальді» мультимодальді көлік дәлізін құру;

- Алматыдағы халықаралық әуежай базасында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін халықаралық әуе хабын құру;

- «ASTANA EXPO – 2017» инфрақұрылымы базасында ТМД елдерінің, сондай-ақ Батыс және Орталық Азияның барлық аймақтары үшін халықаралық қаржы хабын құру. Оған Конституцияда белгіленген арнайы мәртебе беру. Алдағы жылдары қазақстандық қаржы хабы әлемдегі жетекші қаржы орталықтарының қатарынан орын алуы тиіс.

*Кадрлық және білім беру саясатындағы* реформалау ЕЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адами капиталдың сапасы мен бітіруші мамандардың бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ білім беру саласының экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған. Осы бағытта мынадай негізгі қадамдар қарастырылған:

- еңбек қатынастарын либерализациялау және жаңа Еңбек кодексін әзірлеу;

- 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен ендіру; білім беру стандарттарын заман талабына сай дайындау, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру;

- жетекші колледждер мен ЖОО-да жоғары білікті мамандар дайындау (экономика саласында), кейін олардың тәжірибелерін қолданып, тарату;

- Назарбаев университетінің тәжірибесін ескере отырып, ЖОО-ның академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту;

- білім беру жүйесінде (жоғарғы мектептер мен ЖОО-да) ағылшын тілінде оқытуға сатылап көшу;

- отандық және шетелдік жоғары технологиялар шығаратын компанияларды тарту арқылы ғылыми аясы тар экономиканы қалыптастыруда екі инновациялық кластерді дамыту.

Экономикалық өсім кедендік және инвестициялық саясат саласындағы реформалауды ынталандырып, қолдауға бағытталған. Оның ішінде:

- кедендік және салықтық жүйелердің тауарды Қазақстан

аумағына әкелген сәттен бастап оның жүзеге асырғанға дейін бақылау үшін кірігуі;

- сыртқы экономикалық қызметтің жекелеген санатындағы қатысушыларына тауарларды декларацияға ұсынғанға дейін тауарларды шығару мүмкіндігін ұсыну арқылы «постфактум» кедендік тазарту режимін енгізу;

- туризм саласына, жол-көлік инфрақұрылымы мен азық-түлік өндірісіне стратегиялық инвесторлар тарту;

- мойындалған халықаралық энергосервистік шарттар арқылы энергия үнемдеу саласына стратегиялық инвесторлар тарту. Олардың негізгі міндеті: жеке шығындарын өтей отырып, энергия үнемдеу саласында кешенді қызмет көрсету үшін жекеменшік энергия сервистік компанияларды дамытуды ынталандыру және іс жүзінде энергетикалық шығындарды үнемдеуден қаржылай пайда табу.

Тұтастай алғанда, «100 нақты қадам» жоспары елдің саяси және экономикалық жүйесін реформалау шараларын нақтылау қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге бұл 2050 жылға дейін ҚР-ның стратегиялық жоспарлары шеңберінде бәсекеге қабілетті экономиканы жүйелі арттыру саясатының жалғасы болып табылады.

# Қазақ қыздарының бейнесі: тарихи-мәдениеттанулық талдау

**Гүлнар АДАЕВА,**
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мен жаңғырулар қазақ қыздарының бейнесінің қалыптасуына өзіндік әсерін тигізуде. Қазақ әйелінің бейнесі өткен замандарда алуан түрлі сипаттарда болды. Әр дәуірдің тарихи және мәдени дамуына сәйкес, оның бейнелеріне мифологиялық, діни, философиялық және әдеби түсініктемелер берілді. Соның нәтижесінде, әйел бейнесі аңыз, эпос, фольклор, көркем әдебиет және өнер туындыларының кеңістіктерінде символ түрінде көрініс тапты. Қазақ мифологиясындағы әйели архетиптерді талдай келе, ежелгі түркі дүниетанымында дүниенің басты, белсенді бастамасы әйел жынысты болғандығы айқындалды. «Архетип – тұлғалықтан тыс, жалпыға ортақ маңызы бар бейсаналықтың бейнесі. Оны жеке адамның тұлғалық терең қатпарларынан, аңыз, дін, өнерден және жалпы мәдениеттен табуға болады» [1,12-б.]. Сондықтан қазақ мәдениетіндегі архетиптік әйел бейнелерін зерттеуде мифологияның маңызы зор.

Мифологияда кездесетін архетиптік әйел бейнелерінің ішіндегі ең бастысы – Тәңір-Ана бейнесі. Тәңір-Ананың негізгі функцияларын саралай келсек, оның басты атқаратын қызметі жасампаздық болғанын байқаймыз. Бұл жасампаздық функциясының бірнеше қыры бар: Жаратушы Тәңірдің жұбайы ретінде (бұл салада ол Жермен сәйкестендіріледі) ғалам жасау ісіне

қатысады; Ғаламды мекен ететін, тіршілік ететін тірі пенделерді (тәңіриелерді, адамдарды, жануарларды, құбыжықтарды) жасауға қатысады [2, 9-б.].

Қазақ ертегі, аңыздарына талдау жасай келе, жасаушы, қорушы, күзетуші, жебеуші, қамқоршы, емдеуші, білім беруші, құпия білім мен өнер иесі, қиратушы, жазалаушы, таңдаулылар қатарына алушы – Әйел тәңірие деген қорытынды жасауға болады. Қазақтың халық шежіресін айтушылары да, жинаушылары да әйел затын шежіреден, шежірелік деректерден қалдырған емес. Бүтіндей рулардың әйел атымен аталғаны туралы деректерді қазақ халқының негізін құраған барлық ру-тайпалардың шежірелерінен кездестіруге болады. «...Қазақ шежірелерінде ұрпақты өрбітуді әйел заты тегімен жалғастырмаса да, бірнеше рулардың анасы болған бір ана туралы баяндайтын талай шежірелер бар. Мысалы, М.Ж. Көпейұлы былай жазады: «Баяғы Бегендіктен Оразгелдіні, Сүйіндіктен Суғыншыны тапқан қатын Сүйіндік өлген соң, байға тиіп кетіп, Қуандықта Темеш деген елде Оразды тапқан. Бала күнімізде қариялар аңыз қылып айтып отырушы еді: «бір қатын бес елді өсірген екен» деп [Мәшһүр Жүсіп жазған «Қазақ шежіресінде»]. Кіші жүзде «Күнжан сұлу әрі ақылды әйел болған», он екі ата Байұлын құрайтын, өскен үш тайпаның анасы деседі. «Ертеден кәріқұлақтан атадан-атаға айтылып жүрген Беріш, Таз, Адай үшеуі бір ананың сүтін емген деген» сөз шежірелік деректе сақталған [ҚРБҒМӘӨИТҚБ, 680-бума. 3-4 дәптер. Қазақтың қысқаша шежіресі (қара сөзбен таратылған) / Таратушылары М. Бекмағанмбетұлы (Шеркеш); 2) Б. Тоқымұлы (төре тұқымы); 3) Ж. Жүрдібекұлы (Беріш молласы); 4) Есқазы (кәрі құлақ шежірені біледі, руы Ысық); 5) С. Ғайнитденұлы (ноғай молласы). /Жинаушысы Б. Құспан. – 1936.– 34 б.].

Қыздың ұзатылған жерінде аналық қасиеті, даналығы анықталған соң, барған жұрттағы әдептілігі, ақыл-даналық қасиеттері арқылы ұлағатты мінез қылығымен дүйім жұртқа, бүкіл ұлысқа ұйытқы болған; өрленіп өсіріп, өрісін ұлғайтқан аналар атаусыз еш шежіре тарихтан қалмаған. Дәлелдер көп. Мысалы, М.Ж. Көпейұлы: «Мейрам сопының бәйбішесі Нұрпая Кіші жүз Құддыс бидің қызы еді...», - деп бастап, Мейрам ұрпағын Нұрпая ананың даналығын және ата-жұртын іздеп келіп Сүйіндікке еншілес етіп төрт ұлы Төртуыл атанған бірлестігі құрғанын тамаша үлгі етіп айтады. «Сүйіндіктің әйелі үйсін Өгіз бидің қызы еді» деп,

Нұрпаядан басталған және оның төртуылдан тараған ұрпақтың бірлігін тамаша сақтағанын үлгі етіп әңгімелейді» [3, 21-22-бб.].

«Қарға тамырлы» қазақ ұлысының құралуында, ұлы далада тағдыр талқысынан аман қалған диалектілік айырмасыз бірегей тілі, салты, дәстүрі болуында келін болып түскен жұртында ру анасы, бәйбіше атанған қазақ қызының орны ерекше.

Батырлар жырында қазақ әйелінің батырдың адал жары, сенімді серігі, ақылшы досы, махаббаты үшін өз өмірін де, етжақын туыстарын да құрбан қыла алатын жанкешті ғашық бейнелері сомдалған. «Батырлар жырында» ел мен жер үшін болған егестің, басын оққа байлаған батырдың, тұяғы алтын тұлпардың, адал жар болған арудың суреті жатыр. Ол – сөз суреті. Мұнда қазақ әйеліне ғана тән даналық, даралық, тектілік, көрегендіктің көркем образы сомдалған» [4].

Ақын-жыраулар шығармашылығында ел анасы, ару, ерке қыз, батыр қыз, жақсы әйел-жар, жаман әйел бейнелері жасалып, жырланған. Қазақ дүниетанымында жақсының басты қасиеті сөз қадірін, ел қадірін білу болса, жақсы әйел осыған қоса, ер қадірін білуі керек, ал жаман әйелге тән белгі, керісінше ерін сыйламау, қадіріне жетпеу болып саналады. Қазақ халқы барлық өнердің алды санаған ақындық өнердің биік шоқтығы болып табылатын айтыстың қалыптасып дамуында қазақ қызының үлесі аз болмаған. Қазақтың өзі мойындағандай, қол бастаудан да, ел бастаудан да қиын, шаршы топ алдында сөз бастау жауапкершілігін қазақтың ақын қыздары ер азаматтармен бірдей мойнына ала алған. Қазақ философиясы ақын-жыраулық, шешендік сөздер түрінде көрінетін болса, осы сөз өнерінің өзі тұлғалық еркіндік пен белсенділік көрінісі болып табылады. Ақын «Мен» деп тұлғалық даралығын паш етеді. Және ер ақындар өз басының құндылығын, дербестігін топ бастаған, шаршы топ алдында сөз бастаған, ару сүйген, жау қайтарған ерлігі түрінде жырласа, қыз ақындар өзінің елінің еркесі екенін, жолының кез келген ерден үлкендігін, өзін ешкімнің мырзасынан төмен санамайтынын, білім, ақыл, өнер жағынан өзіне ешкім тең келмейтінін, қандай ердің болса да құтын қашыратындығын өлеңмен өрнектейді.

XIX ғасырда қазақ әйелінің қоғамдағы орнының төмендеуі Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты, патша үкіметінің жүргізген отарлау саясатының нәтижесінде, қазақ халқының жалпы

әлеуметтік-рухани өміріндегі қайшылықтардың шиеленісуінің, көшпелі мәдениеттің дағдарысының ықпалымен туындаған құбылыс еді. Міне, осы кезде Абай қазақтың рухани құндылықтарының бірегейі махаббатты жырлайды. Себебі, махаббат – адамдық өлшемнің белгісі. Ұлт болашағы мен дәуір бейнесі жөнінде толғанған ақын қыз тәрбиесі мен әйел-жар мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Ұлы ақын ажарына ақылы мен мінезі сай тексті әйелмен қатар жағымсыз әйел бейнесін де сомдаған. Ойшыл өз заманы, қоршаған ортасы арқылы адам болудың, адамша өмір сүрудің жолдары мен бағытын көрсетеді. Ол өз заманының келбетін, халқының мінез-құлқын, көңіл күйін, іс-әрекеттерін, күйініш-сүйінішін, талап-талғамын, салт-санасын жақсы білді. ХХ ғасырдың басында Қазақстанда мәдени-ағартушылық идеялардың өркен жайып, зиялы қауымның қалыптаса бастаған кезі болатын. Абай салған үрдісті жалғастырып, қазақ зиялылары әйел бейнесін жаңаша сомдады. Әлеуметтік-рухани өмірдегі барлық қайшылықтардың шиеленісуі жыныстық теңдіктегі қайшылықты да тереңдетіп жібереді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығында әйел теңсіздігінің өзекті мәселеге айналуы да осыдан болатын. Осы кезеңдегі қазақ ағартушылары қазақ әйелінің тағдырын дұрыс шешпей, ұлт тағдырын шеше алмайтынына көздері жетті.

Қазіргі кезге келетін болсақ, ұлттық мәдениеттердің барлығы жаһандану үдерісі мен оның «перзенті» саналатын бұқаралық мәдениеттің ықпалын толыққанды сезінуде. Қазіргі әлемде мәдениеттің жаһандануы мен ұлттық ренессанс қатар жүріп келе жатыр. ХХІ ғасырдың мәдениетінде, бір жағынан, бүкіл планетаның ортақ әлемдік мәдениеті қалыптасуда, екінші жағынан, әрбір халықтың мәдени өзгешелігіне және оның дамуына қызығушылық күшеюде. Қазіргі дүниеде жер бетіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеалдарын, барлық адамзатқа ортақ құндылықтық негіздерін іздеу қажеттігі туып отыр. Бұқаралық мәдениеттің пайда болуы және дамуы әйелдің мәдениетте алатын дәстүрлі орны мен рәміздік бейнесін түпнұсқасынан өзгертті. Бұқаралық мәдениет тұсында бүкіл индустрия әйелге бағытталған. Өндіріске ер адаммен тең қатысып жүріп, әйел ләззат өндіру индустриясынан орталық орын алып отыр. Бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларына әйелдің ықпалын күшейтуге дем береді. Сондықтан қазіргі әлем бейнесіне

әйел факторы белсенді кірісіп, өркениет негіздерін қайта қарауды талап етуде.

Бүгінгі қазақ әйелі бейнесіндегі дәстүршілдік пен модерндік арақатынасында мәдени мұра мен қазіргі мәдениеттің арақатынасы нақтылы көрініс тауып отыр. Қазақ мәдениетінің қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктерін ескере отырып, ондағы әйел бейнесінің өзгеру үдерісін философиялық тұрғыдан талдау қажеттілігі күнделікті баспа беттерінде жиі айтылып жүргенімен, бұл мәселе толыққанды зерттелмеген. Жалпы, қазақ мәдениетіндегі қазіргі заман талаптарына сай әйел болмысының өзгеру үдерістері философия тұрғысынан енді талдану үстінде.

Дәстүрлі құндылықтар мен көне дәуірлерден ұрпақтан ұрпаққа мұралық жолмен сабақтасып келе жатқан символдық бейнелер түбегейлі өзгерістерге ұшырауда, яғни соның ішінде қазіргі қазақ менталитетіндегі әйел бейнесінің өзгеруі де күмән келтірмейді. Сонымен бірге дәстүрлі санадағы ғасырлар бойы қалыптасқан бейнелердің трансформациясымен қатар, қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелінің орны мен атқарып жатқан әлеуметтік әрекеттері жаңа бейнелердің қалыптасуына әкелді. Сондықтан ұлттық мәдениеттің қайта өрлеу процесіндегі өзекті мәселелер болып отырған мәдени сабақтастықты және дәстүрлік пен жаңаның үйлесімділігін ойластыру қажет. Бұл мәселе қазіргі қазақ әйелінің бейнесін қалыптастырумен де байланысты. Біз қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелінің бейнесіндегі дәстүрлілік пен модерндік арақатынасын анықтау мақсатымен еліміздің барлық өңірлерінде әлеуметтанулық зерттеулер жүргізген болатынбыз. Бұл зерттеу «Қазақ қызы өзі жайлы» және «Қазақ әйелі замандастар көзімен» деп аталатын екі түрлі сауалнама жүргізу арқылы іске асырылды. «Қазақ қызы өзі жайлы» деп аталатын сауалнама жасы 18-29 арасындағы қазақ қыздарға жүргізілсе, «Қазақ әйелі замандастар көзімен» деп аталатын сауалнама жасы, жынысы, кәсібі әртүрлі, сондай-ақ әртүрлі ұлт өкілдеріне жүргізілді.

Жаһанданудың қазақ әйелінің бейнесінің қалыптасуына ықпалын жоққа шығаруға болмайды, сауалнамада бүгінгі қазақ әйелінің сипаты деген сұраққа «бүгінгі қазақ әйелі вестернделген» деген жауаптың біраз пайыз құрайтынын да байқадық, бірақ қазақ әйеліне анықтама берген кезде барлығы дерлік «ана» деген сөзді атаған. Сонымен қатар «Қартаюдан қорықпайсыз ба?» деген сұраққа қазақ қыздарының басым бөлігі «әр жастың өз қызығы»

бар деген жауапты белгілеген. Және қазақ қыздарының көбісі «кәрі қыз» атанудан қорқатынын байқадық. 48,5 пайызы «қатты қорқамын» деп жауап берген. Алайда «еркіндікке не жетсін» деген жауапты алғандар да біршама (33,8%). Яғни қазіргі мәдениеттегі замандастарымыз үшін, отбасын құру, өмірге бала әкелу, бала тәрбиелеу сияқты дәстүрлі құндылықтарымыздың маңызды екенін анықтадық деуге болады. Сонымен қатар респонденттердің басым бөлігі идеал отбасы ретінде ата-әже, әке-ана, балалардан тұратын, яғни кеңейтілген отбасыны атаған. Бұл да қазіргі мәдениетте келесі ұрпақтың өміріне қажетті білімді қолдаушылар ретінде қариялар институты қызмет етпейді деген тұжырымға қайшы келеді.

Кезінде адамды рухани-адамгершілік тәрбиелеуде үлкен рөлді ауыл адамдары атқарған. Қазақта «Қызға қырық үйден тыю» деген мақал бар. Оның мағынасы қызды біріге отырып рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде әрбір адам бұл жауапкершілікті жақсы сезінген. Қазіргі кезеңде осы тамаша тәжірибе ұмытыла бастады. Қызды тәрбиелеу тек бір отбасының ғана еншісіне айналуда, кейде қазіргі тым өзгергіш дүниеде ол қыздың өз ісі ғана болып отыр. Солай бола тұрса да, сауалнамадан азаматтық некеге қазақ қыздарының дені теріс көзқараста екенін, оны «қыз үшін қорлық» деп санайтынын байқадық. Бұл жастардың арасында дәстүрлі құндылықтардың маңызын жоғалтпағанын көрсетеді. Қазақ қыздарының барлығы дерлік өмірдегі басты мақсаттары ретінде отбасын құру, ана болуды көрсеткен.

Қазіргі қазақ қыздарының көпшілігінің білімі, экономикалық тәуелсіздігі, әлеуметтік-кәсіби шеберлігі бар. Сөйтіп, ол өз тағдырын өзі жоспарлы түрде ұйымдастыратын халге жетті. Бұл – мәселенің оң жағы. Қазақстанда гендер мәселелерін зерттейтін әртүрлі ғылыми орталықтар баршылық, оларда әйел құқығы мен бостандығының әрқилы қырлары қарастырылады. Бірақ бүгінгі таңда әйелдер өз бойындағы тамаша нәзіктікті жоғалтуы мүмкін-ау деген қауіп күшейе түсуде. «Қазір қазақ әйелі өзгерді ме? Өзгерсе, қай жағына қарай?» деген сұраққа «Она частично стала мужчиной» деп жауап бергендер жынысы жағынан бірдей. «Олар ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді ұмытты» деп баға бергендер көбінесе ер адамдар екен.

Сонымен қатар жоғары білім алу да қазақ қыздары үшін бірінші орында тұрғанын байқадық. «Қазақ қызына анықтама беріңіз» деген сауалға респонденттердің басым бөлігі «білімді» деп көрсеткен.

«Тұрмысқа қай жаста шыққан дұрыс?» деген сұраққа қыздардың бәрі дерлік «жоғары білім алғаннан кейін» деген жауапты алған.

Біздің сауалнамадағы «Егер жұбайыңыз материалдық тұрғыдан жеткілікті қамтамасыз ете алса, онда Сіз немен айналысар едіңіз?» деген сұраққа қазақ қыз-келіншектерінің 35,4%-ы «өмірге көп бала әкеліп, солардың тәрбиесімен айналысамын» десе, 29,3%-ы «бизнеспен» деп жауап берген. Бұдан кейінгі орында «қайырымдылық қорын ашамын», «үй шаруашылығымен», «шығармашылықпен» деген жауаптар тұр. «Өзімді күтем, фитнес, шопинг» деген жауап та соңғы орында емес. Сауалнама шартына сәйкес бұл сауалға екі жауапты белгілеуге болады. Өмірге көп бала әкеліп, солардың тәрбиесімен айналысқысы келетіндер екінші орынға «қайырымдылық қорын ашамын», «үй шаруашылығымен», «шығармашылықпен» деген нұсқаларды қойса, бизнеспен айналысқысы келетіндердің көпшілігі «өзімді күтем, фитнес, шопинг» депті. Жоғарыдағы аталған «Сіздің пікіріңізше, идеал отбасы қандай болуы керек?» деген сұрақтың *Отбасындағы биліктің түріне байланысты* деген бөлімі бойынша 62%-ы: «отбасының асыраушысы ері де, әйелі де; үй шаруашылығымен де екеуі бірдей айналысады» деген жауапты таңдаған. «Отбасының асыраушысы – ері, ал әйел үй шаруашылығымен, бала тәрбиесімен айналысады» деген жауапты 32,9%-ы алса, «Отбасының асыраушысы – әйел, ал ері үй шаруашылығымен, бала тәрбиесімен айналысады» дегенді 1,3%-ы таңдаған (бұл жауапты қала тұрғындары таңдаған екен).

«Басқа ұлт өкілімен некелесуге келісер ме едіңіз?» деген сауалға қыздарымыздың 78,8 пайызы «жоқ» деп жауап беріпті. «Ал егер ұлтты таңдау берілсе, қай ұлттың өкілі болып келер едіңіз?» деген сауалға еліміздің қыздарының 90 пайызы «қазақ» деген жауапты таңдаған. «Егер таңдау берілсе, өмірде қай жынысты болғыңыз келеді?» деген сұраққа қазақстандық қазақ қыздарының 73,5 пайызы «әйел» деген жауапты алған. Қытайдағы қазақ қыздарының ішінде өмірге ер жынысты және басқа ұлт өкілі болып келгісі келетіндер бар екен. Екі жақтағы қазақ қыздарының барлығы дерлік өмірдегі басты мақсаттары ретінде отбасын құру, ана болуды көрсеткен (дені көп балалы болғысы келеді).

Сауалнамадағы «Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда әйелдердің саяси элитасы қалыптасқан ба?» деген сұраққа «Жоқ, әзір қалыптаспаған» деген жауап басым. «Қазақстанда әйел-президент

болуы мүмкін бе?» дегенге көпшілігі «Мүмкін, бірақ жақын арада емес» деген нұсқаны таңдаған. «Әйел бастықтың қол астында жұмыс істегіңіз келе ме?» деген сұраққа «жоқ» деген жауап басымдау және бұл жауапты алғандардың арасында екі жыныстың өкілдерінің саны бірдей десе болады.

«Егер ел басына күн туса, қолыңызға қару алар ма едіңіз?» деген сұраққа қазақ қыздарының 81,7 пайызы (батыс өңірінде бұл сан 92,7 пайызды құрайды) «Иә, елді қорғау біздің де борышымыз» деген жауапты алыпты. Осы арада есіңе қазақтың «Асыл әйел – өзі әйел, өзі ер» деген нақыл сөзі келеді. Және бір айта кетеріміз, «Сіздің нағыз әйел деген түсінігіңізге лайықты деп есептейтін әйелдерді атаңыз (шынайы өмірдегі, болмаса кинофильм, көркем әдебиет кейіпкерлері)» деген сұраққа берілген нұсқалардың арасында Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова жоғары орындардың қатарында; қазақстандық қыздарымыздың жауабында ең жоғары орында Баян Есентаева болса (респонденттің өзінің анасынан кейін), ал қытайлық қазақ қыздарының жауабында – Қызай. Қызай – Найманның ішіндегі ірі рудың аты, ру анасы Қызайдың атымен аталады, бұл рудың ұраны да – Қызай. Қазақстандық қыздарымыздың нұсқаларында Б. Есентаевадан кейінгі орында – Ұлпан (16,1%), одан кейінгі орында – Зере, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова. Бұдан кейінгі орында респонденттеріміздің өзінің әжесімен қатар қазіргі әншілеріміз Роза Рымбаева, Қарақат, Тамара Асар, батыстық Анжелина Джоли, Мэрилин Монро, Моника Белуччи, Катрин Денев, Маргарет Тэтчерлер де жүр. Қытайлық қыздарымыздың нұсқаларында біздің жерлестеріміздің жауабында бірен-саран ғана кездескен Меңтай жоғары көрсеткішке ие. Екі жақтағы қыздарымыздың да басым бөлігінің нағыз әйел деп Ұлпанды мойындауы таңқалдырады.

Сонымен, бүгінгі қазақ қыздарының әйел идеалын қорытындыласақ, олардың түсінігіндегі идеал әйел, ең алдымен, ана немесе табысты бизнес-леди, не болмаса саяси лидер. Қазіргі қазақ қыздарының патриоттық сезімдері жоғары. Бірақ романтизмнің қазақстандық қыздарымызда қытайлық қазақ қыздарымен салыстырғанда төмендеу екені байқалады. Қазақстандық қазақ қыздары үшін ғашық қыз, махаббаты үшін құрбан болу (Қыз Жібек), қарапайым қыз (Меңтай) идеал емес.

«Қазақ әйелі замандастар көзімен» деген сауалнаманы моңғол

азаматтарының арасында жүргізгенімізде, барлығы дерлік қазақ әйелін мәдениетті, еңбекқор, таза, пысық деумен қатар, әдемі, ақылды, момын, ата-анасының айтқанынан шықпайтын, үлкенді сыйлайтын, ұлттық салт-дәстүрді құрметтейтін жан деп сипаттама беріпті.

Қазіргі философиялық-мәдениеттанулық әдебиетте «үйге қайта оралу» деген ұғым кең тараған. Бұл – өзінің тарихи алғашқы бастауларына, дәстүрлеріне, яғни мәдени сәйкестілікке қайта оралу деген сөз. Қазіргі қазақ әйелінің рәміздік бейнесін қалыптастыруға бұл мәселенің тікелей қатысы бар. Мәдени сәйкестілік дегеніміз – белгілі мәдениетті қолдау. Бұл туралы үш негізгі теория қалыптасқан: примордиализм, инструментализм, конструктивизм. Егер примордиализмді дәстүршілдік парадигмасына жатқызсақ, инструментализм мен конструктивизмді модернистік парадигмаға жатқызамыз. Примордиализм тұрғысынан қарасақ, әйелдің дәстүрлі мәдениетке сәйкестенген рәміздік бейнесі объективтік алғашқы негізіне – қандас туыстығына, ортақ тегіне және атамекеніне байланысты. Инструментализм және конструктивизм мәдени сәйкестілікті түсінуде субъективизм әдіснамасын қолдайды. Конструктивизмнің өкілдері мәдени сәйкестікті жеке дара адамдардың «бастарынан» іздейді. Бұл жазушылардың, ғалымдардың, саясатшылардың бастарында қалыптасқан интеллектуалдық конструкт, яғни әйелдің рәміздік бейнесіне келетін болсақ, оның мәдени сәйкестілігі жағдайға қарай қалыптасатын феномен деп түсінеміз. Бұл феномен рәміздерді ажырату тәсілдерімен жасалады. Әйел этникалық мәдени білімге негізделіп, осы білім арқылы өзінің бейнесінде белгілі этникалық топтың мүшесі ретінде рәміздік белгілерін және соған сәйкес мінез-құлықты көрсетеді.

Біздің пікірімізше, қазіргі қазақ әйелдердің рәміздік бейнесін қалыптастыруда конструктивизм бірінші орынға шығып тұр, өйткені біз ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырмыз, сондықтан әйелдің рәміздік бейнесінде қандай әлемдік және ұлттық белгілері болу керек деген білімге ие болып, өзіміз өз таңдауымызды жасап келе жатырмыз. Қазіргі қазақ әйелінің бейнесінде дәстүршілдік пен постмодерндік белгілер байқалады [5].

Әйел бейнесінің оң дәстүрлі қырларын сақтап қалу ұлт үшін маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Гендерлік саясаттың

да бетін осы бағытқа бұру қажеттілігі күннен күнге сезілуде. Бұқаралық мәдениет құндылықтарының тасымалдаушысы саналатын жарнама мен кинематографияның қазақ әйелінің бүгінгі бейнесін жасауда рөлі зор. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен, әсіресе теледидарда көрген жарнамаға, кинодағы образдарға еліктеп, әйел өз бейнесін өзі жасауға тырысады. Қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелінің болмысындағы дәстүршілдік пен модерндік арақатынасын анықтау мақсатымен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижесін, жарнама мен кинематографиядағы әйелдер бейнесін талдай отырып, мынадай қорытынды жасалды: қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелінің бейнесіне жаһанданудың ықпалын жоққа шығаруға болмайды, өйткені, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен әйел өз бейнесін өзі жасауға тырысады; десек те замандастарымыздың бейнесіндегі дәстүршілдік пен жаңашылдықтың арасалмағын зерделесек, дәстүрлі ұлттық сипаттың біршама басым екені анық көрінеді.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Юнг К.Г. Об архетипах коллективного бессознательного // Архетип и символ / пер. А.М. Руткевича – Москва: Ренессанс, 1991. – 485 с.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.
3. Алпысбес М. Шежіредегі дәстүрлі қазақ әйелі: ұлттық тарих жасаудағы ана болмысы // «Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы» дөңгелек үстелі материалдарының жинағы. – Астана, 2013. – 146 б.
4. Қуаныш Б. Қыз Құртқа. 2010 ж. 21 тамыз. // www.adyrna.kz.
5. Gabitov T., Adaeva G., Shamahay S. Woman Image in Modern Kazakh Culture// International Conference on Identity, Culture and Communication , Paris,France , 27-28 June, 2013.

# Үндістандағы индуистер мен мұсылмандар арасындағы қайшылықтардың теориялық аспектілері

**Қажымұрат ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих, археология және этнология факультетінің магистранты

Шығыс өркениеттері адамзат тарихының негізін қалыптастырған аталық өркениеттер қатарына кіреді. Оған индуистік, ислам, буддизм, қытайлық өркениеттер (конфуцийлік, жапон, корей) мен христиан өркениетін (өз шығу тегін шығыстан алады) жатқызуға болады. А.Дж.Тойнби, О.Шпенглер, Данилевскийлер өркениеттің немесе мәдениеттің шығу тегін, оның құрылымы мен мәнін қарастырып, әрқайсысы өзіндік бір заңдылықтар ашқан болатын.

Үндістанның географиялық аймағында көптеген мәдениеттер қалыптасты. Олардың саны Еуропадан бастау алған мәдениеттерден әлдеқайда көп. Қазіргі тілмен айтқанда, «шығыстағы» Үндістанның өзіндегі (Қытай, Қосөзен және т.б. қоспағанда) мәдениеттер Еуропа континентінде пайда болған мәдениеттерден әлдеқайда көп және ең ежелгі «аталық» өркениеттерге кіреді. Үндістан өркениетінің негізін буддизм мен индуизмнің байланысы құрайды. Еуропа тілдер тобының санскрит тілімен ұқсас болуы олардың неғұрлым ертеректе бір болғанын немесе белгілі бір жақындығын көрсетеді. Индуизм мен буддизм Еуропа мәдениеттерінен ерте пайда болды. Осы жерде «Еуропалық және үнділік мәдениеттердің шығу тегі бір ме және олар Үндістан аумағында пайда болды ма?» деген сауалдар туындайды. Кез

келген мәдениеттің діні, жазуы өзгеріске ұшырағанымен, тілі сақталып қалады. Осы тұрғыдан алғанда, Үндістанның Еуропаға тілдік туыстығы бар екенін байқаймыз.

Б.з.д. 400 мың жыл немесе 200 мың жыл бұрын Үндістанда алғашқы адам пайда болып, кейін ол Санан және Мадрас мәдениетіне жатқызылды. Тек б.з.д. XI–XV ғғ. бұрынғы Азиядан негроидтік және протоавсталоидтік тайпалардың келіп араласуынан қалыптасқан «оңтүстік үнділік дравидтер нәсілі» Инд өзені бойында (харпат немесе индтік деп аталған) отырықшы өзенаралық өркениетін құрды. Егін шаруашылығына байланысты дравидтер жануарларды (бұқа, барыс, піл және т.б.) немесе жартылай жануар тәріздестерді (бұқа – жартылай қой, жылан – жартылай барыс және т.б.) қасиетті санады, кейін олар Құдай ретінде көрініс тапты. Б.з.д. XIX–XVII ғғ. харпат мәдениетінің құлдырауы кезінде үнділік арийлер келеді. Қазіргі индуизм құндылықтарының жетілуі арийлермен тікелей байланысты [1, 16-17]. Индуизмде мифтер мәдениеттің бөлшегі ретінде сақталғанын аңғарамыз.

Белгілі неміс философы Г.В. Лейбниц әлемдік тілдерді екі топқа (арамейлік (семиттік) және яфеттік) бөліп қарастырды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында ағылшын шығыстанушысы, заңгер Уильям Джоунз санскрит тілін зерттеп, оның грек, латын, кельт, тот және ежелгі парсы тілдерімен байланысы бар екенін айтты. Кейін зерттеуді тереңдете түскен Г.Т. Колбрук еуропалық тілдер мен үнділік тілдің үлкен ұқсастығы бар екенін дәлелдеді (мысалы, санскрит – bhrater; грек – phrater; латын – frater; неміс – bruder; ағылшын – brother ) [2, 351]. Кез келген өркениетте тіл алғашқы орында тұрады. Тілдің құрдымға кетуі сол халықтың, ұлттың, нәсілдің тарих бетінен мүлдем жоғалуына немесе басқа тілдермен араласып, жұтылып кетуіне әкеп соқтырады.

Ежелгі Үндістанда көптеген мемлекеттер өмір сүрді. Олардың ірілерінің қатарына Магадха патшалығы, Моурлар династиясы, Гупталар билігі мен Кушан патшалығын, кейін Дели сұлтандығы, Моғол империясы мен ағылшын билігін де жатқызуға болады. Сонымен қоса, осылардың негізінде үлкен жорықтар – гректердің (Македонскийдің), парсылардың (Дарийдің), Омаядтар халифатының (арабтардың), Бабырдың (моғолдардың), еуропалықтардың (голландтар, француздар, ағылшындар) жорықтары орын алды. Бұлардың әрқайсысы үлкен өркениеттерге кіреді. Осыншалықты көп өркениеттер қыспағына түсіп, отарында

болғанымен де, Үнді өркениетінің өміршеңдігі (ұлылығы) сол, әлі күнге дейін өзіне тән өркениеттік өзегін жоғалтқан емес. Дегенмен жоғарыда аталған жаулап алушы өркениеттердің әрқайсысының Үнді мәдениетін асқақтатуда өз орны болды. Алайда басқа мәдениеттердің ықпалынан «үнділік тұтастыққа» кері әсерін де байқауға болады. Әсіресе VIII–X ғғ., XX ғасырдан қазірге дейінгі оқиғалар Үнді мәдениетіне бұрын-соңды болмаған өзгерістер алып келді. Ол территорияның өзгеруі, діндік және өз ішінен аймақтық бөліністер, этникалық қайшылықтар мен саяси жанжалдар арқылы мемлекеттік бөлінуді қалыптастырды. Исламның келуі жаңа діни бөліністі алып келсе, ағылшындардың отарлық билігі оларды көптеген аймақтарға бөліп, территориялық, діни, этникалық қайшылықтар туындатты. Үндістан бұрынғы территориясынан айрылып, өркениеттер синтезі нәтижесінде, екі өркениеттің негізі бар, будандасқан мемлекеттердің құрылуына негіз болды. Исламның келуі үнділерге ғылымның, мемлекетті басқарудың, философияның дамуының жаңалықтарын алып келді. Осы жерде «Неге қазіргі Пәкістан, Бангладеш сияқты жаңа мұсылман мемлекеттері пайда болмады?» деген заңды сауал туындайды. Моғолстан кезінде үнділердің аз бөлігі мұсылман болғанымен, мықты реформа нәтижесінде территориялық, діни, этникалық бөліністердің көрінісі өте аз болды. Мұсылман-үнділер мен үнділер бір жерден тамақтанып, аралас өмір сүрді. Ортағасырлық Шығыс мемлекетіне ортақ бейне – ұжымдық бірігу, ортақтық, жеке адамның құқығының ескерілмеуі орын алды. Сонымен қоса, халықтың басым бөлігі белгілі деңгейде ғана сауатты немесе сауатсыз болды. Саяси көзқарасы таяз, күнделікті күнкөріспен ғана шектелді. Ортағасырлық феодалдық санадан құтылмаған-ды. Ал ағылшындардың келуі арқылы олар гуманизм, еркін ойлау, адам теңдігімен сусындады. Нәтижесінде, жаңа діни-этникалық территориялық бөлініске әкелді. Дегенмен ағылшындардың келуінен бұрын шешілмес үлкен жанжалдар орын алды. Кінәсіз халықтың қаны көп төгілді. Бір халық өзара бітіспес жауға айналды. Мұсылмандардың келуі арқылы біршама шынайы халықтың сенімін, тұтастығын ойлайтын реформа жүргізілсе, ағылшындар тарапынан өзіндік есеп болғанын байқаймыз. Отарлық биліктің шарықтауы кезінде мұсылмандар мен үндістер арасында бітпес жанжал туындады. Ағылшындардың еркіндік, сана бостандығы, қазіргі ғылыми-техника жетістіктерін әкелгені рас, бірақ олар отарлау барысында Шығыс елдері арасындағы шекаралық дау-

жанжал туындатуының себебі өз мүддесін ойлаудан шыққан еді. Бұл мәселе жалпы отарлық Еуропа елдері мен Ресейдің Шығыс елдеріне (оның ішінде, мұсылмандар саны басым елдерге) деген көзқарасының ортақтығынан туындады деуге толық негіз бар.

Өркениеттің болғанына заттай деректер айғақ бола алады. Ежелгі үнді эпиграфикалары, яғни ригвидтер, аргхашастралар, индиктер, рудрадамана және археологиялық Хаппа мәдениеті, Хастинапурде табылған «Махабхарата», Б.Б.Лалдың экспедициясы барысында табылған «Рамаяна» және т.б. ерекше бай мұра қалдырғанына көз жеткізуге болады [3, 495]. Ахимаса ұстанымы Үнді мәдениетінің басты қағидасы болып табылады. Ол Ашок патшаның тұсында ерекше мемлекеттік саяси құрылымның ұйтқысы болды. Санскрит тіліндегі «анагха» сөзінің этимологиясы «кінәсіз», «бейкүнә», «қарсылықсыз» мағынасына келеді. Сондықтан анагха «ешкімді өлтірмейтін» деген мағынаға тура келеді. Кім жоғарыға жетсе, сол барлық заңдардан жоғары (Каушитаки упанишад, II.9). Ұры ұры емес, өтірікші өтірікші емес. Ол жақсылыққа да, жамандыққа да ермейді. Жүрегінің айтқанымен жүреді (Брихадараньяка упанишад, IV) [4]. Адам – еркіндік иесі. Не қаласа, соны істейді. Оның еркіндігі – Құдайдың еркіндігі. Осы мазмұндағы мәтіндер көбінесе будда (қарапайым өмір жолы – «марганы» ұстанатын) монахтарында көп кездеседі. Индуизмде мистикалық өмір аспектісі ретінде қарастырылады [5, 100]. Оны исламдағы суфизмнің негізгі өмір сүру қағидаларымен бір мәндес деп айтуға болады. Шыдамдылық пен сабырлылық, төзім арқылы жоғары дәрежеге жетуде суфизмге ұқсас тұстары байқалады.

Индуизмді «Есімдері көп болса да, бір ақиқат өмір сүреді» деген қарапайым әрі күрделі нақыл сөзбен түсіндіруге болады. Бұл сөз индуизмдегі Құдайлардың ортақ белгісін білдіреді [5, 99]. Индуизм тарихқа дейін-ақ, өз философиясында үлкен жетістіктерге жеткен дін болды. Көптеген әрекеттегі рухтардың ортақ қосылатын жері – ол Брахман. Ал Құдаймен бірге болу «мошка» деп аталады, *барлық дүниеліктен бас тарту* дегенді білдіреді [5, 100]. Карма заңы бойынша бір рух екіншісіне ауысып, өмірлік тәжірибесіне байланысты жақсы не жаман болады. Йога сөзінің негізгі мағынасы – «Құдаймен бірігу», ол карма йога (қызмет жолы), раджа йога (әрекет ету жолы) және т.б. тұрады. Бұлардың әрқайсысы «мошкаға» жеткісі келеді. Ал оның қайсысы дұрыс екенін әр адам өзі таңдайды. Индуизмде Құдай жан-жақта. Брахманды тану мүмкін емес. Танудың шегі жоқ [5, 103-104].

VIII–IX ғғ. Үндістанда мұсылман ренессансы пайда болып, математика, философия ғылымдарының жетілдірілген нұсқалары үйретіле бастады. Бұл туралы белгілі ғалым Ә. Бируни өзінің Үндістанға жасаған сапарында толық баяндайды [6, 68]. Дінаралық қақтығыстар жиі орын алып тұрды. Батыс отарлауы үнділер мен мұсылмандарға қатты соққы беріп, көп құндылықтарынан айырды. Мұсылмандар билігі кезінде Үндістанда сақталып келген будда храмдары мен ғибадатханаларға, құнды тарихи жәдігерлерге еуропалықтар тарапынан қауіп төнді. Кейбіреуі шайқастар кезінде қиратылды, құнды заттар мен алтын бұйымдарды өздерімен ала кетті. Батыс отарлауында мәдениеттер мен өркениеттер араласып, өзіне тән біршама ерекшеліктерінен айырылса, шығыстық жаулап алуда өркениеттер өздерінің өзегін жоғалтпады. Оларға өз өркениеттерін жаңартуға таңдау еркіндігі берілді. Мысалы, ислам діні енгенде, үнділерге мұсылмандықты қабылдаумен қатар өз дінінде де қалу еркі болды. Христиандар келгенде, шоқындыру барынша отарлау негізінде зорлықпен жүргізілді. Яғни саяси ойынның бір бөлшегі ретінде көрініс тапты.

Философиялық қарама-қайшылықтар Құдай болмысынан туындайды. Осы екі дінде де Құдайды біліп-тануда ұқсастық бар. Ислам дінінде бір құдайшылдықтың негізіндегі сенім қалыптасса, индуизмде көп құдайшылдықтың негізінде сенімнің әртүрлі өзгерістерге түсуі бар. Исламда діни идеология неғұрлым тұрақты. Оның жанама негіздері христианда, индуизмде көрініс табады. Мұндағы діндердің ұқсастығы ретіндегі дін құдайдың идеологиясы ретінде қарастырылады. Мистикада индуизм мен суфизм арасындағы ұқсастықты «транс жағдайына» түсуден байқауға болады. Ол суфизмде де, индуизмде де өмір сүру заңдылығына айналған. Ал буддизмнің барлық әрекеттері адам санасы шеңберінде жүзеге асырылады. Индуизм – көп құдайлар жиынтығы, барлығы бір құдай Брахманға немесе соған балама есімдері бар Атман, Тот, Пурушқа бағынышты. Үндістандағы құдайлардың нақты санының қанша екенін ешкім білмейді. Басты Құдайлары – Вишну және Шива. Кейбір нақты емес деректерге сүйенсек, «аборигендік тайпаларда» Құдай саны 3 млн-ға дейін жетеді. Сонымен қоса, индуизм туралы зерттеулер өте көп томдарды қамтиды. Оның ішіндегі ірілері – «Рамаяна» мен «Махабхарата» эпикалық поэмасы [1, 8].

Кез келген діннің басталуы мен өркендеуіндегі идеологиялық құрылым мен сенім – өз тұрғысынан әділетті. Діннің құлдырауын-

да көп құдайшылдық немесе оның элементтері көбейген жағдайда жанжалдар мен жеке адамдардың өзін құдай санауы, өздері қалыптастырған сенім құрылымы әрекет етеді. Бұл әрекеттер индуизмде толық байқалады. Исламда көп құдайшылдық болмағанымен де, саяси қатынастарда өз ішінде қарама-қайшылық тудырып отыр. Белгілі ғалым Л. Васильев: «Индуизмдегі шыдамдылық, еркін таңдау, құрылымдық атмосфера – үнділік діни жүйенің негізі. Буддизм мен брахманизмнің қарсыласуы негізінде индуизм жетекші орынға шығады (кейін джайнизм, сикхизмге бөлінді). Санқырлылығымен және жүйелілігімен индуизм барлығын ассимиляцияға түсірді. Сол арқылы «үнділік өмір сүру үлгісін» қалыптастырды, тіпті буддизмнің өзі индуизмдік вишнуда көрініс тапты. Мұсылмандықтың кейбір тұстары индуизммен байланысты (Ұлы Моғол патшасы Акбар тұсындағы реформа)», - деп атап өтеді [7, 237].

Үндістанда исламдану процесі ұзақ жүрді. Дели сұлтандығы, Моғол мемлекеті кезінде ислам мен индуизм бетпе-бет ұшырасты. Үндістандағы кастаға бөліну адам еркіндігіне шек қойды. Ал бір Аллаға сыйынған мұсылмандарда адамның барлығы бірдей болды. Нәтижесінде, көптеген төмен кастадағы үндістер ислам дінін қабылдады. Әсіресе исламдану үрдісі солтүстік-батыс аймақтарда (Синд, Белужстан, Пенжаб, Бенгалияда) орын алды. Үндістандағы саяси-экономикалық жүйеге байланысты касталық әулеттер, шенеуніктер, ірі жер иелері де исламды қабылдады. Бұл жерде, бір жағынан, Үндістандағы индуизмнің құрылымы исламнан гөрі әлсіз екенін байқаймыз. Индуизм мен ислам синтезіндегі саяси-діни жүйе қалыптасып, отарлауға дейін біршама тұрақтылық орнады. Осы кезге тән Моғол патшасы Жаһан шахтың әйелі, Арунгзебенің анасына салдырған Тәж Махал кесенесі – орта ғасырда қалыптасқан үнді-мұсылман сәулет өнерінің ғажап үлгісі ретінде көрініс тапты [1, 260].

XIX ғ. үнді мұсылмандары екі жақтан қыспаққа ұшырады. Бір жағынан, жергілікті индуизм мен буддизм өкілдері, екінші жағынан, христиан миссионерлері тарапынан саяси және рухани қарсылыққа ұшырады. Осыған орай мұсылмандар еуропалық негіздегі жаңа реформаларға көше бастады. Ол араб елдерінде түбі бір араб-ислам баламасынан алатын мұсылмандық фундаментализм (усулийя – арғы түпке немесе тамырға қайта оралу) ретінде көрініс тапты [8, 55]. Осман империясы құлағаннан кейін Түркияда М.К. Ататүрктің бастамасымен жаңғырту мен батыстандыруды қатар алып жүрген

– кемальшілдік, ал Орталық Азиядағы мұсылман елдерінде жадидшілдік ретінде көрінді. Үндістандағы мұсылмандардың ерекшелігі өзіндік партия құрып (Үнді мұсылмандар лигасы), мүдделестерін айналасына шоғырландыра білді. Кейін Пәкістан дербес мұсылман мемлекетінің негізін салды. Үндістан мұсылмандары басқалардан гөрі (араб, түрк және т.б) діни сенімін жоғалтпаған, ағылшындық консерватизммен және либерализммен барынша сусындаған өте сауатты жүйе қалыптастырды. Оны біз үнді халқының сенімді өте қастерлеуінен, білім мен ғылымды игеруде өз өркениетін сақтауға барынша тырысуынын байқаймыз.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Ульциферов О.Г. Культурное наследие Индии / О.Г Ульциферов. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2005. – С. 16-17.
2. Жоль К.К. Индуизм в истории Индии: Учеб. пособ. для вузов / К.К Жоль – М.: АСТ: Восток-Запад, 2006. – 351с.
3. Бонград-Левин Г.М. Древняя индейская цивилизация: История, религия, философия, эпос, литература, наука. Встреча культур. 3-е изд. перераб. и доп. – М.: Изд. «Восточная литература» РАН, 2000. – 495 с.
4. Воронина В.А. Природа принципа ахимсы и межкультурный диалог// Дисс. канд. филос. наук. 09.00.2013. – 15 с.
5. Понд Д. Запад в поисках Востока / Дэвид Понд. – Пер. с англ. А. Месникова. – М.: ФАИР– ПРЕСС, 2004. – 100 с.
6. Абу Рейхан Бируни. Индия: Изд. под. ред. Халидов А.Б., Заводовский Ю.Н., Эрман В.Г. – Москва: Научно-издательский центр «Альдомир», 1995. – 68с.
7. Васильев Л.С. История религий Востока: Учеб. пособ. для студ. вузов. -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высш.шк., 1988. – 237 с.
8. Малашенко В. В поисках альтернативы (Арабские концепции путей развития). – М.: Наука: ред.вост.лит.,1991. – 55 с.

# Путиннің Үлкен стратегиясы және оның сыншылары*

(Басы журналдың 2015 жылғы № 1 нөмірінде)

**Мұрат ЛАУМУЛИН,**
саяси ғылымдарының докторы

Старр мен Корнелл әдіс-құралдардың бірінші тобына дипломатия мен бизнесті жатқызады. Авторлардың Ресей дипломатиясының өзіндік ерекшелігі ретінде жеке деңгейде посткеңестік мемлекеттер басшыларымен өзара қарым-қатынасты мұқият дамыту мәселесін қарастыруы барынша әділ баға. Бұл ұстаным батыс саясаткерлерінің тоғышар ұстанымдары мен Орталық Азияны көзге ілмейтін жоғары санатты шенеуніктерінің көзқарасына мүлдем керісінше бағытқа ие. Әдістер мен құралдардың екінші тобына авторлар ақпараттық бақылау мен айла-тәсілдерді жатқызады, ал бұл В. Путиннің ішкі және сыртқы саясатының негізгі іргетасы болып саналады.

Әдістердің үшінші тобы бөтен мемлекетті әлсірету, Ресейді қолдаушы күштерді нығайтудың маңызды құралдары ретінде кадрлық ену мен толықтыруды қарастырады, яғни Мәскеу бұрынғы кеңестік көне кадларды (арнайы қызметпен байланысты) қолдану, жоғарылату және толықтыруды көздеумен қатар, жас ұрпақ арасынан да ықпал ету агенттерін дайындауға назар аударып отыр. Авторлардың пікірінше, қорғаныстың бірден-бір жолы – Эстония мен Грузияның тәжірибесіне сәйкес, Кеңес дәуірінен қалған әкімшілік және күштік құрылымдарды толығымен жою және оларды жаңадан қайта құру. Батыс жаңа мемлекеттілікті құру үрдісін барынша қиындатып отырған бұл фактордың маңызын бағаламай отыр. Ресей өзінің ықпалын сақтап қалу мақсатында тек ҰҚК-і дәстүрлерін қолданып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар республикалардағы өз «отарымен» тығыз байланысты сақтап отырған Орыс православие шіркеуін де пайдаланады. Қажетті кадрлармен толықтыруға қатысты Путин стратегиясының тиімділігінің мысалы ретінде ГФР-дің бұрынғы канцлері Г. Шредер тұлғасын алуға болады.

Әдіс-тәсілдердің келесі бір тобы – оппозициялық күштер, үкіметтік емес ұйымдар мен экстремистерді қолдау секілді шаралар. Кремль Әзірбайжан, Грузия, Қырғызстан мен Түркменстанның эмиграцияда жүрген кейбір оппозициялық көзқарастағы белсенділерін ұстап отыр. Ал Еуропада Путин бірқатар елдердің саяси партияларына қолдау көрсетеді, мысалы, Венгрияда, тіпті Францияда да, мұнда М.Ле Пен бастаған Ұлттық май-

*Starr S. F., Cornell S.E. (eds.) Putin’s Grand Strategy: The Eurasian Union and Its Discontents. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program – A Joint Transatlantic Research and Policy Center, 2014. – 203 p.

дан 2014 жылғы мамырдағы сайлауда айтарлықтай жеңіске жетті.

Авторлардың пікірінше, Путин арсеналының бесінші тобындағы «қара» әдіс-құралдар ретінде іріткі салу мен терроризм тұр. Бұл қатардағы шараларға 1999 жылғы РФ-дағы террористік актілерді, 2006 жылғы Грузиядағы жарылыстарды, 2009 және 2011 жылғы Грузия территориясын ракеталық атқылауды, 2009 жылғы Түркменстандағы газ құбыры мен 2008 жылғы Түркияның шығысындағы БТД мұнай құбырының жарылыстарын (курд ұлтшылдарының көмегімен) жатқызуға болады. Авторлар 2011 жылғы (авторлар қателесіп 2010 деп көрсеткен) Батыс Қазақстанның Жаңаөзен қаласындағы оқиғаға ресейлік арнайы қызметтің қатысы бар деп санайды. Сонымен бірге 2004 жылы В. Ющенкоға жасалған қастандық, Лондонға қашқан А. Литвиненконың өлімі (2006 жылы), 2004 жылы Катарда шешен экстремисі З. Яндарбиевтің көзін жою және танымал құқық қорғаушы А. Политковскаяның қазасы Ресей басшылығының мойнында деп отыр.

Кремльдің алтыншы тобындағы әдістері қатарына экономикалық қысым мен энергоресурстар бағамына айла-шаралар жүргізу жатқызылған. Осы шараларға РФ мен Украина арасындағы газ соғысын (тіпті Беларусь те бар), бұл іске Еуроодақтың да араласуын жатқызуға болады. Сонымен бірге оған Ресей тұтынуды қадағалау органының Грузия мен Молдова елінен келетін азық-түлік тауарларына түрлі тосқауылдар қоюы да кіреді. «Газпром» мен басқа да ресейлік компаниялардың кейбір республикалардың энергетикалық инфрақұрылымына бақылау орнатуға қатысты шаралары да осы әдістерге жатады, оның ішінде атом энергетикасы да бар.

Әдістер мен құралдардың жетінші тобына ұлтаралық қақтығыстар мен мәселелер туындатып, оны түрлі айла-шараларда қолдану жатады. Әрине, авторлар Путин саясатын «қаралау» әдістемесін негізге ала отырып, олар өз тізімін оның саяси сахнаға шығуына дейінгі кезеңдегі оқиғалардан бастайды, олардың кейбірі интеграцияға емес, керісінше Кеңес Одағының таралуына қатысты орын алған. Бұл жерде посткеңестік тарихтың алғашқы кезеңінің (Кавказ, Приднестровье) оқиғалары туралы сөз қозғалып отыр, олардың пайда болуына Ельцин тұсындағы Ресейдің тікелей қатысы жоқ болатын. Бірақ, авторлардың пікірінше, Путин өзіне мұрагерлікке қалған қақтығыстарды өз мақсатына қолданып отыр. Оның жарқын мысалы ретінде Абхазия мен Оңтүстік Осетия қарастырылады.

Бұл қатардағы ең тиімді мысал (авторлар үшін), әрине, Украина болмақ, бұл суретті толықтырып, қорытынды жасауға ешбір күмән қалдырмайды, яғни егер де Ресей белгілі бір республиканың геосаяси таңдау жасауына (еуропалықтан еуразиялыққа) ықпал ете алмайтын болса, онда бұл аймақтың бейбіт өмір сүруіне қатысты қиындықтар туындайды. Авторлардың пікірінше, Ресейдің неоимпериялық үлгідегі саясатты жүргізуге Балтық теңізі аймағы республикалардағы орыс тілді тұрғындарды, Оңтүстік Грузиядағы армян қауымын, Әзірбайжандағы талыш пен лезгин тобын, Өзбекстанға қарсы Қарақалпақстанның бөліну қатерін (Ташкенттің ҰҚКҰ-дан шығуынан кейін) пайдалануы мүмкін.

Владимир Путиннің ultima ratio түріндегі құралдарының соңғы тобын түрлі үлгідегі тікелей күш қолдану әрекеттері құрайды: тұрақты және жасақшылар әскерін қолдану (Осетия үшін күрес), кибер-шабуылдар (Эстонияға қарсы), Қырымдағыдай десанттық-диверсиялық операциялар («сыпайы жасыл адамдар»). Барлық әдістерді қолданудың шарықтау шегі

2014 жылғы Шығыс Украинадағы жағдай болды. Пікір білдіріп отырған кітап қыркүйек айында жарыққа шыққан, ол кезде ресейлік тарап бұрын қолданып келген тұрақты емес қосындарға («демалыстағылар») қоса, тамыз айынан бастап арнайы құрылымдарды тұрақты әскер қатарынан шығаруды қолға ала бастағандығы белгілі болды (ол Киевті әскери апат қатері жағдайына алып келді).

Ресейдің «әскери авантюрасы» салдарларын зерттей келе, авторлар Мәскеудің Грузия, кейін Украинаның «кетуіне» жауап түріндегі аннекциялау әрекеттері көп жағдайда «өштесіп зиян келтіру» («навредить в отместку» (to complicate as spoils) принципі негізінде жасалынды деген қорытындыға келуі, біздің ойымызша, мүлдем қате пікір. Яғни жалған қорытындының шығуына жалған алғышарттар, яғни Кремльдің нақты мотивациясын бағаламау негіз болған.

Кітаптың екінші бөлімі Үлкен Еуразия жобасындағы жекелеген посткеңестік мемлекеттердің орны мен ұстанымына арналған. Мақала еуразиялық интеграцияның тікелей қатысушылары – Қазақстан мен Беларусь (кітапта олар «өкінгендер» деп аталады) елдерінен басталған. Мақала авторы (Дж. Дэли) қолда бар сандық көрсеткіштерді қолдана отырып, аталған республикалардың Кедендік одаққа кіруден ұтылып жатқанын дәлелдеуге тырысқан. Автор құрылып отырған интеграциялық құрылымның экономикалық сипаты басым екендігі туралы Н. Назарбаевтың соңғы жылдардағы қатаң ұстанымын атап өткен. Сонымен бірге Дэли Қазақстанда орын алған барлық антиеуразиялық сипаттағы пікірлерді тиянақты түрде жинақтап, наразылықтың қоғамдық пікір деңгейінде болғандығын байқатуға тырысқан. Соңғы кезеңдерде өз егемендігіне төнген қауіпке қатысты қазақстандық басшылықтың мәлімдемелеріне де сілтеме жасалған.

Қазақстаннан гөрі Ресейге көп жағынан тәуелді Беларусь елінде де өзінің шығыс көршісімен саяси интеграциялануға қатысты тысқары пікірлер бар (бірақ РФ-БР арасындағы одақтастық көп жағдайды танытады). Жалпы алғанда, автор оқырмандарды КО мен ЕАЭО-ның келешегі бұлыңғыр екендігіне сендіруге тырысады, бұл әсіресе украин дағдарысынан кейін, яғни Астана мен Минск тарапынан Мәскеу жүргізіп отырған саясатқа сенімсіздіктің пайда болуынан кейін айқындала түскен.

Арменияның интеграциясына арналған бөлім (А. Григорян) өз мәнін білдіретін атауға ие: «Тапанша оқпаны алдындағы қосылу». Ресейдің Ереванға қарсы қолданылуы мүмкін немесе қолданып үлгерген қысым көрсету құралдарының қатарына автор келесілерді жатқызады: Арменияның экспортына тыйым салу, ресейлік банктер арқылы аударымдарды тоқтату, армян гастарбайтерлерін депортациялау, Әзірбайжанға шабуыл қаруларын беру, ТҚАА-ға қатысты Мәскеудің ресми ұстанымын өзгерту, Ереван ЕО-мен ассоциация туралы келісім жасаған жағдайда Арменияның қауіпсіздігі кепілінен бас тарту, Армениядағы ішкі саяси жағдайды шиеленістіру және саяси режимді ауыстыруға ықпал ету. Демек, Ереванның КО, сосын ЕАЭО-ға кіру туралы шешім қабылдап қойғандығына қатысты мәселенің өзектілігі жоқ, яғни автор 2013 жылдың қыркүйегінде С. Саркосянмен кездесу барысында В. Путин тарапынан осы қатерлер айтылды деген пікір білдіреді. А. Григорянмен бірге танымал ресейлік ғалым, геосаясаткер А. Дугин «Армения КО-ға кіреді немесе картадан жойылады» деген сыңайдағы ашық қорқытулар болғанын мәлімдеді дегенді айтады.

